

Г. А. Мейрманова
А. И. Исаева

ЭТНОЛОГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Оқу құралы

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

ӘОЖ 39
КБЖ 63.5
М 38

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті халықаралық қатынастар факультетінің Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі (№4 хаттама 13 шілде 2016 жыл); әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жанындағы ҚР БжҒМ-нің жоғары және жоғары білім беруден кейінгі Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің «Жаратылыстану ғылымдары», «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес», «Техникалық ғылымдар және технология», «Өнер» мамандықтары тобы бойынша оқу-әдістемелік бірлестігі мәжілісінің шешімімен (№3 хаттама 2 маусым 2016 жыл) ұсынылған

Пікір жазғандар:

тарих ғылымдарының докторы, профессор **Р. Бекназаров**
тарих ғылымдарының докторы, профессор **Г. Төлеубаева**

Жауапты редактор

тарих ғылымдарының докторы, профессор **А.Б. Қалыш**

Мейрманова Г.А.

М 38 Этнологиялық зерттеу әдістері: оқу құралы / Г.А. Мейрманова, А.И. Исаева; жауапты ред. А.Б. Қалыш. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 180 б.

ISBN 978-601-04-2421-0

Пәннің оқу-әдістемелік кешені «Археология және этнология» мамандығының эксперименттік білім беру бағдарламасы және элективті пәндер каталогы негізінде әзірленді.

Оқу құралда этнологияның зерттеу әдістеріне байланысты негізгі тұжырымдар қарастырылады. Осы пән бойынша дәрістер, этнографиялық экспедиция жұмыстарының бағдарламалық нұсқауы, бақылау сұрақтарының тізімі берілген. Этнографияның зерттеу әдістерін сипаттай келе: сауалнама, сырттай бақылау әдісі, анкета алу, көненің көзін зерттеу әдістері, құрылымдық-функционалдық, салыстырмалы-тарихи, типологиялық және компонентті тәсілдері зерделеніп көрсетілген. Бақылау әдісін белгілі бір этностың ортасында өмір сүру және сырттай бақылау, сауалнама – алғашқы ақпарат жинау әдісі ретінде қарастырылды. Классикалық тұрақты және экспедиция әдістерімен қатар заманауи әдістер де қамтылды. Оқу құралы 5В020800 – «Археология және этнология» мамандығы бойынша білім алатын студенттерге, этнология саласында этнографиялық мәлімет жинақтайтын ғылыми қызметкерлерге арналған.

ӘОЖ 39
КБЖ 63.5

ISBN 978-601-04-2421-0

© Мейрманова Г.А., Исаева А.И., 2016
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

АЛҒЫ СӨЗ

Этнологиялық зерттеу әдістері пәні «Археология және этнология» мамандығы бойынша білім алушылардың өз мамандықтарына сәйкес теориялық және практикалық ой-өрістерін кеңейтуге мүмкіндік береді. Оқу үдерісіне меңгерудегі жаңа талаптар мен көзқарастар студенттердің, магистранттардың оқытылатын курстарына сай негізгі әдістердің қолданылуын игеруді талап етеді. Бұл пән білім алушыларды этностардың қалыптасуы, даму заңдылықтарының теориясын талдап, ғылыми түрде өз білімін зерделеуге үйретеді. Жалпы халықтардың шығу тегі, шаруашылық-мәдени типі, діні, ділі, тілі, материалдық және материалдық емес мәдени құндылықтарын тереңірек игеріп, соған қатысты ғылыми еңбектерді талдап тың мәліметтерді халық арасынан жинауды үйренеді. Бұл пән бірінші курс археология және этнология мамандығының білім алушыларына өз кәсібін меңгеруге көмек оқу құралы ретінде жазылған. Ескере кететін жайт: бұл оқу құралының алты баспа табағы аға оқытушы, т.ғ.к. Г.А. Мейрмановаға, ал қалғандары қауымдастырылған профессор м.а., т.ғ.к. А.И. Исаеваға тиесілі.

Маман ретінде халық арасында жүріп мәлімет жинау мақсатында арнайы экспедицияны жоспарлау, ұйымдастыру, сауалнама құрастыру әдістері бойынша студенттерге этнологияның зерттеу әдістерін талдап, саралауға байланысты толық көлемді білім беру – негізгі мақсатымыз. Сонымен қатар оқу құралын жасаудағы негізгі мақсатымыз – қазіргі ғылыми мәселелерді талдауға қабілетті және оны шеше алатын жоғары кәсіби деңгейлі этнограф-мамандарды даярлауға үлес қосу. Археология және этнология мамандығындығы білім алушылардың ғылыми танымын қалыптастыруда этнографиялық түсініктерді оқытудың маңызы зор.

Экспедиция барысын ұйымдастыру, жинақтаған мәліметтерді талдау, мұраларды жинау, есепке алу, сақтау, табылған заттарды қайта қалпына келтіру (реставрация), консервациялау, зерттеу нәтижелерін ақпарат жүйелерінде тарату, топтастыру – нағыз этнографтың маңызды міндеттерінің бірі. Оқу үдерісінде

студенттерге университетте, кафедрада алған білімдері мен дағдыларын қызмет атқару барысында пайдалана білуі керек. Сондай-ақ барлық гуманитарлық салада осы білімдері мен дағдыларын тәжірибеде қолдана алады. Біріншіден, далалық этнографиялық зерттеулер жүргізудің теориялық және практикалық негіздерін оқып білу; студенттердің дәріс және семинар сабақтарында алған білімін бекіту. Екіншіден, тәжірибеші-студент экспедиция жұмыстарына қатыса отырып, далалық жағдайдағы еңбекті ұйымдастыру мен кәсіби-этнографтың дағдыларын қалыптастыру. Үшіншіден, этнографияны игеруге көңіл аударған студент-тәжірибешілердің алдына ғылыми тапсырмалар қойып, кәсіби дағдыларын қалыптастырып, олардың ғылым жолына бауруына алғышарттар жасайды.

Студенттерді тәрбиелеуде этнографиялық зерттеу әдістерін меңгеруі баға жетпес құндылық, оларды жергілікті халықтың тарихы, мәдениеті, әдет-ғұрыптары, қайталанбас қоғамдық тұрмыс-салттарымен танысу, талдау барысында арта түседі.

Бұл модуль бойынша оқытудың нәтижелері бірнеше кезеңдерден тұрады:

- этнология ғылымына қатысты білімдерді, зерттеулерді, оның қазақ жеріндегі ерекшеліктерін игеру, түсініктер мен терминологияны игеру; студент этнологияның зерттеу әдістерін оқу барысында қажетті ғылыми әдебиеттерді пайдалана отырып, сұрақтар құрастырып оларға талдау жасауды үйренеді. Сабақ барысында негізгі ғылыми әдебиеттерді пайдалану арқылы, қазіргі әлем халықтарының этникалық сипаттамасын, этнографиялық мәліметтерді қалай жинау керектігін практикалық сабақтарда бекіте алады;
- тұлғаның жеке басының осы пәнге деген қабілеттілігін арттыру, оларды кәсіби қызметімен байланысты зерттеу мекемелерінің алдында тұрған кәсіби міндеттерін шешуде пайдалана білуі қажет. Сын айту, өзін-өзі сынауға, мәселені талдап, сараптау жасауға, зерделеуге қабілетті болуы керек;
- пән бойынша алған білімдерін формациялау, сараптау, бағалау жүйесі арқылы өзектендіруге қабілетті болуы керек;

- студенттердің этнология ғылымы жайлы түсініктерін кеңейту. Оларға өз өлкесі туралы кең мағлұмат бере отырып, қоршаған ортаны аялауға, қорғай білуге баулу. Әр өлкенің салт-дәстүріндегі ұлттық құндылықтары, мұражайлардағы этнографиялық жәдігерлер жайлы мағлұмат беру. Сонымен қатар, халықпен жұмыс жасау үдерістердің қалыптасуындағы жалпы заңдылықтар туралы білімдерін тереңдету және дамыту.

Далалық зерттеу этнографиялық зерттеулерді ұйымдастыру мен жоспарлау, ондағы жұмыстың жүйеленуін меңгеру; этнографиялық жәдігерлерді тіркеуді және ғылыми түгендеуді жасау алдыңғы қатардағы теориялық және практикалық ілімдерінің тенденциялары мен заңдылықтарын білу; этнологияның зерттеу әдістері жетістіктерінің әдіснамалық білімдерін меңгеру; этнографиялық зерттеу әдістері теориялық концепциясы мен идеяларын сараптамалық бағытта игеруді меңгеру.

Белгілі бір этностың этникалық тарихы, антропологиялық ерекшеліктері, орналасу аймағы, шаруашылығы, баспанасы, киімі, тұтынатын заттары, сөйлеу мәдениеті, матариалдық емес мәдениеті т.б.

Этнографиялық зерттеу әдістерінің ішінде:

- далалық этнография;
- бақылау;
- сауалнама;
- анкета алу;
- көненің көзін зерттеу әдісі;
- құрылымдық-қызметтік әдіс;
- салыстырмалы-тарихи әдіс;
- типологиялық;
- құзыреттілікті талдау әдістері қарастырылған.

ЭТНОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1.1. Этнологияның зерттеу әдістері пәні, оның міндеті мен мақсаты, зерттеу объектісі

Этнология – негізгі зерттеу объектісі әлем халықтарын зерделейтін ғылым. Оның ерекшелігі этнологияны гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарға бірдей жатқызуға болады, себебі этнос тек қана әлеуметтік емес, сонымен бірге биологиялық феномен.

Курстың мақсаты – этносты, адамдардың еркі бойынша емес, табиғи-тарихи үдеріс негізінде пайда болған әлеуметтік топтың ерекше түрін зерттеу.

Пәнді оқыту барысында келесі мәселелер шешіледі:

- этнологияның әдістері мен ұғымдық аппараты зерттеледі;
- халықтардың этникалық көрінісі, этностардың географиялық, антропологиялық, тілдік және шаруашылық-мәдени топтасуы зерттеледі;
- әлем халықтарының шығу тегі, этникалық тарихының негізгі кезеңдері қарастырылады;
- дәстүрлі мәдениеттің негізгі сипаттамаларын, әлемдегі этномәдени, этнодіни процестердің негізгі заңдылықтары зерттеледі.

Тарихи ғылымдардың жалпы жүйесінде этнологияға, оның жалпы ғылымдық рөлін шектемей, жеке дербес дүниетанымдық (әдіснамалық) мағына береді.

Этностарды бүкіл жиынтығында зерттеп, этникалық және әлеуметтік тарихтың байланысына назар аударып, мәдениеттің бүкіл салаларындағы өзгерістерді көрсетіп, этнология жеке елдер мен халықтарды тарихи, археологиялық, экономикалық-географиялық тұрғыдан зертеу барысына ұлттық-мәдени өзгешелік-

терді сипаттауда маңызды мәлімет береді. Бұл жағдайда басқа ғылым өкілдері этнологиялық материалдарды тарихи, экономикалық-географиялық немесе басқа ой-желістерін ашуға көмектестің қосымша мәлімет ретінде пайдаланады. Сонымен, этнология өзінің дәстүрлі мағынасында көмекші тарихи пән ретінде қарастырылады. Ақырында, этнологияға әр түрлі континенттердегі болып жатқан қазіргі саяси процестердің ең қалың ортасына, әсіресе өзара қақтығыс салдарынан аса шиеленіскен ұлтаралық қатынастар мәселелеріне қатысу тән. Қазіргі саяси процестердің этнодіни негізінде жандандырылу жағдайында объективті этникалық тарихты, мәдени интеграция мен ассимиляцияның заңдылықтарын, этникалық территориялардың мемлекеттік шекараларға сәйкестігін білудің практикалық маңыздылығы сөзсіз.

Сонымен, этнология оның жалпы ғылыми және әлеуметтік мағынасы тұрғыдан келесі түрлерде қарастырылады:

1) адамзат және жеке (ең алдымен өз жазуы жоқ) халықтар тарихының маңызды әдіснамалық мәселелерін шеше алатын дүниетанымдық ғылым ретінде;

2) адам және қоғам жөнінде басқа ғылымдарға ерекше этникалық мәлімет беретін көмекші пән ретінде;

3) саяси маңызды білім саласы ретінде.

Этнография сөзінің мән-мағынасына тоқталсақ (жазамын, сызамын, сурет саламын) – этнографиялық топтардың халықтардың орналасуын, таралуын, олардың санын зерттейтін ғылымның бір тармағы. Ежелгі авторларды (Геродот, Страбон, Арриан) еңбектерінде этнография жөнінде материалдар берілгенімен, ол тек кейінгі жылдары ғана өз алдына жеке ғылыми тармақ болып қалыптасты. Ол этникалық топтардың қалыптасу мен қоныстану және қоныс аудару заңдылықтарын, шаруашылығы мен тұрмысына, материалдық мәдениетіне табиғи ортаның тигізетін әсерін, халықтардың киімдері мен ерекшеліктерін зерттейді. Сондай-ақ тарихи дәуірлер мен жыл мезгілдеріне қарай жұмыс және жол қатынасы мүмкіндіктерін ғылыми тұрғыдан анықтайды.

Адамзат қоғамының дамуы адамдардың оларды қоршаған дүние туралы білімдерінің кеңеюімен көршілес және шалғайдағы халықтар жөніндегі мәліметтерді жинақтаумен қоса жүріп отырады.

Этнография ғылымының жаңадан өрлеу дәуірі географиялық ұлы ашулар мен капиталистік қатынастардың алғашқы дәуірінен XV ғасырда басталды. Европа теңізшілерінің саяхаттары Америка, Африка, Оңтүстік шығыс Азия, Мұхит аралдары мен Австралия халықтары жайында жинаған көптеген жаңа деректер этнография қорын молайта түсті. XIX ғасырдың ортасында этнография өз алдына дербес ғылым болып қалыптасты. XIX ғасырдың 60-70 жылдары Европа мен Америка этнография ғылымында эволюционизм ағымы Э. Тайлор, Дж. Леббок, Дж. Мак-Леннан, А. Бастиан, Г. Спенсер, Ю. Липперт, И.Я. Бахофен, Л.Г. Морган үстемдік етті. Бұл ағым өз заманында буржуазиялық ғылымдағы буржуазиялық интеллигенттерінің сол кездегі мүдде мақсатына сай болды. Олар эволюцияның негізгі қозғаушы күші адам психологиясының жетілуі деп білді. Эволюционистер ішінде бәрінен де ғылыми теория тұрғысында жоғары көрсетілгені – Америка ғалымы Л.Г. Морганның еңбегі. Ол адамзат тарихының жалпы даму кезеңдерін тіршілікке қажетті өнім өндіру әдістерін негізге ала отырып анықтауға тырысты. Мұның өзі материалистік көзқарас болды. К. Маркс пен Ф. Энгельс Л.Г. Морганның «Ежелгі қоғам» атты басты еңбегін жоғары бағалады. XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында эволюционизм ағымы дағдарысқа ұшырап бірнеше жаңа мектептер мен ағымдар шықты. Олардың көпшілігі реакцияшыл бағытта болды. Мысалы, Германияда Австралия мен Англияда диффузионистік ағым (Ф. Ратцель, Ф. Гребнер, Ю.А. Шмидт) пайда болды. Оның негізгі идеясы мәдениет тарихы оның географиялық қоныс аударуының (диффузия – миграция) тарихы деп қарады.

Франциядағы Э. Дюркгеймнің «социологиялық» мектебіне біріккен ғалымдар көптеген географиялық еңбектер жазып этнография ғылымына айтарлықтай үлес қосты. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Англияда Б. Малиновский бастаған Э. Дюркгеймнің мектебіне идеялық жақындығы бар функционалды ағым пайда болды. Бұл ағымның этнологиялық міндеті тек қазіргі мәдениетті зерттеумен бірге халықтарды дұрыс басқарудың жолын қарастырумен шектелу керек деді. Сондықтан да бұл ағым отарлау саясатының теориялық негізіне айналды.

1.2. Этнологиялық пәнаралық зерттеу әдістері

Кез келген ғылыми зерттеу нақты нысанды зерттеумен айналысады, ол білімді көлемді түрде жұмылдыруды қажет етеді. Сол арқылы нысанның өзіне тән ерекшелігін ескеріп мәліметтерді толық және нақты жинауға әкеледі.

Қазіргі заманғы этнология ғылымындағы ғылыми талдауда әр түрлі жаңа әдістер қолданылады: этнограф ғалымдардың сипаттамалары мен зерттеулері, саяхатшылардың жазбалары, фольклорлық және көркем сөздер, этносоциологиялық және этнопсихологиялық зерттеулер, публицистикалық мәліметтер, ресми құжаттар, тарихи және қоғамдық саяси әдебиеттерді талдау. Сонымен қатар белгілі бір этностың өкілімен тілдескенде оның белгілі жағдайда, логикалық аргументтер мен пікір алмасу кезіндегі ұстанымы, қоршаған ортадағы болып жатқан оқиғаларды пайымдаулары т.б. ерекше назарда болады.

Мұндай алуан түрлі мәліметтерді алу жолында және өңдеуде көптеген әдістерді қажет етеді. Қазіргі таңда, этнология ғылымында қалыптасқан бірнеше зерттеу әдістері қолданылуда: жазбаша деректерді пайдалану, ауызша аңыздарды, археология және антропологиялық мәліметтерді, статистикалық деректерді талдау (халық санағының мәліметтері ерекше танымал).

Жазбаша деректерді зерттеу әдісі ең маңызды этнологиядағы зерттеу әдісі болып табылады. Сол халықтың тарихына қатысты немесе өз мәдениетін сипаттайтын өздері жазған деректерді этнографтар кенінен қолданады. Қазіргі таңда зерттелмеген деректер көп, олар әр кезеңдегі әр түрлі елдегі халықтардың тарихы мен мәдениетінен ақпарат береді. Мысалы, олардың қатарына географтардың баяндамалары, матростардың жазбалары, саудагерлердің хабарламалары т.б. айтуға болады.

Нағыз тарихи оқиға ретінде өз тарихын терең зерттеген халықтың жәдігерлерін, идеяларын бағалау қажет. Этнограф үшін ол аса маңызды, өйткені бір халықтың екінші мемлекетпен қалай байланысқандығы жайлы мәлімет береді.

Ауызша аңыздар. Оның құндылығы тарихи сана-сезімнің айқын көрінісі болуында. Этнологиялық зерттеулердің тәжірибесі бойынша халықтардың даму деңгейі әр түрлі, жақын жерде қоныстанған халықтардың мәдениетінен ерекшеленіп отырады.

Мысалы, XX ғасырдың ортасында кейбір Африка тайпалары жайлы аңыз айтушылар 400 жыл бойы өз халқының басшыларының әрекетін, билік еткен уақыты, аты-жөндерін ұрпақтан ұрпаққа мұралық жолмен жеткізіп отырған. Ауызша аңыздардан этнологиялық дерек алу үшін өте маңызды, себебі оның ғұмыры қысқа болады. Сонымен қатар уақыт өткен сайын жаңа идеялар бойынша аңыздар жаңартылып отыратын болған, олар тарихи оқиғаларға ұласады.

Археологиялық мәліметтер. Белгілі бір халықтың этникалық тарихы мен мәдени тарихын қалпына келтіруде археологиялық деректер арқылы зерттеуді пайдаланады. Басқа деректермен салыстырғанда ол нағыз сенімді дерекке жатады, себебі мәдениеттің тарихи уақытын дәл анықтай алады. Бұл әдістің жоғары қолжетімділігі заманауи археологиялық тәсілдерді пайдалануында. Мысалы, термолюминесценттік әдіс арқылы қыш бұйымдардың уақытын анықтай аламыз. Археологиялық деректерге қарағанда кеңірек пайдаланылатын әдіс статистикалық. Бұл ақпараттарды талдау, баға беру, интерпретация этнологиялық тұжырымдама-ларды ойлап табуға көмектеседі.

Салыстырмалы тілтану. Этнологиялық зеттеулердегі тағы бір маңызды әдіс – әр түрлі сөздердің туыстық дәрежесін, жақындығын зерттеу арқылы салыстырып, ғалымдар сөз төркінін анықтай алуы. Эндогендік үдерістер негізінде кейбір тілдер қарқынды дамып мағынасын өзгертуі мүмкін. Ал кейбір тілдер мыңдаған ғысыр бойы өз ерекшелігін жоғалтпай сол қалпында сақталатын болған.

Тәжірибелер көрсеткендей, этнографтар үшін маңызды әдіс – бірнеше тілдерді жүйелі түрде салыстыру арқылы тиімді нәтижеге қол жеткізу. Әр халықтың мәдени қарым-қатынасында мәдениеттің даму деңгейін көруге болады. Оның бір қиындығы бар, өйткені мұндай әдісті қолдану үшін зерттеуші ғалым бірнеше тілді жақсы меңгеруі қажет.

Санақ қорытындысын пайдалану әдісі. XX ғасырдың ортасынан бастап үнемі статистикалық ақпарат жаңарып отырады, солардың ішіндегі ең маңыздысы – халық санағы. Оның өзектілігінің артуы: сол сандар арқылы көптеген сұрақтарға этникалық ақпарат алуға болады. Әлеуметтік демографиялық мәселелер арқылы этнограф далалық жағдайда, әлеуметтік ахуалды, бі-

лім, мамандық, үйдің құрылымы, адамдардың белгілі аймақта тұрақтану мерзімін біле алады. Санақ нәтижесі арқылы халықтың өсу, кему динамикасын көре аламыз.

Далалық зерттеулер. Этнографтардың белгілі бір аймаққа бағыттап жасаған зерттеулері белгілі бір халықтың тұрмыс тіршілігін анықтау үшін жасалады. Бұл әдістің қалыптасуы тәуелді халықтардың этнографиясын зерттеу мақсатымен тығыз байланысты.

Білімді тексеруге арналған сұрақтар:

1. Этнологияның ғылым ретінде қалыптасуын талдаңыз.
2. Э. Дюркгейм қай мектептің өкілі екенін сипаттаңыз.
3. Л.Г. Морганның «Ежелгі қоғам» еңбегіне этнологиялық талдау.
4. XIX ғғ. этнография ғылымындағы эволюционизм ағымы өкілдерін атаңыз.
5. Этнология ғылымының археология ғылымымен байланысын түсіндіріңіз.
6. Этнологияның әлеуметтану ғылымымен байланысын айқындаңыз.

1.3. Эмпирикалық мәліметтерді сараптау әдісі

Әлеуметтік зерттеу – бұл жәй ғана ақпарат жинау емес. Оның мақсаты зерттелген фактілерге ғылыми интерпретациялық дәлел беру. Алғашқы жинақталған материал теориялық анализге жарамсыз, оны міндетті түрде қайта өңдеу қажет. Әлеуметтік зерттеудің мақсатына қазіргі кездегі нақты мәселелердің анализіне қызмет етеді. Эмпирикалық әлеуметтік зерттеу заты өзекті болуы тиіс. Әлеуметтік ізденімді тексеру үшін: жұмыстың реті мен түрлерін анықтап, ғылыми зерттеу бағдарламаларын жүзеге асырып, қаржылық шығындары мен ресурстарын бағалап, зерттеу кезеңдерін анықтап және белгілі бір жұмыс түрлерінің қажетті уақытын есептеп, жалпы ғылыми зерттеп, еңбек орындаушыларына реттеуді жүргізе отырып зерттеу тобының іс әрекетін үйлестіреді.

Алынған ақпаратты талдау зерттеудің ең қызықты кезеңі болып табылады. Біз бастапқы жорамалдар мен сұрақтарға жауап ала отырып, сондай-ақ жаңа мәселелерді анықтау үшін қайта

тексеріп шығамыз. Біздің жұмыстың мақсаты негізгі әдістерді қарастырады, бірақ техникалық мәліметтердің анализдерін қарастырмайды. Аналитикалық мүмкіндіктерді, қарапайым әдістерді қиындатпас үшін техникалық құралдардың қарапайымын қолдануға тырысамыз.

Эмпирикалық мәліметтерді өңдеу және анализ дайындау.

Бастапқы әлеуметтік ақпаратты өңдеу, өз бетіше жүргізілуі мүмкін, ол кіші механизм арқылы және де компьютерлік техника арқылы өңдеуге болады. Бастапқы ақпаратты өңдеудің мынадай бөлімдері бар:

1. Логикалық схеманың өңделуі және алынған деректі ақпараттаудың анализін жобалау. Бұл бөлім барысында ақпараттық құжаттарды жинау формасы, қолмен және машиналық өңдеу үшін кодированиялық әдістері анықталады.

2. Компьютерлік әдіспен орындалатын математикалық қамтамасыздандыруды өңдеу, сондай-ақ қандай қажетті бағдарламалар зерттеу материалдарын өңдеу, кейде жаңа бағдарламалық қамтамасыздандыруын анықтайды.

3. Алғашқы әлеуметтік мәліметтерді өңдеуден өткізуге дайындау. Бұл жұмыс өте бейнетті жұмыс. Мәліметтерді өңдеу нақтыланған белгілер бойынша классификацияға сәйкес жүргізіледі. Анкеталарды тексеру сапалы толтыруды талап етеді. Бұл тексеру 3 сатыдан тұрады:

- толтырудың толықтығы (жауап беруге деген құлшыныстың жоқтығынан, сұрақты түсінбегендіктен, сауалнаманы толтыруға ұқыпсыздықпен қарағаннан);
- сенімділігі (іріктеудің көрнекілігінен ауытқушылық анықталады, бақылаудың көмегімен мәліметтің сапасы тексеріледі, қарама-қарсы жауаптар жойылып, арнайы қаса-қана, күмәнді жауаптар сүзгіден өтеді);
- технологиялық жағына (өңдеудің ыңғайлылығы). Мәліметтерді жеңіл көшіруге мүмкіндік беретін барлық жауаптарды бір түрге келтіру керек. Сауалнамалардан барлық белгі таңбалар алынып тасталады.

Келесі өңделуге келіп түскен барлық құжаттарды санап, әрқайсысына реттік нөмірі беріледі. Мәліметтер кодталады, яғни құжат категориясына шартты түсінік беріледі (шифр, код). Егер

сауалнамадағы барлық сұрақтар жабық болса, кодтау өңделуге кетер кезде іске асады. Ал жартылай жабық және ашық сұрақтарды кодтау тек олардың толықтай «жабылуында» жүзеге асады. Кодталған мәліметтерді кезеңдерге өту арқылы оның сапасы мен қателерін қадағалайды.

Топтаудың түрлері мен мазмұны. Кестелер мен кескіндер, олардың әлеуметтік анализдегі орны.

а) статистикалық топтау – өзінің жеке сипаттамасы бойынша және жалпы белгілері мен өлшемдері бірнеше топтарға біріктіріледі;

ә) қарапайым топтау – бұл мәліметтердің бір белгісімен ғана іске асатын жіктеу түрі. Сонымен, топтаудың жиынтығын жасқа, жынысқа, біліміне қарай топтауға болады;

б) күрделі топтау – бұл мәліметтердің екі белгілері бойынша (қасиеті, көрсеткіші) мына мақсатта:

- қандай да бір өзара тәуелділікті табу;
- көрсеткіштің өзара бақылауын іске асыру (мысалға, бақылау және негізгі сұрақтарға жауабы);

Хронологиялық, бастауыштың тармағында белгінің бір мағынасы болған кезде, яғни уақытша аспектіні бейнелесе (кезең немесе бір уақыттың кезеңі).

Аумақтық, бастауыш тармағында белгінің кеңістік аспекті бейнеленсе (аймағы, елі).

Күрделі топтаудың екі түрі болады:

1. Топталған.
2. Құрылымдастырылған.

Әлеуметтік кестені толтырған кезде келесі ереже қолданылады:

- егер құбылыс орын таппаса, онда сызықша (–) қойылады;
- ал құбылыс туралы ақпарат жоқ болса, онда көп нүкте (...) қойылады немесе «ақпарат жоқ» деп жазылады;
- егер мәлімет өте аз болса, онда (0.0) деп қойылады.

Әлеуметтік зерттеулерге байланысты есептердің құрылымы. Оны құрастырудың негізгі талаптары.

Әлеуметтік зерттеу есебі дегеніміз – әлеуметтік зерттеулердің нәтижесін шығарудың үлгісі. Зерттеулік бағдарламаның барлық бөліктерін суреттеуден, пайдаланып отырған теорияларды баяндап, методологиялық және методикалық аппараттар, алын-

ған мәліметтерді түсіндіру және суреттеуден, қорытынды мен ұсыныстардан тұрады. Бұл ғылыми жұмыстың дербес түрі, осы құжат сәндік шешімдерді дайындайды, сонымен қатар ғылыми еңбектер – монография, диссертация және т.б. Есеп жүргізілген зерттеу тапсырмаларының шешімдері жайлы ақпарат береді. Сонымен қатар, онда мынандай қосымшалар баяндалады:

- зерттеу бағдарламасын орындаудағы бірізділік;
- алынған эмпирикалық мәліметтерді саралау;
- қорытынды мен ұсыныстарды дәлелдеу.

Қосымшада сандық, кескіндік және басқа да көрсеткіштер және құжаттар келтіріледі, сондай-ақ керекті әдістік материалдар: анкета, бланк, тест және т.б.

Есеп кіріспеден басталады, онда басқа да зерттеу тақырыптарымен қатар, зерттеу орны немесе зерттеу жобасы дәлелденеді.

Есептің бірінші бөлігінде зерттеу жұмысына ортақ мінездеме беріледі, негізгі әдісі ашылады және зерттеу бағдарламасының әдістемелік жағдайы, арнайы параграф бөлінеді, бағдарламаны жүзеге асыру барысына сипаттама беріледі.

Екінші бөлігінде зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне сараптама жасалады, оның ішіне қорытынды мен ұсыныстар кіреді.

Есеп өзгешелігі зерттеудің түрін көрсетеді – аса ғылыми немесе колданбалы. Есепті дайындауда зерттеу жұмысының бірінші түріне назар аударылып, бірінші кезекте мәселенің қойылымы, мақсаты мен міндеттерін айқындау зерттеу жұмысының негізі болып табылады. Сонымен қатар мәселені өңдеу деңгейіне баға беріледі, шешімді талқылау үшін амалдар жасалынады. Зерттеудің нәтижелерін саралауға арналған бөлімінде қойылған жаттығуды шешу кезеңі дәлелденеді, осылардың негізінде қорытынды шығарылып ұсыныстар талқыланады. Қосымшада есепке арналған мәліметтер беріліп, қосымшаның барлық бөліктерін қамтиды. Есептің мұндай түрі «тапсырыс» берілген арнайы зерттеулерде де жүзеге асады. Бірақ жасалған жұмысқа қорытынды мен ұсыныстар жасауда басты назар практикалық жұмысқа берілуі қажет.

Әдетте толық есеппен бірге оның қысқартылған нұсқасы да дайындалады, яғни ол жұмыстың негізгі мазмұнының ашылуын және оны шешудің жолдарын көрсетеді.

Есептің екі негізгі түрі қолданылады: аралық және қорытынды. Аралық есеп, аяқталмаған зерттеу жұмысын көрсетеді немесе алғашқы, яғни нәтиженің бірінші сараптамасы.

Зерттеу жұмыстарының есебі толығымен, жан-жақты зерттеулер мен іздеу жұмыстарының тереңдігін, әр кезеңдегі табылған заттар жайлы, шешімін таппаған мәселелерді шешу; әдістемелік жүйеге және зерттеудің әдістемелік аппаратымен жүру; жұмысты қорытындылау, жұмыстың қорытындысын жасау барысындағы барлық кезеңдерге тоқталу. Ұсыныстар, негізгі бөліктер сияқты, нақты зерттеу жұмысы ретінде, есептерден шыққан сараптамалардың дәлдігі болатындай, тапсырыс берушінің талаптарына сай келетін болуы қажет.

Қорыта айтатын болсақ, әлеуметтік зерттеулер жүргізу барысы, жұмыстың түрлері мен көрсетілген ғылыми тәсіл және амал, сол себепті әлеуметтанушыға зерттеу жұмысының теориялық негізіне назар аударып, зерттеушілік топтың құрамындағы адамдардың қызығушылығы бар әлеуметтік зерттеулерді сараптау жасай білетін болғаны тиімді. Мәліметтерді сараптауға кірісуде жүйелік болжамдарды ұстанып, екі жағдайды болдырмау қажет: ерте қорытынды жасауға, бұл кей жағдайларда зерттеу жұмысының мақсатынан алыстатады. Алғашқы топтастырылу және жіктеу, болжамдардың сипаттамасының элементтері, ал келесілері – нақтылайтын және интерпретациялық болжамдар мен түсіндіруге жақындау. Егер болжамдар дұрыс болмаса, қорытындыға ерекше көңіл бөліну керек, қорытынды болжаммен сәйкес келмейді. Нақтылауды интерпретациямен шатастыруға болмайды. Әдістің соңғы әрі маңызды қызметі себептік тәуелділікті орнатып, заңдылықтар мен өзгеде де ортақ үдерістерді талқылау, болжау жасауға мүмкіндік беріп, әлеуметтік мәселелердің практикалық тұрғыдан шешу мүмкіндіктерін береді. Сонымен қатар әлеуметтік эмпирикалық зерттеулер қазіргі таңда өзінің әлеуметтік мәселелер шегінен шығып бара жатыр. Саясаттанушылар мен саясаткерлер, заңгерлер мен басқарушылар, философтар мен теологтар, филологтар мен журналистер, экономистер мен бизнесмендер, психологтар мен педагогтар, тарихшылар, мәдениеттанушылар және мәдениет қайраткерлері, әлеуметтік қызметкерлер және басқа да әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы – белсенді ақпаратты пайдаланушылар, эмпирикалық әлеуметтік

зерттеулер жүргізу осындай жолдар арқылы жүзеге асады. Оны пайдалана отырып, олар өздерінің кәсіби мәселелерін шешеді.

1.4. Теориялық және қолданбалы этнологиялық зерттеулердің әдістері

Кез келген байсалды және жеке зерттеулер жүйеден басталады. Ол – зерттеу жүргізудің стратегиялық жоспары. Толықтай қарастырылып құрылған жүйе – зерттеудің нәтижелі болуының айғағы.

Зерттеу бағдарламасы – оның теориялық-методологиялық алғышарты, жүргізіліп отырған жұмыстың сәйкестігі және рәсім жүргізу көрсеткіштері мен амалдарды тексеру.

Мінсіз бағдарламаны теориялық-қолданбалы зерттеулер өзіне келесідей элементтерді қосады: әдістемелі бөлім, мәселелер шешілетін бөлік, мақсаттар мен міндеттерді анықтау, негізгі түсініктердің интерпретациясы, зерттеудің болжамдық орналасуы; ұйымдастырушы-әдістемелік бөлік құрал-жабдықтарды пайдалану, мәлімет жинау түрлері мен әдістері, жиынтықты таңдау талдау, мәліметті өңдеу түрлерімен сызбалары, сараптаудың мерзімдері.

Әлеуметтік зерттеулер – ол шеберлердің жұмысы. Әлеуметтік құралдар дайын емес адамның қолында – ота жасаушы дәрігердің қолындағы балтамен тең. Сондай-ақ кез келген зерттеу жұмысы топтық жұмысты қажет ететінін ұмытпаған жөн. Мысалы, міндеттерді айқындау, бағдарлама дайындау; эмпирикалық мәліметтерді жинау; жиналған мәліметтерді өңдеу; есеп жазу; тапсырыс берушіге жұмысты тапсыру.

Әлеуметтік зерттеулерді өңдеу бағдарламасында мәселені шешуге байланысты негізгі қағидаларды көрсеткен жөн. Мамандарды зерттеуде мынандай түсінік бар – адамдардың жаңа жерге және жаңа жұмысқа үйренуі. Өзінің кезегінде үйренісу әлеуметтік, өндірістік, психологиялық және тағы да басқа болуы мүмкін.

Жұмыс тақырыпқа байланысты пайдаланылатын әдебиеттер тізімін құрастырып, оларға сараптама жасаудан басталады. Кейін біз жоғарыда көрсеткен белгілерді көрсету қажет. Мысалы, үйренісу кезеңін қандай белгілермен көрсетуге болады: оқу, еңбек, өмір сапасы және тағы басқалар.

Бағдарламамен айналысқандағы келесі бір маңызды кезең – зерттеу кезіндегі жұмыс болжамдарын шығару. Болжам – басты әлеуметтік құрал, зерттеу жұмысының барысын ұйымдастыратын. Ол – зерттеліп отырған нысанға байланысты дәлелденген пікір, олардың әлеуметтік байланысында, әлеуметтік мәселелерді шешу барысында.

Зерттеу бағдарламасының талаптары пайдаланылады.

Бірінші әрі басты талабы – қажеттілігі. Бағдарламасыз жұмыс қателесу мен байқау болуы мүмкін, жұмсалған уақыт пен әдіс кей жағдайларда нәтиже бермеуі мүмкін. Зерттеу жұмысы барысында, түсінік эмпирикалық мәліметтермен «жабылмайды», болжам болмаған жағдайда әлеуметтік мәлімет өңделмейді. Осындай сауалдарды топтастыру мүмкіндіктері жүзеге аспайды: мәлімет толығымен жиналмаған, таңдау бағдарлама міндеттеріне сай емес, алынған жауаптар бастапқы кезде құрастырылған сұрақтарға сәйкес келмейді. Ақыр соңында, барлығын басқаша жасау керек еді деген қорытындыға әкеледі.

Екінші талап – бағдарламаның эксплициттігі. Оның барлық ережелері нақты, ал элементтері логикалық зерттеулерге сәйкес ойластырылып, түйінделген болуы керек. Бағдарламаны сезіммен құрастыру қатаң сәйкестендірілген заңдылықтар мен шаралардың тәсілдерін алмастыра алмайды. Одан басқа, бағдарлама барлық ғылыми ұжым үшін біртұтас құжат болып табылады. Бағдарлама нақты әрі анық болмаса зерттеушілер ортақ тіл таба алмайды. Біраз уақытын сұрақтарды анықтау мен байланыстыруға жұмсайды.

Үшінші талап – бағдарламаның барлық элементтерінің логикалық тізбелілігі. Зерттеудің мақсаттары мен шешімдерін көрмей, нақтылы жоспар таңдаудан бастауға болмайды. Объектіні тұтас анықтамай, жеке болжамдарды құрастыруға ұмтылудың мәні жоқ. Зерттеудің біртұтас нақтылы жоспарын, оған дейін шешімді түсініктер эмпирикалық интерпретацияға ұрынғанын білмей, жиналған мәліметтердің әдістерін бақылауға болмайды. Қысқаша айтқанда, бағдарламаның барлық құрамдары логикалық жүйелі тізбектерге байланысты. Бір құрамдағы үзіліс келесі операцияларда жедел қателіктерге келіп соқтырады.

Төртінші талап – бағдарламаның икемділігі. Қателіктердің табылуына байланысты кей ережелері толықтырылуы мүмкін. Кей кездерде бағдарлама екі сатыда даярланады. Алғашында бағдар-

ламаның мақсаттарының көрсетілуі мен зерттелудегі шешімдерінің болжамдық қорытындысының сұлбасы салынады, адам кейпі ретінде кішігірім зерттеу жүргізіледі, содан кейін тиянақты бағдарлама құрастырылады. Бағдарламаның өзі ғылыми жұмыстардың маңызды бөлігі болып саналады және дербес ғылыми жұмыс есебінде жариялана алады.

Бағдарламаның жариялануының өзі ғылыми жұмыстың өндіріске жіберуіне болатын лицензия (рұқсатнама) сияқты.

Бағдарламаның тараулары

Зерттеудің жұмыс жоспары – бағдарламаның жүйелік бөлімі. Онда кезең-кезеңімен жұмыстың өткізілуі мен уақыты белгіленеді, егер керек болса, орындаушылар тіркеледі, шығындар сметасы құрастырылады, қызметкерлер саны сәйкестендіріледі. Осында зерттеудің алдын ала және қорытынды нәтижелерін берудегі уақыттары анықталады. Қолданбалы зерттеуді ұйымдастырғанда тапсырыс беруші жоспарлаған зерттеулерді күтеді және социологтардың көзқарасы бойынша – не нақтылы, болмаса шамамен орындалуы ескеріледі. Осының бәрін нақтылы анықтау маңызды. Егер де тапсырыс берушімен мақсаты, тапсырмасы мен мүмкіндік нәтижелері келісілмеген болса, қорытындыны шығарғанда қиындықтар тууы мүмкін. Әлеуметтік зерттеу бағдарламасының мазмұны мен құрылымы оның жалпы бағытына, яғни зерттеу аясының басты мақсатына байланысты. Осы көзқарас бойынша зерттеудің екі түрін бөлуге болады.

1. Теориялық-қолданбалы зерттеу, оның мақсаты – қиындықтарды білуге, интерпретацияға және бұрынғыға қарағанда терең жан-жақты түсіндіруге жаңа қадамдар жасау жолымен шешуге ықпал жасау.

2. Жеткілікті ашық айқындалған әлеуметтік шешілмеген мәселелерді белгіленген уақытта нақтылы іс-қимылдар тәсілін ұсыну арқылы тәжірибе жүзінде шешуге бағытталған қолданбалы әлеуметтік зерттеулер. Бұл зерттеулер, кейде әлеуметтік-инженерлік деп те аталады. Социологияда дайындалған теориялық қатынастар қоғамдық өмірде, адамдар мен ұйымдарда осы түрдегі қызметтерінде нақтылы қосымшаларында іске асырылады, ал олардың айтарлықтай нәтижесі – әлеуметтік жобасын құрастыру, тәжірибеге енгізу үшін іс-шаралар топтамасын құру. Зерттеу бағдарламасы айтылған тәуелділікте құрылады. Бірақ

зерттеудің нақтылы мақсаты қандай болмасын, оның жалпы бағыты ақыр аяғында тәжірибелік қызығушылыққа жауап береді. Мінсіз құрастырылған бағдарлама – барлық зерттеулер табысының кепілі. Зерттеудің теориялық-қолданбалы бағдарламасы төмендегі элементтерді қосады.

Бағдарламаның әдістемелік тарауы:

1. Шешілмеген мәселелерді түйіндеу, объекті мен оның зерттеу аясын анықтау.
2. Зерттеудің мәселесін қою және мақсатын анықтау.
3. Негізгі түсініктерді нақтылау мен интерпретациялау.
4. Зерттеу объектісіне алдын ала анализ жасау.
5. Жұмыс болжамдарын тарату.
6. Зерттеудің принциптік (стратегиялық) жоспары.
7. Бақылаудың бірлік таңдау жүйесін дәлелдеу.
8. Негізгі қабылдау мәліметтерін жинау мен анализ жасау сызбалары.

Бағдарлама жұмыс жоспарымен толықтырылады. Онда жұмыс сатылары, зерттеуді іске асырудың уақыты қалыптастырылады, қажетті ресурстар бағаланады және т.б.

Қолданбалы зерттеуді тарату сатылары мен әдістемелердің артықшылықтары:

1. Қолданбалы зерттеудің спецификасы.
2. Қолданбалы зерттеудің негізгі типтері.
3. Әлеуметтік дамудың көрсеткіштері.

1. Қолданбалы зерттеудің спецификасы

Теориялық-қолданбалы және қолданбалы зерттеудің шекарасы негізгі мақсаттардың тәуелділігімен, әлеуметтік процесс туралы ғылыми білімнің тереңделуімен байланысты артықшылықтар бойынша немесе нақты әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталуымен анықталады. Теориялық-қолданбалы зерттеуде әлеуметтік ұсыныс халық талабы ретінде орын алады және зерттеу мен қажеттілікке шақырады. Қолданбалы зерттеулерде өзінің нақты тапсырушылары болады. Ал басқарушы орган негізінен зерттеушілердің көмегіне жүгінеді. Қолданбалы зерттеуге қарағанда теориялық зерттеулер де қоғамдық мәселелерді анализдеуде практикалық түрде біршама жоғары бағытталған.

Оның нәтижесі ретінде әлеуметтік үдерістің дамуын анықтайтын өзара қарым-қатынастар мен үрдістерді, халықтың жүйе-

ленуі мен дамуын қалыптастырушы немесе кедергі келтіруші және халық қызығушылығы мен сәйкес келетін жүйелерді, әлеуметтік саясат мақсатындағы қолданылатын жобалар айқындайды. Бұл зерттеулердің практикалық құрамы – әлеуметтік саясат төңірегінде әлеуметтік заңнамаларды басқару мәселелерін терең түсінуге мүмкіндік береді. «Іс барысында әлеуметтің теориялық және қолданбалы аспектілері бөлінбейді, – деп белгілі социолог А.Г. Харчев атап кеткен. – Зерттеу неғұрлым бай және терең болса, соғұрлым ол практикалық жоспарда іске асады. Неғұрлым ол практикалық қажеттіліктерге нақтырақ жүйеленсе, соғұрлым оның алдынан танып-білу мүмкіндіктері ашылады немесе тану объектісінің өзі, оның бар болуы, заңнамалардың көбінесе практикалық іс-әрекетте көрінуіне әсер етеді».

Қолданбалы зерттеудің нақтылығы – оның әлеуметтік мәселелерді шешуі үшін қоршаған орта мен уақыт аясында қатаң түрде белгіленуі, нақтырақ айтсақ «осы жерде» және «қазіргі уақытта». Қолданбалы зерттеулер басқарушы мәселелерде тиянақты жұмыс атқаруымен аяқталады, соңында әлеуметтік практикаларға жаңа мәселелерді енгізеді.

Осы жерден олардың негізгі ерекшіліктері анықталады.

Қолданбалы зерттеудің теориялық-қолданбалы зерттеуден айырмашылығы – нақты объект және субъектіге байланысты. Затты танып-білу сол объектідегі жалпы әлеуметтік жағдайға және басқарушы орындардың тап болатын ерекше мәселелеріне байланысты. Олар зерттеушілерге нақты шешімді табуға байланысты тапсырма беруі мүмкін. Бірақ жалпы мәселелерді де алға тартуы мүмкін: жаңа мәлімдемелерді енгізгеннен кейін туындайтын қиындықтарды шығару, т.б.

Қолданбалы зерттеудің негізгі типтері

Қолданбалы зерттеулерді екі негізгі типке бөлуге болады. Басшылықтың бір реттік сұрауы бойынша және жиі ұзақ мерзімді басқарушылық жерлерді және бірізділікті талап ететін мәселелер бойынша арнайыландырылған.

Қысқаша айтқанда қолданбалы зерттеулердегі пәндік аясы тапсырылған әлеуметтік объектіге, оның қалыпты құрылуына және дамуына көмектесу үшін анықталуы тиіс.

Теориялық-қолданбалы зерттеулердің жүргізілуіне уақыт зерттелетін мәселелерінің маңыздылығы және күрделілігін ескере отырып есептелінеді.

Қосымша зерттеулерде қойылған тапсырма қандай күрделі, қаншалықты жауапты болса да, оның шешімі сәйкес шешімдерді қабылдау үшін берілген уақыт негізінде тапсырыс берушінің орнатқан мерзімінде орындалуы тиіс.

Қолданбалы зерттеулердің қорытындылау нәтижелерінің сенімділігін көтеру үшін уақыт қорлары және жіберілген құралдар мәліметтерді және оның талдауын қаншалықты нақтылауға мүмкіндік беретінін мұқият ойластыру қажет. Сенімді мәліметтердің аз көлемі, күмәнді мәліметтердің үлкен көлеміне қарағанда неғұрлым пайдалы екенін әрдайым есте ұстау қажет.

Қолданбалы зерттеудегі әлеуметтанушы жағдайы, оған басқа уақытта, басқа жерде теориялық-қолданбалы немесе қолданбалы зерттеулердің пәні болып қойған типті әлеуметтік мәселелер мен үдерістерді оқуға тура келетінімен жеңілденеді. Сондықтан бұрын өңделген әдістемелерді немесе олардың өзгертілгенін пайдаланған мақсатқа лайықты. Теориялық-қолданбалы зерттеулерде керісінше, бағдарламаның түпнұсқалығын олардың талдауларының қисыны мен деректердің алғашқы жинақ әдістерінің қалыпты еместігін көрсетеді.

Қолданбалы зерттеулердің маңызды ерекшелігі әлеуметтік тапсырыстарды орындай отырып, әлеуметтанушы белгілі мәселелердің тәжірибелік шешіміне назарын бөледі, сондықтан олардың теориялық пайымдауының тереңдігі әлеуметтік санатта екінші жоспарға қалдырылады. Егер экономистер, заңгерлер, психологтар, маман-басқарушылар, басқа құзыретті тұлғалар ұсынған және қанағаттандыратын түсініктеме болса, онда барлығы назарға алынуы тиіс. Теориялық-қолданбалы зерттеу бағдарламасы бойынша жұмыс істемейтіндер, керісінше өздерінің қорытындыларының негізделуіне ғана талпынбауы керек, сонымен бірге әлеуметтік түсіндірмесі қаталдығына талпынуы тиіс.

Бұл жерде әрекеттің тәртібі, жұмыстың кезеңі бірінші кезекте басқарушылық шешім үшін мәліметтерді тәжірибелік қолдану қисынымен анықталады, ал теориялық-қолданбалы ізденісте алдымен, әлеуметтік заңнаманы пайымдау логикасы, кейінірек алынған білімнің тәжірибелік қисындысы ескеріледі.

Теориялық-қолданбалы зерттеулердің қорытындылау «өнімі» – ғылыми жариялаудағы қолданбалы-жұмыс құжаты, мұнда

объектінің жағдайы туралы және өзара байланыста табылған нақты мәліметтер сақталған.

Қолданбалы зерттеудің сұрыпталу сатылары мына түрде беріледі.

Бірінші сатыда зерттеу нысанын және күрделі мәселелерін толықтай қарап шығу, солардың ішінен кең көлемдегі қиындықтарды анықтау және нысанның ең қауіпті мәселесіне зейін қою керек. Мысалы: арақатынаста ең алдымен нақты факторларды көрсететін мәселелерді айқындап, ол нысанның артта қалып қойған бөлімдеріне байланысты сұрақ қою арқылы оның басқа бөлімдерден, нақтырақ айтсақ, ең жақсылардан айырмашылығын көру. Осындай алдын ала мақсатталған анализді қорда бар мәліметтерге сүйене отырып және басқарушы және әр түрлі профилдағы эксперт мамандарды белсенді жолмен қарату арқылы іске асырылады. В.И. Герчиковтың бақылауынша, эксперттерден тек нақты мәлімет жоқ нәрсені сұрау керек. Осыған орай нақты мәселенің шешілу жолы анықталады.

Екінші сатыда – нақты бағдарламалық іс-әрекеттің өңделуі. Ол параллельді бірнеше жолмен іске асырылады: а) алдағы тәжірибені іздеуге анықталған, ә) бірінші сатыдан алған мәліметтерді және қосымша экспертизаларды нақты мамандардан интервью алу мақсатталып, көмек алу, б) ұжымдық талқыланатын әр түрлі іс-шараларды жүзеге асыру арқылы, яғни, «толық ұжыммен зерттеу операциясы», «ойлау жүйесін іске қосу», т.б. ерекше мақсатталған тұжырымдар. Өңделіп жатқан бағдарлама өзінің нақты мекен-жайын көрсету, іс-шараларын нақты бағыттау керек, олардың іске асырылуына жауапкершілік алыну, басқаша айтқанда, ол бағыты мен орындаушысы өзара байланысқан, ресурстік қажеттілікпен толықтай қамтамасыз етіліп, бекітілген белгілі бір практикалық шешімдердің жүйесіне енуі керек.

Жалпы іс-шараның жобасы өңделгеннен кейін жұмыстың бағыттары анықталады және белгіленген нысан енгізіледі, жаңадан теориялық концепцияның шешімдері анықталады және әр - түрлі бөлімдерге оның зерттеліп, іске асырылу мүмкіндігі ойластырылады. Енді ұсынылып отырған жаңаруға жұмыскерлердің іс-әрекетін анықтау мақсатында зерттеулер жүргізіледі.

Үшінші сатыда ұсынылған мәселенің шешімі орындалады. Алдымен, жеке нысанға дәрежелі, содан «базалық» жинақталған

іс-тәжірибеге байланысты (мүмкін іс жүргізілген нысандағы эксперименттің аяқталуына дейін) және соңғысы, егер алдыңғы шаралар сәтті өтсе және өзінің нақтылығын дәлелдеген жағдайда «толық енгізілу» процесі жүреді.

Сонымен, әлеуметтік қолданбалы зерттеудегі логикалық-семантикалық құрылымның алдағы іс-әрекеті іс жүзінде логикалық-теориялық жобалауды іздеуден ерекшеленеді. Бұл инновациялық типтің зерттелуі, яғни қорытынды ұсыныста осы алған мәліметтерден тек логикалық шешімін ғана шығармай, сонымен қатар жобаланған зерттеулер жүйесінің нәтижесін анықтауы болып табылады.

Т.С. Батыгин осындай зерттеулердің құрылуының тағы бір моделін ұсынып отыр. Ол жерде жоғарғы бөлімде айтылған мәселелер қозғалады.

Бірінші саты («дескриптивті модель») – қазір болып жатқан мәселенің сипаттамасы қаралады. *Екінші* – бірінші жағынан іске асырылып жатқан тенденциялардың экстраполяциясына сүйенген болжам, жүйелердің қарқынды дамуына бұл іс-әрекеттің араласпауы, екінші жағынан нормативті болжамға сүйенеді. Соңғысы, нақты мүмкіндігі бар жағдайға тұрақталуды жөн көреді. Осы немесе басқа нормативтегі (әдетте нормативтің минимумнан максимумға дейінгі бірнешеуі ұсынылады) ресурстардың әр түрлі комбинацияда қосылуы *үшінші саты* өңделген жобаны ұсынуды қалыптастырады. Ол жерде эксплоративті болжамының нормативті қалыпқа жақындау мүмкіндіктері есептелуі мүмкін. *Төртінші сатыда* (В.И. Герчиковтың жобасында – жұмыстың екінші мәселесі ретінде қаралады) қосымша мәліметтерді жинау жүзеге асырылады. Ол мәліметтер белгілі бір мәселелердің шешілуіне көмектеседі. Ал *бесінші сатыда* шешімнің нақты нұсқалары белгіленеді – «ағаш шешімі», іс-шаралар, инновациялар, кейін экспериментальді *алтыншы саты*, содан *жетінші саты* жаңартулардан пайда болған белгілі бір қиындықтардың құбылысы көрінеді. Соңғысы *сегізінші саты* – негізгі енгізу жұмысы, яғни нормативті құжаттарды өңдеу (регламентациялар, әр түрлі қызметкерлер мен бөлімдердің міндеттері) жұмыстары жүргізіледі.

Практикалық тәжірибе негізінде оларды түзету жолы – шешімдер нақты қосымша ақпаратты жинақты қайтару шешімдер

нұсқаларын нақтылау және шешім қабылдау кезеңіне эксперименттеу қозғалысы үшін қажет. Жетінші саты инновацияларды енгізу болжамын қамтиды. Ол рәсімді жүзеге асыру, өзгерістер мен толықтыруларды енгізуге әкелуі мүмкін

Қолданбалы зерттеулерде ұсынылып отырған шешімдерді бағалауға басты назар аударылады. Бұл – ең қиын, бірақ әлеуметтанушы жұмысының ең маңызды кезеңі. Олар әлеуметтік әсерді тек экономикалық тұрғыда білдіруге тырысады. Яғни материалды үнемдеу шарттары және адам ресурстары. Мұндай жағдайлар қажетті дегенмен, әрқашан дәрежелік және төмен сенімділік болып табылады. Төтенше жағдай әлеуметтік әсерді іс-шаралар тізімімен байланыстыруға бағыттайды. Олардың қорытындысы айқын көрініс ретінде қабылданады.

Сонымен қатар олардың «дәлелі» алдамшы болуы мүмкін.

Этнографтың үздік және кәсіби деңгейі зерттеліп отырған процестердің тікелей желісін мүмкіншілігінше тексереді. Ұйымдастырушылық тұрғысынан таза өлшеуге әсері болады ма немесе негізгі мәселе – әлеуметтік инновацияның тиімділігі сапалы әсер алуға бейімделеді. Инновацияларды әлеуметтік әсерінің сапасын тексеру үшін оның ең жақсы жолы – негізгі зерттеу апаратын алуға дәл осындай әдістер мен тәсілдерін қолдана отырып бақылау тесттері әзірленеді: сараптамалық бағалау, сауалнамалар, бақылау, құжаттар мен тиісті статистикасын талдау.

Кейіннен қорытындылап тексеру үшін, іс-шараларды бірқатар жоспарланған шешім қабылдау кезінде негізінен шағын таңдау жасаған дұрыс. Бірақ квота таңдауы үздіксіз пайдалануға берілгені дұрыс. Квоталау, негізінен, сипаттамаларды нақты объективті түрде дәлелдеп, негізгі зерттеуде күшті байланыстардың процесін зерттейді. Әлеуметтік көрсеткіштік өзгерістер, осы процестердің маңызды көрсеткіштері бастапқы ақпаратты өлшеу кезіндегі қатені жабу керектігін, сондай-ақ әлеуметтік өзгерістердің қайталанып және салыстырмалы зерттеулерде қалай баға берілетінін айқындайды.

Сауалнамалар шарттарында субъективті бағалауды қанағаттандыру шарттары мен жұмыс мазмұны тұрғысынан бағалау жолдарының көрсеткіші кезінде мұқият болуы тиіс. Көрсеткіштерді қанағаттандыру және өзгерту жағдайлары, яғни адамдардың қажеттіліктері мен сұранысының әр түрлі болуы сияқты көп

субъектілерінің түрлі топтары үшін өте танымдық емес «әлеуметтік норма» болып табылады. Сондықтан ереже бойынша, еңбек шарттарын қанағаттандыруды бағалап, қалыпты өмірге ұмтылу шарттарын анықтау болып саналады. Негізгі назар қанағаттандыру барысын құрылымдық компоненттерін зерттеуге аударылуы тиіс. Нақты осы жерде бұл шаралардың тиімділік жағдайында елеулі өзгерістер болуы тиіс. Әлеуметтік әсер басқа бір аймақтың мәселелеріне қозғалатыны анықталған, бірақ барлық мәселелер жоғалып және жалпы қанағат туындайды деген сөз емес.

Әлеуметтік даму көрсеткіштері

Әлеуметтік даму көрсеткіштерін олардың мақсаты бойынша әлеуметтік процестерді сипаттайтын дескрипторлары көрсеткіштермен топтастыруға болады, табысты ұйымдастырушылық және басқа да инновациялар ендіруге арналған нұсқаулықтар ретінде белгілі даму ережелер мен актіні құру болып саналады.

Нормативтік нұсқаулар басқаша салынды. Қарапайым әдісі – логикалық «төтенше» индикаторы бойынша бағдар беру, қол жеткізу үшін мысалға, белгілі бір қызметпен айналысуына осындай халықтың әсері немесе нөлдік қолайсыз оқиғалар түпкі әсері болып табылады. Назарға әлеуметтік процестерді ықтималдық сипатын ескере отырып, мұндай сандарды сөзсіз қарастыруға болмайды. Осылайша, жалпыға бірдей орта білім – барлық азаматтар үшін міндетті болып табылатын науқастардың жекелеген санаттары үшін өте қиын болар еді. Орта білімі жоқ, сондай-ақ, қарт адамдар үшін, еңбек айналымының қиыншылықтары, сонымен қатар даму процесінің тұрғысынан қолайсыз болып саналады.

Екінші әдіс, озық ұжымдар мен қызметтер тәжірибесін талдаудың тікелей жолы осындай көрсеткіштерге анализ жасау болып табылады.

1.5. Этнологияда әлеуметтік зерттеу әдістерінің қолданылуы

Әлеуметті зерттеу әдістерінің ерекшеліктері

Жалпы әлеуметтік теорияға қарағанда арнайы әлеуметтік теория саласының кеңістіктік-уақыттық шекарасы әлдеқайда тар

болып келеді. Арнайы социологиялық теорияның тағы бір ерекшелігі қорытындыны жасау мен бекіту сипатында. Жалпы социологиялық ереже бүкіл қоғамдық тәжірибемен тексеріледі, ал арнайы социологиялық теорияның бекітулері мен қорытындыларын басқа арнайы құрылған эмпирикалық зерттеулердің көмегімен тексеруге болады. Ол зерттеулерге әлеуметтік эксперимент те жатады. Жалпысоциологиялық теория ережесі қоғам дамуының негізгі жолдарын анықтайтын динамикалық заңнамалардан тұрады. Арнайы социологиялық теория құрамына өзін статистикалық заңнама ретінде көрсететін ереже кіреді. Арнайы социологиялық теориялар тікелей негізде нақты зерттеулер жүргізеді. Ол зерттеулердің мақсаты – тек деректерді бақылау ғана емес, сонымен қатар тәуелділікті анықтау, жеке тұлға мен қауымның әлеуметтік қатынасына әсер ететін әр түрлі факторлардың арақатынастылығы. Жоғарыда айтылып кеткен теориялар нақтыланған зерттеулердің теориялық және әдістемелік алғышарттарын құрайды.

Ғылыми білімді құратын маркстік методологиялық принциптер арнайы әлеуметтік теорияны оның функцияларын (суреттеу, түсіндіру, болжау) реализациялау негізінде құрастыруға жол береді. Мұндай теорияның негізгі компоненттері ретінде:

а) жүргізілген зерттеулер нәтижесінде алынған эмпирикалық қорытындылар жиынтығы;

ә) бастапқы теориялық негіз – дәріптелген теория объектісі (отбасы әлеуметтануы үшін мұндай объект ретінде әлеуметтік институт немесе кішігірім топ моделін қарастыруға болады); белгілі бір объекті теориялық негіз ретінде таңдауға байланысты пайда болған дәлелдемелер мен негіздемелер жиынтығы;

б) дәріптелген объектің негізгі элементтерін құрудағы логикалық ережелер – типологиялар, индекстер, гипотезалар, түсіндірмелік модельдер және т.б.

в) дәріптелген объектінің шынайы әлеуметтік жағдайда жұмыс істеу өзгешелігі мен эмпирикалық зерттеулердің көмегімен логикалық анализ негізінде анықталған теориялық бекітулер жиынтығы көрсетіледі.

Отбасын зерттеуде негізгі әлеуметтік әдістемелер ретінде әлеуметтік институт және кішкентай топ қызмет етеді. Отбасы өзгеруінің объективті процесі ондағы топтық белгілердің дамуы-

на байланысты екеніне қарамастан отбасы әлеуметтануы ғылым ретінде некелік-отбасылық қарым-қатынастың институционалдық мінез-құлығы ретінде үлкен дәрежеде білінеді. Осыған байланысты А.Г. Харчевтің отбасына қатысты екі анықтамасын салыстыру қажет. «КСРО-дағы неке және отбасы» еңбегінде ол отбасын «мүшелері некелік, туыстық қатынастармен, қоғамдық тұрмыспен және ортақ моральдық жауапкершілікпен байланысқан ерлі-зайыптылар арасында, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты кішігірім әлеуметтік топ ретінде қарастырған нақты бір тарихи жүйе» деп алған.

«Отбасы зерттеулері: бірінші кезең қарсаңында» мақаласында біз талқылап отырған негізгі ережелерде автор отбасын әлеуметтік институт ретінде қарастыратын заңдылықтарды негіздеп, айқындайды. Отбасы адамды өмірге әкелетін, жеткізетін қоғамдық механизм дейтін анықтаманы қарастыратын болсақ, онда отбасы – отбасылық қарым-қатынас – әлеуметтік қауымға қарай дамуының ықпалдығын көрсетеді. Олай болса «отбасы» сөзінің өзіндік мағынасы да күрделенеді. А.Г. Харчев жалғыз бір ғана анықтама емес, кем дегенде үш заңды анықтаманы қарастыру керектігін айтады: «Марксизмде ең кеңінен тараған анықтама: отбасы – бұл өмірге жаңа ұрпақ алып келетін қарым-қатынас, адам шығаратын қоғамдық механизм. Сол механизмнің тарихи дамуы отбасын сонымен қатар әлеуметтік қоғам мен әлеуметтік институтқа айналуына алып келеді. Өзінің міндеттемелерінде отбасы әлеуметтік структураның элементі ретінде қаралып, қоғамның экономикалық базисіне тәуелді болады, себебі отбасы бірлігінде және оның қызметінде үстем фактор болып ерлі-зайыптылықтың табиғи негізі айқындалатын әлеуметтік-психологиялық байланыстар есептеледі. Қазіргі заманғы отбасын некелік негізде құрылған ерлі-зайыптылардың, олардың балаларының денсаулығы мен тәрбиесі үшін мойындарына алатын құқықтық және моральдық жауапкершілікті көтеретін институтталған қоғам ретінде қарастыруға болады».

Әлеуметтік институт түсінігі шетелдік зерттеу жұмыстарында кеңінен қолданылады. Бұл түсініктің американдық және еуропалық әлеуметтік әдебиетінде қолданылатыны жайында айта кетсек: Ф. Бейтс пен Р. Харви бұны анықтауда келесі кезеңдерді бөліп көрсетеді.

Біріншіден, институт ауқымды әлеуметтік бақылауға, соның ішінде позитивті және негативті санкциялар жүйесіне (мысалы, жеке меншік институты немесе неке институты) тап болған күрделі әлеуметтік тәжірибе ретінде айқындалады.

Екіншіден, бұл түсінік кез келген күрделі әрі ауқымды ұйымды немесе мекемені білдіреді (университет, түрме, аурухана т.б.).

Үшіншіден, институт нақты әлеуметтік функцияларды атқаратын әрекеттер мен қатынастардың күрделенген жүйесі ретінде анықталады.

Төртіншіден, институт нормативті және тұрақталған әлеуметтік тәжірибе ретінде қарастырылады, ал институционализация – кез келген әлеуметтік әрекеттер жүйесі (оның ішінде жеке тұлғаны ұйымға енгізу де бар) арқасында институт болатын процесс болып табылады. Әлеуметтік институтты анализдеу үшін әдетте қоғам мен басқа институттарға қарағанда институт мақсаты және институт функциясы деген түсініктер қолданылады. Институт пен қоғамның арақатынасы көбінесе қоғамдық қажеттіліктер мен функциялар жүйесімен қарастырылады.

Институттың қызмет етуімен байланысты қоғамдық қажеттіліктердің негізгі бағыттары сипаты және өзгешеліктері әлеуметтік-философиялық және қоғамның әлеуметтік талдауы және сол қажеттіліктерді қамтамасыз етудің бастапқы нүктесі ретінде қолдану жалпы социологиялық және арнайы әлеуметтік теорияларды байланыстыруға көмектеседі.

Нормалар мен дәстүрлер уақыт өте келе өзгереді және отбасындағы өмірдің кезеңдерімен тікелей байланысты. Құндылықтардың қажетті саралануы және отбасы-неке қатынас-тарындағы нормалары, сонымен қатар бейресми санкциялардың бұзылуына қатысты әр түрлі аймақтар да қадағалануда. Олар көбінесе салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың, толықтырылған қайнар көздердің, сонымен қатар діни қате түсініктердің әсерінен туындаған. Қамқорлық нормалары, туысқандық, ата-ана және тіпті неке мен ажырасу белгілі бір дәрежеде ерекшеленеді. Отбасы институты қоғамның дамуы мен қажеттіліктеріне қарай әрдайым өзгеріп отырады. Нақты құндылықтардың ерекшелігіне, нормаларына, санкцияларына және отбасы ішіндегі қарым-қатынасқа әлеуметтік-экономикалық, идеологиялық, нақты тарихи факторлар әсер етеді. Отбасы институты әлеуметтік тұрғыдан талдау мы-

нандай маңызды сұрақтардың құрылуына мүмкіндік береді: қоғамдық қажеттіліктердің дамуы мен түрленуі отбасы арақатынасы мен өмір сүру салтына қалай әсер етеді? Отбасылық мінез-құлықтардың қандай типтері қоғамдық қажеттіліктерге тәуелді? Отбасылық нормалар мен құндылықтар әр түрлі идеологиялық, саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайларда несімен ерекшеленеді? Олардың өзгеріс жүйесі қандай және олар қандай бағытта өзгереді? Отбасы қарым-қатынасын әлеуметтік тұрғыдан қадағалау қалай жүргізіледі? Нормалардың байланысы, құндылықтар, жатқызылған мінез-құлық образдарының және басқа қоғамдық идеологиялық элементтердің отбасы қарым-қатынасындағы рөлі, мінез-құлық ерекшелігі жұбайлар қарым-қатынасына қаншалықты байланысты. Отбасы институтын әлеуметтік тұрғыдан зерттеу барысында «қоғамдық қажеттіліктер аясындағы отбасы қарым-қатынасы», «әлеуметтік отбасы құрылымы» т.б. деген сияқты түсініктер қолданылады. «Отбасы неке қатынасы аясындағы нормалар мен құндылықтар», «әр түрлі отбасындағы мінез-құлықтар типі», «отбасы құрылымындағы жетістік» т.б

Топтық сипаттамалар – бірлік, жұбайлар қарым-қатынасы, ата-ана мен бала қарым-қатынасы зерттеушілерді әлеуметтік отбасы институты дәрежесінде қызықтырады. Топтық процестер түрлі топтық нормалардың қалыптасуына әсер етеді, өзінің азды-көпті таралымы отбасының мінез-құлқын анықтайды. Отбасының топтық сипаттамасын сараптаған кезде, біріншіден, «кіші әлеуметтік топ» ұғымына тоқталған жөн. Кеңестік әдебиетте олар әлеуметтік-психологиялық жұмыстарда қолданылады. Г.М. Андрееваның анықтауы бойынша: «Аз топ деген түсініктің астында құрамы жағынан аз топтар жатады, отбасы мүшелері ортақ әлеуметтік қызмет пен біріктірілген және үздіксіз қарым-қатынас топтық нормалар мен топтық процестердің эмоциональдық қарым-қатынастардың пайда болуына негіз болады». Отбасы мүшелерімен жеке қарым-қатынасқа ұшыраған кезде, отбасы кіші әлеуметтік жанұя ретінде қаралады. Мұндай әдіс ажырасудың себеп-салдарымен жұбайлар қарым-қатынасының динамикасын ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастарды орнатуға мүмкіндік береді. Бірақ жеке тұлғалар арасындағы мәселелерге назар аударатырып, олардың қалыптасқан қоғамдық нормалармен, құндылықтармен және мінез-құлық образдарымен тығыз байланыс-

та екенін дерексіз деу мүмкін емес. Топтық мінез-құлық әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени өмір сүру салтына байланысты өзгеріп отырады.

Отбасын кіші әлеуметтік топ ретінде талдау нәтижесінде негізгі үш топқа бөліп қарастыруға болады:

1. Топты толығымен сипаттау: отбасылық топтың мақсаты мен міндеті, құрамы мен құрылымы, әлеуметтік-демографиялық құрылымы, топтық бірлік, топтық қызмет және отбасылық топтың ішкі қарым-қатынасы, билік құрылымы, отбасылық қарым-қатынас т.б.

2. Әлеуметтік құрылым аясындағы топтың басқа үлкен топпен байланыс және қарым-қатынас сипаттамалары. Бұл жерде бастысы отбасы жүйесінің қоғаммен қарым-қатынасын қарастырған жөн.

3. Жеке тұлғаға байланысты мақсаттар мен міндеттер, отбасы ішіндегі жеке тұлғаның мінез-құлқын топтық қадағалау, топтық бақылау, топтық санкциялар және т.б, отбасылық құндылықтар, нормалар мінез-құлық бейнелері жеке тұлғаның отбасымен араласуы, оның талаптарының отбасында қанағаттандырылуы, т.б.

Топтық теорияда отбасын танып білуге арналған түсініктер көптеп қарастырылған. Сондықтан да жақын және алыс шетел әдебиеттерінде қалыптасқан отбасы қарым-қатынасын танып білу түсінігі кіші топтарды зерттеуге де кіріседі. Топтық бірлік, топтық динамика, топтың бағдарлы бірлігі, топтық эмпатия, топтағы жеке тұлғалар арасындағы қарым-қатынас, жеке тұлғаның топқа қосылуы, топтық ынтымақтастық, топтық тұрақтылық, топтағы билік құрылымы, рөлдік қарым-қатынас, рөлдік мінез-құлық т.б деген сияқты ұғымдар отбасы теориясында нақты референттерге ие болып, танып-білу барысында қалыпты түсінікке айналды. Жоғарыда айтылып өтілген әдістердің әрқайсысының өз құрылымы бар екенін байқамау мүмкін емес. Әлеуметтік институттың парадигмасы отбасының ішкі байланыстарының кіші топтардың өзара түсініктерін зерттеуге бағытталған. Мүлтіксіз, бірінші әдіс әлеуметтік, ал екінші әдіс әлеуметтік психологияға жақынырақ. Дәл қазіргі уақытта көрсетілген екі әдістің отбасын әлеуметтік жүйе ретінде қарастыруда сұрақтар туындауға жеткілікті. Осымен қатар «әлеуметтік жүйе» ұғы-

мына қысқаша тоқталып өтейік. Соңғы жылдарда ол маркстік әлеуметтік түсінігіне кірді, В.Г. Афанасьевтің сөзі бойынша, «дәл осында ең алғашқы және жан-жақты дамуы терең жобаланды». В.Г. Афанасьевтің, И.В. Блауберганың, Э.Г. Юдинаның, В.Н. Садовскийдің, В.С. Тюхтиннің және басқалардың жұмыстарында «жүйе», «әлеуметтік жүйе», «жүйелік әдіс» түсініктері жан-жақты талданған. Жүйенің белгілері оның негізгі компоненттері, сонымен қатар байланысы мен қарым-қатынасы қарастырылған. Жұмыс барысында талдаудың ерекшеліктері зерттелінген. Жүйелік әдісті әр түрлі қоғамдық ғылымдар салаларында қолдану қолға алынды: экономика, халықаралық байланыс, психология және педагогика. Жүйелік әдістің мақсаты мен міндеттері әр түрлі әлеуметтік басылымдарда қолданылды. Біздің зерттеу жұмысымыздың тақырыбы үшін кіші әлеуметтік топтардың жүйесі талданған Г.С. Антипиннің еңбегін атап өту маңызды. Әдетте әдебиетте келесі өзгешеліктерді бөліп қарастырады. Тұтастық, екі немесе одан да көп байланыс типтері (функционалдық және генетикалық т.б), құрылым (ұйымдастыру), иерархия сатылары, мақсаты, басқару, ұйымдастыру, құрылымы және дамуы. Жүйенің негізгі компоненттері ретінде:

- а) объект, жүйенің бірліктері;
- ә) жүйенің ерекшеліктері;
- б) зерттеліп отырған объектінің ішкі және сыртқы байланыстары;
- в) қарым-қатынас (ішкі және сыртқы);
- г) құрылымдық объектінің фазалық жағдайы;
- д) объектінің дамуындағы әр түрлі этаптар, сатылар, деңгейлер.

Әлеуметтік зерттеу объектісі ретінде жүйелік сипаттамаға ие, талдау барысында жүйелік әдістің логикасы, яғни жүйенің негізгі компоненттерінің қатысы олардың ішкі және сыртқы байланысы, жүйенің құрылымдық мақсаты, генезисі мен дамуы қолданылады. Аталып отырған жүйеге қатысты зерттеу әдістерінің әртүрлілігі жүйенің әр түрлі терминдерімен қалыптасуын туындатады. Түсінік аппаратының бірлестігі жүйелік әдістің негізінде аса маңызды. Олардың қатынасы нақты қиындықтарға ілеседі: әр түрлі байланыстағы түсініктерді біріктіруге жеткіліксіз. Әр түрлі қарама-қайшылық, логикалық бірыңғайлылық са-

лыстыруға әкеледі. Мұндай жұмыстардың нәтижесі бірте-бірте көрсетілген. Бірінші бағанында әлеуметтік жүйенің негізгі компоненттері көрсетілген. Келесі екі бағанда кеңестік және шетелдік әдебиеттік түсініктемелер, әлеуметтік институт пен кіші топтардың құрылымдық сипаттамасы көрсетілген. Одан кейін олардың бірінші бағанда көрсетілген – әлеуметтік жүйенің негізгі компоненттерімен қатынасы. Соңғы бағанда отбасы неке мәселелеріндегі негізгі монографиялық түсініктер және зерттеу әдістеріне тың түсініктер көрсетілген. Олар алдыңғы үш бағандағы сызбамен салыстырылған. Сонымен қатар толықтырылған, анықталған, осы негізде біріктірілген, барлық кестеде көрсетілген түсініктер бар. Мәселен, әдебиетте «жеке отбасылық құрылым» түсінігі таралды, сол уақытта кеңес әдебиетінде топтық теорияның аясында сәйкес түсінік болмаған. Сондықтан да, біз топтың негізгі белгілеріне сүйене отырып, кіші топтардың «жеке топтық құрылым» түсінігі дұрыс деп қабылдадық. Дәл осылайша, отбасын сипаттайтын «жеке тұлғаның отбасына қосылуы», «отбасылық санкциялар», «отбасылық мінез-құлық нұсқалары» түсініктері қалыптасты. Бұлардың барлығы топтық отбасы сипаттамаларын жүйелеуге және интеграция бағытына қадам жасауға жол ашады. Отбасының негізгі компоненттерінің жүйелік ұқсастығы жанұяны басқа ұқсас жүйелер аясында талдауға мүмкіндік береді, мәселен, ұйымдастыру теориясы, басқару теориясы т.б. Төменде көрсетілгендей, әлеуметтік отбасындағы теориялық айқын өзгерістердің жасалуын қалыптастырады. Соңғы жылдары жақын шетелдік әдебиетте олардың өмір сүру салты туралы еңбектер жарық көрді. Әдебиетте ұзақ уақыт «өмір сүру салтын» құрылым категориясының элементтеріне қосу туралы пікірталас жүрді. Қазіргі уақытта бұл мәселе былайша шешілді: қызметтік талаптар өмір сүру салтының категориясына кірмейді. Әдебиетте өмір салтын анықтайтын объективті және субъективті өмір талаптарын шығару қабылданған. Объективті өз кезегінде екіге бөлінеді: шынайы (географиялық, биологиялық, экономикалық және т.б.) және әлеуметтік. Дегенмен де әлеуметтік өмір талаптары әр түрлі жолдармен анықталады. Әлеуметтік өмір талаптарын әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-мәдени жолдарымен қарастырады. Материалды-техникалық және әлеуметтік-экономикалық талаптар мен факторлардың ұқсасты-

ғы қоғамның табиғатымен байланысы анықталады. Объективті және субъективті факторлардың диалектикалық бірлігі, әрбір өмір қызметі формасына әсер ететіні анық. Жағдаяттар адамдарды басқаша әрекет етуге мәжбүрлейді. Басқаша алып қарағанда субъект өмір салты жеке тұлғаның құндылық бағыттарының өмірлік жоспарларының қалыптасуын қанағаттандырады. Адам белгілі бір құндылыққа немесе тұлғаға қарап әрекет етеді. Объективті және субъективті факторлардың байланысы өмір сүру салтын қалыптастырады. Бірақ, өмір сүру салты мен ойлау жүйесін құндылық бағыттарын айқындауды талап етеді.

Өмір сүру салтының құрылым түзуші факторларына қарай отырып, адам қажеттіліктерінің негізінде қоғамдық белсенділікті атап өтуіміз керек. Сондықтан біздің көзқарасымыз бойынша, қажеттіліктердің біріктірілуі – қоғамдық, топтық, жеке құрылым түзуші факторлар.

Өмір сүру салтын қорытындылай келе, оның объективті және субъективті талаптары, құрылым түзуші факторлары «өндірістің негізгі әдісі, өмір сүру деңгейі, географиялық және қоғамдық тарихи талаптары, сонымен қатар жеке тұлғаның қызметтік өмірдегі сипаты әлеуметтік топ және қоғамдық өмір сүру салты, адамдар не үшін және қалай өмір сүреді немен айналысады, қандай әрекеттермен айналысатынын көрсетеді» деген түсінікті қалыптастырған А.П Бутенкомен келісуге болады. «Өмір сүру салты» факторлардың жүйеге әсеріне, құндылықтардың қалыптасуына, ішкі біртұтастылыққа ие.

Өмір сүру салты категориясының қалыптасуы отбасын зерттеу барысында бірқалыпты дамыды. Әлеуметтануға «отбасылық өмір сүру салты» түсінігі енгізілді, аталған түсінікке теориялық анықтама берілді. Э.К. Васильева атап өткендей, отбасылық өмір сүру салты қоғамның өмір сүру салтын қалыптастырады. Өмір сүру салтының негізгі бағыттарын былайша бөледі: репродукциялық-тәрбиелік қызмет, үй шаруасын жүргізу, бос уақыт, еңбек қызметі, қарым-қатынас. Сонымен қатар отбасылық өмір салты өмірдің жан-жақты бағыттарының байланысын бақылауға, отбасы мүшелерінің қызметтік қарым-қатынасын бақылауға мүмкіндік береді. «Отбасылық өмір салты» түсінігінің дамуында айтарлықтай үлес қосқан Н.В. Малярованы атап өтуіміз керек. Автор отбасылық өмір салтының отбасының қызметтік және

өзара ішінаралық байланыстарын көрсетеді. Басқа бағыттағы қызметтерге өндірістік қызмет, қоғамдық жұмыс, отбасынан тыс жұмыс, әр түрлі қызметтер, отбасының мүшелерінің дамуына байланысты арналған қызметтер жатады. Отбасының ішкі қызметтеріне тұрмысқа қажеттіліктер, бала тәрбиесі, өзара қарым-қатынас, бос уақыт жатады. Н.В. Малярова аталмыш қызметтерді отбасының жүйесі аясында құруға болатынын атап өтеді. Бұл тәсіл нәтижелі әрі ортақ жүйелік түсінік тұрғысынан қарағанда ТМД және шетелдік әлеуметтануда жақсы дамығандықтан, өмірлік қызметтердің құрылуында да қолданылуы мүмкін.

Білімді тексеруге арналған сұрақтар:

1. Этнологиядағы қолданбалы әдісті кімдер зерттеген?
2. Алғашқы этнос теориясын жасаған ғалымдарды атаңыз.
3. Халықтың әлеуметтік даму көрсеткішін қалай анықтауға болады?
4. Қолданбалы зерттеудің негізгі қағидаларына талдау жасаңыз.
5. Этнологиялық есеп жазу кезінде қандай ақпараттар маңызды орын алады?
6. XIX ғасырдың аяғында У. Риверс туыстық жүйесін зерттеу үшін қандай әдісті қолданды?
7. Л. Морганның алғашқы этнографиялық мәлімет жинау әдісі.
8. С.М. Широкогоров ғылыми айналымға енгізген теориялық термин-ұғым қандай?
9. 1988 жылы этнос ұғымы мен терминологиялық жинақ жасауға атсалысқан этнограф.
10. «Кеңестік этнографиялық мектеп» ұғымын 1946 жылы енгізген этнолог кім?

II бөлім

ҚАЗАҚТАН ШЫҚҚАН АЛҒАШҚЫ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

2.1. Қазақтың алғашқы этнографтарының зерттеулері

Ш.Ш. Уәлихановтың этнографиялық зерттеулеріндегі сырттай бақылау әдісін қолдануы. Қазақтың ұлы ғалымы, этнограф және ағартушысы Шоқан (Мұхаммед-Қанапия) Шыңғысұлы Уәлихановтың (1835-1865 жж.) есімі Орыс географиялық қоғамының және орыс шығыстануының тарихымен тығыз байланысты.

Ш. Уәлиханов қазақ халқының этнографиясы мен фольклортануының талдануына елеулі үлесін қосты. Ол әр түрлі этнографиялық мәселелерді зерделеді және көптеген құнды аяқталған және аяқталмаған этнографиялық зерттеулер қалдырды.

Ш. Уәлихановтың еңбегі – әсіресе Орта жүз қазақтарының тарихын зерделеуде ерекше. XIX ғасырдың ортасына дейін ғылымда, XVIII ғасырдың ортасында-ақ айтылып қалған, Орта жүздің этникалық топтары мен қырғыздар қазақтардан бөлек тұратын ерекше бір халықты құрайды деген қате пікір үстем болып тұрады. 1855-1859 жылдардағы мұқият зерттеулерінің нәтижесінде Ш. Уәлиханов көлемді материалдар жинап, ғылымдағы осы олқылықтың орнын толтыруға тырысқан.

Ш. Уәлихановтың қазақ халқының шығу тегінің мәселесі бойынша айтқандары мен зерттеулері де зор маңызға ие болған. Ол қазақ халқының тарихнамасында бірінші болып этнография мен фольклордың мәліметтерін жоғары бағалады, қазақ шежірелерін, аңыздарды, мақалдарды қазақ халқының қалыптасуын, этникалық аумағын, шаруашылығын, тілі мен мәдениетін зерттеудегі орны толмайтын деректемелер ретінде қарайды. Ғалымның ежелгі тарихты зерттеу үшін этнографиялық және фольклорлық

деректемелердің мәні туралы пікірлері «Жоңғария очерктерінде», «Оңтүстік Сібір тайпалары туралы жазбаларында», «Қырғыз шежіресінде» көрініс табады.

Ш. Уәлиханов этнографиялық және фольклорлық деректемелерді іздестіруге, жинақтауға, зерттеуге, оларды сынауға және автордың түсіндірмелерімен бірге жариялауды дайындауға және ғылыми деректемелік талдаулар жасауға ерекше мән беріп қарады. Оның мұндай жұмыстары «Сот реформасы туралы жазба», «Қырғыз шежіресі», «Қырғыздардағы шамандықтың қалдықтары», «XVIII ғ. батырлар туралы тарихи әңгімелер», «Шона батыр» деген мақалары мен жазбаларында көрініс табады. Ол сонымен қатар «Орақтың әндері», «Абылайдың әндері» деген фольклорлық шығармаларды баспаға дайындайды. Олардың көбі толықтай тарихи-этнографиялық ой қорыту мен әр түрлі этнографиялық және фольклорлық деректемелерді талдаудың негізінде жазылып, оқырманды ғалымның шығармашылық зертханасына алып келеді, оның ғылыми жұмысының әдістерін сипаттайды және теориялық тұрғыда өте маңызды болып табылады.

Ш. Уәлиханов сонымен қатар қазақ халқының тарихы мен этнографиясы бойынша өзіне дейін ғылымда белгісіз болған жазбаша деректемелерді, соның ішінде орыс (әдеби және мұрағаттық) деректемелерін тауып, зерделеді және оларды өзінің еңбектерінде кеңінен пайдаланады.

Ш. Уәлихановтың еңбектерінде қазақ халқының құрамының (этногенезін) әр түрлі ру-тайпалық топтардың тарихы бойынша көптеген мәліметтер келтіріледі, бірақ ол тайпалардың бірқатарын, мәселен, үйсіндер, наймандар мен өзгелерді моңғол тайпаларынан шықты деп қате тұжырымдар жасайды.

Қазақтың антропологиялық кескінінің, этникалық аумағының, тілінің, шаруашылығының және мәдениетінің қалыптасуы туралы мәселелер де ғалымның назарынан тыс қалмаған.

Ш. Шыңғысұлының шығармаларында қазақ халқының материалдық және рухани мәдениетіне де сипаттама беріледі. Оның «Қырғыздардың ежелгі замандардағы қарулануы және олардың әскери сауыт-саймандары», «Қазақтың халықтық поэзиясының формалары туралы», «Қырдағы мұсылмандық туралы», «Қырғыздардағы шамандықтың қалдықтары» деген мақалалары үлкен ғылыми қызығушылықты тудырады.

Ш.Ш. Уәлихановтың қазақ халқының этнографиялық зерделенуіне қосқан үлесі шексіз. Оның жинаған ғылыми материалдары және қорытындыралы күні бүгінге дейін маңызы мен мәнін жойған жоқ. Оның еңбектері қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысының одан әрі зерттелуінің тарихына үлкен ықпалын тигізді.

Қазақ этнографы М.-С.Қ. Бабажановтың этнолингвистикалық әдісті пайдалануы. Бабажанов Мұхамед-Салық (1832, Бөкей ордасы – 1871, сонда) – этнограф, қоғам қайраткері, ағартушы. Ордадағы орыс-қазақ мектебінде бастауыш білім алған (1841-1845) соң, Орынбордағы Неплюев кадет корпусының Азиялық бөлімін бітірген (1851). 1852-1855 жж. Орынбор шекаралық комиссиясының кеңсесінде қызмет етті. 1855 жылы Ішкі Орда қазақтарының толқуына қатысты деген желеумен қызметінен қуылып, 2 ай абақтыда отырды. 1855-1861 жж. Ішкі Орданы басқару жөнінде Уақытша кеңестің кеңесшісі болды. 1862 ж. қызметтен кетіп, 1866 жылға дейін мал шаруашылығымен шұғылданды. 1866-1871 жж. Ішкі орданың Қамыс-Самар бөлімшесінің басшысы қызметін атқарды. С. Бабажанов қазақтың салт-дәстүрі, шаруашылығы, діни нанымы, аңшылық кәсібі жөнінде еңбектер жариялады. Халықтың көне тарихи мұраларын, аңыз-ертегілерін, өлең-жырларын, мақал-мәтелдерін жинап, зерттеді. Ресей музейлері мен ғылыми мекемелеріне қазақ тарихы мен тұрмысына қатысты археологиялық, этнографиялық жәдігерлер жіберді. 1861 ж. Орыс география қоғамының мүшесі болып сайланды. Этнография бөлімінің жұмысына елеулі үлес қосқаны үшін 1862 ж. аталмыш қоғамның күміс медалімен марапатталды. Бабажанов – ғылыми еңбектері үшін ресми марапатталған тұңғыш қазақ. Ол Ресей империясының қазақ елін отарлау саясатына наразылық танытқан мақалалар да жазды. 1860 ж. қазақ халқының уәкілдігі құрамында Санкт-Петербургке келіп, Орынбор генерал-губернаторы В.А. Перовскийдің үстінен патшаға шағым жасады. Бабажановтың ғылымға сіңірген еңбегі туралы Ш. Уәлиханов, П.П. Семенов-Тянь-Шанский, В.В. Григорьев, П.И. Небольсин, А. Харузин, т.б. пікір білдірген. Белгісіз жағдайда қаза тапқан. 1850 – 1860 жылдары қазақ этнографы М.-С. Қ. Бабажанов Орынбор өлкесінде өмір сүрді және жұмыс жасады. Оның өмірі де, өнері де, өресі де, тіпті білім дәрежесі де Шоқанға өте

ұқсас. Екеуі де текті атадан, екеуі де зиялы ортадан, екеуі де бір мектептен. Ең ақыры тағдыры да ұқсас болды, екеуі де өмірден ерте өтті. Мұхамбет-Салықты ел-жұрты көбіне Салық деп қысқартып атаған. Ол 1834 жылы Бөкей ордасында қазіргі Орда ауданында туған. Әкесі Жәңгір ханның қайын атасы, Исатай, Махамбет көтерілісінде жиі айтылатын Қарауылқожа Бабажанов. Салықтың анасының аты Жәмила, жұбайы Ғазиза атақты күйші Дәулеткерейдің қарындасы. М. Бабажанов есімі белгілі Жәңгір ханның мектебін бітіріп және оның қамқорлығымен 1845 жылы М. Бекмұхамедов, Ж. Ниязов, М. Жантөриндермен бірге Орынбордағы Неплюев атындағы кадет корпусында оқыған 8 жастың бірі.

Белгілі этнограф ғалым В. Григорьев оны «...аса қабілетті және тамаша білімді адам» деп өте жоғары бағалаған. М. Бабажановтың атын шығарған оның ғылыми-этнографиялық және публицистикалық шығармалары еді. Сегіз қырлы, бір сырлы ғалымның бұл еңбегі айрықша тоқталуды талап етеді. Құғындағы кезінде де, бақытты кезінде де ол қаламын қолдан түсірмей, әділдік, шындық жолындағы өткір мақалаларын жариялап, күресін тоқтатқан жоқ. 1854 жылдан бастап Санкт-Петербурда, Орынборда және іргелес Астрахань губерниясында шығып тұратын «Северная пчела», «Санкт-Петербургские ведомости», «Деятельность», «Охота», «Волга», «Орыс географиялық қоғамының хабарлары мен жазбалары», «Этнографиялық жинақтар» сияқты газет-журналдарды жаздырып алып, оқыды және оларға мақалалар жазды. М. Бабажанов заманы алғашқы қазақ зиялыларының туып, өсуі мен шетел және орыс саяхатшылары мен ғалымдарының қазақ өлкесін зерттей бастауымен тұтас келді. Орыстардың жергілікті халық өмірі мен тарихын, әдет-салтын білмей жазған, көбінесе теріс пікірде құраған мағынасы тайыз мақалаларын оқыған ғалым қолына қалам алып, көптеген мәселелерді өзі жазды. Және білгірлікпен дәйекті түрде жазды. Оның бұл мақалаларын жоғарыда аталған газет-журналдар кідіріссіз жариялап тұрды. Оның әсіресе «Қымыз туралы жаңалық», «Орал казак-орыстары мен Ішкі Орда қазақтарының айтысы», «Ішкі қазақ Ордасының жылқылары және оны бағу», «Нарын құмы жөніндегі мәліметтер», «Ішкі Бөкей ордасындағы аңшылық» деп аталатын мақалалары мен зерттеу еңбектері мән-маңызы өте жоғары ең-

бектер еді. Әсіресе, мұндағы жылқы, қымыз жөніндегі жазбалары күні бүгінге дейін құны жоғалмайтын дүниелер. 1860 жылы қазақ өкілдерінің құрамында Петерборға барды. Осы сапарында ол белгілі этнограф, шығыстанушы П. Небольсинмен, ұлы саяхатшы Семенов-Тянь-Шанскиймен жүздесіп, танысады. Атағы зор екі ғалым да жас қазақ ғалымын жақсы көріп, еңбегін бағалады.

1850 жылдардың аяғында ол өзінің бастамасымен Географиялық қоғаммен тығыз байланыс орната бастайды және Қоғамның атына өзінің мақалаларын, жазбаларын және археологиялық және этнографиялық заттарды жібере бастайды.

1861 жылы оны Қоғамның Кеңесі этнография бөлімінің ұсынысы бойынша өзінің мүше-қызметкерлігіне қабылдайды, ал бір жылдан кейін «Этнография бөлімінің жұмысына қосқан үлесі, яғни Нарын құмынан табылған әйел мүсініндегі балбал тас үшін оны күміс медальмен марапаттайды. Бабажанов ғылыми еңбектері үшін ресми сыйлық алған алғашқы қазақ болды. Оның барлық мақалалары мен жазбалары өз кезінде Этнография бөлімінің барлық мәжілістерінде қаралып, жоғары бағаға ие болады.

Бабажановтың алғашқы ғылыми еңбектері танымал орыс этнографы П.И. Небольсинға хат түрінде жазылады, олар автордың рұқсатымен астаналық газеттерде жарияланады. Бабажановтың еңбектерінде қазақтардың өмірінен әр түрлі мәселелер қамтылады: қазақ халқындағы ағартудың жай-күйі мен тарихы, қазақтардың орыс және Орал казактарымен қарым-қатынасы.

Оның жекелеген еңбектері қазақ аңшылығы мен қазақ шаруашылығындағы жылқы ұстау туралы жазылды. Шағын мақалаларда археологиялық олжалары мен Ішкі орданың шағын оқиғалары, сонымен қатар қазақтың мақалдары мен мәтелдерінен зерттегендерінің нәтижелері туралы баяндалады.

Бабажанов орыс ағартуы мен мәдениетінің, қазақ және орыс халықтарының жақындасуының белсенді жақтаушысы болады.

Ы. Алтынсариннің этнографиялық еңбектеріндегі салыстырмалы-тарихи әдіс. Орынбор бөлімінің ең көрнекті қайраткерлерінің бірі атақты қазақ ағартушысы, педагог, жазушы және этнограф Ы. Алтынсарин (1841 – 1889 ж.ж.) болды. Қазақ халқының этнографиясын зерттеуді Алтынсарин ерте бастайды және оған қызығушылығын өмір бойы сақтап қалады. Ол ғылыми материалдарды жүйелі түрде жинап отырады, қазақтар туралы орыс

этнографиялық-тарихи әдебиетін жақсы білді және олардың оң және теріс жақтарын көре білді. Ғалым ретінде ол ғылымның алдына өзекті мәселелерді қоя білді және оларды шешу үшін өзінің үлесін қосуға талаптанды.

Алтынсариннің алғашқы ғылыми еңбектері «Орынбор ведомствосының қырғыздарындағы құда түсу мен үйлену кезіндегі салттардың очеркі», «Орынбор ведомствосының қырғыздарындағы жерлеу мен ас беру кезіндегі салттардың очеркі» 1866-1868 жылдары жазылып, 1870 жылы Орынбор бөлімінде жарық көреді.

1872-1873 жылдары Алтынсарин өзі жинаған қазақ әндерінің жинағын жан-жақты түсіндірмелерімен баспаға дайындайды, бірақ жарияламайды. Келесі жылы Орынбор бөлімі Алтынсариннің қазақ халқының этнографиясын зертеудегі өлшеусіз еңбегі үшін өзінің мүше-қызметкері етіп сайлайды. Бірақ жұмысына байланысты бөлімдегі белсенді іс-әрекетінен кетуге мәжбүр болады.

1876-1879 жылдары Алтынсарин өзі жинаған этнографиялық материалдарының негізінде қазақ мектептеріне арнап «Қырғыз хрестоматиясын» құрастырады. Онда әр түрлі тақырыптар қамтылады: қазақтардың әдет-ғұрыптары мен салттары, діни нанымдары мен дәстүрлері, олардың тұрмыс-тіршілігі мен кәсібі.

Алтынсаринді этнограф ретінде сипаттау үшін оның көсемсөздік мақалалары үлкен маңызға ие болады. 1880 жылы «Қырғыз даласындағы ашаршылыққа байланысты» деген мақаласында ол қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы, мәдениеті мен тұрмысы туралы жалпы сипаттама береді.

Өзінің жарияланған мақалаларында Алтынсарин этнографиялық зерттеулерді жүргізудің, ғылыми материалдарды жинау мен халықтың мәдени деңгейін, ерекшеліктерін, ұлттық ерекшелігі мен келешегін анықтаудың әдістемесі жөнінде көптеген ой-пікірлер мен идеялар айтады.

Орыс қоғамының Орынбор бөлімінің көрнекті қайраткерлері Т.А. Сейдалин, С.А. Жантөриннің, Б. Дауылбаевтың зерттеулеріндегі қолданылатын әдістер. Орыс географиялық қоғамының Орынбор бөлімінің белсенді мүшесі сұлтан Т.А. Сейдалин (1837 – 1901 ж.ж.) болды. Ол қазақ зиялыларының орыс білімі мен мәдениеті үшін күрескен өкіліне жатты.

Қоғамның Орынбор бөлімінің мүшесі бола отырып, Сейдалин Алтынсариннен кейін екінші болып, бөлімге өзінің «Торғай өзенінің бассейні бойындағы астық өсірудің дамуы туралы» деп аталатын қызықты этнографиялық мақаласын ұсынады. Сейдалин қазақтың заңгерлік салттарын зерттеуде өте үлкен еңбек сіңіреді.

Қазақ фольклорының зерттелуіне де көп назар аударады. Өзі жинап және орыс тіліне аударған қазақ поэзиясының үлгілері 1874 және 1875 жылдары С.А. Жантөриннің материалдарымен бірге баспада пайда болады.

Орынбор кадет корпусының Азиялық бөлімінің тәрбиеленушісі және Орынбор бөлімінің шын мәніндегі мүшесі С.А. Жантөрин (1837 жылы туған) де танымал этнограф болды. 1876 жылы ол Торғай облысының көптеген ауылдарын аралай жүріп, шығыстанушылардың конгресі үшін этнографиялық заттардың үлкен мөлшерін жинайды. Бірақ қаражатының жоқтығынан бұл коллекцияны Петербургқа жеткізе алмайды. Жантөриннің ғылыми жұмыстарының қатарында оның қызықты этнографиялық материалдардың негізінде жазған «Қырғыз жылқы шаруашылығының очерктері» деп аталатын мақаласы танымал.

Өте қабілетті этнографтардың бірі Орынбор бөлімінің мүше-қызметкері Б. Дауылбаев болды. Оның өмірбаяны белгісіз. 1881 жылы Дауылбаев «Торғай облысы Николай уезі қырғызының 1830 жылдан 1880 жылға дейінгі өмірі туралы әңгіме» деген мақаласын жариялайды және бұл үшін Орыс географиялық қоғамының күміс медалін алады. Ол мұндай марапатқа ие болған Бабажановтан кейінгі екінші және соңғы қазақ болды. Оның мақаласы қазақ халқын этнографиялық зерттеудің тарихында ерекше орын алады. Онда елу жыл ішіндегі қазақтардың мәдени-тұрмыстық деңгейдегі неғұрлым елеулі өзгерістері баяндалады. Қазақтарға арналған мұндай этнографиялық зерттеулер 1917 жылға дейінгі әдебиеттерде сирек болды. Б. Дауылбаев сонымен қатар 1894 жылы жарық көрген қазақ мақалдары жинағының да авторы болып табылады.

XIX ғасырдың екінші жартысында білімді қазақтардың тұтас бір тобы туған өлкенің тарихы мен этнографиясын зерттеуге белсене араласты. Атап айтқанда, Ресей географиялық қоғамының

Семейдегі бөлімшесінде Ө. Бөкейханов, Ш. Құдайбердиев, Ж. Ақбаев, М. Шорманов және басқалары жемісті еңбек етті.

Шоқан Уәлихановтың әкесі Шыңғыс Уәлиханов (1811-1901) өз ұлының ісін одан әрі жалғастырды. Ол Сібір әкімшілігіне қажетті тарихи-этнографиялық материалдар жинастырды. 1867 жылы Мәскеуге көрмеге қою үшін қазақтардың өмірі мен тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін ауқымды экспонаттар кешенін жіберді. Белгілі қазақ этнографы Мұса Шорманов (1819-1884) маңызды этнографиялық зерттеулер қалдырды. М. Шорманов Омбы кадет корпусында оқиды. Оқуын бітіргеннен кейін болыс, Баянауыл сыртқы округының аға сұлтаны лауазымды қызметін атқарды. Орыс армиясының полковнигі шенін алады. Ол «Батыс Сібір қырғыздарының мал өсіру кәсібі туралы», «Қырғыздардың ұлттық дәстүрлері», «Павлодар уезінің қырғыздары туралы жазбалар» деген мақалалар жариялады. Қазақтардың тарихы мен этнографиясын зерттеумен көрнекті қоғам және мемлекет қайраткерлері Ө. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ө. Ермеков, М. Жұмабаев, К. Кеменгеров, А. Сейітов және басқалар шұғылданды. Өз елінің тарихы мен мәдениетін зерттеуге қатысу олардың халықтың аянышты ауыр халін неғұрлым тереңірек түсінуіне жәрдемдесті.

Білімді тексеруге арналған сұрақтар:

1. Ы. Алтынсариннің қазақ халқының этнографиясын зерттеуде қосқан үлесі.
2. С. Бабажановтың қазақтың салт-дәстүрі, шаруашылығы, діни наным, аңшылық кәсібі жөнінде еңбектеріне талдау жасаңыз.
3. С.А. Жантөриннің қазақ фольклорын зерттеу әдістерін талдаңыз.

2.2. XX ғасырдағы Қазақстан жерінде этнография мектебінің қалыптасуы және олардың этнографиялық зерттеу әдістерін қолдануы

Әбубәкір Ахметжанұлы Диваев (3 желтоқсан 1856 ж., Ресей, Орынбор – 5 ақпан 1932 ж., Ташкент) – фольклортанушы, этнограф. Орынбор кадет корпусының Азия бөлімін бітірген (1876). Алғашында Түркістан өлкесіне әскери қызметпен келіп,

кейін Ташкент қаласында Әскери-халықтық басқармада қызмет еткен. Диваев өзбек, тәжік, парсы тілдерін меңгерген. Кадет корпусында оқып жүріп қазақ тілін үйреніп, қазақ халқының тұрмыс-салты, әдет-ғұрпына қатысты құнды материалдар, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаумен шұғылданған. Диваевтың қатысуымен 1895 жылы Қожа Ахмет Йасауи мешітінен табылған көне жазулар Түркістан өлкесі тарихын зерттеуге қосылған елеулі үлес болды. Ол тапқан көне мөрдің ортасындағы шеңберде Қожа Ахмет Йасауи есімі жазылып, «хижраның 1212 жылы» деген белгі бар, ал шеңбердің шетінде мөрді жасаушы шебердің есімі (Қожа хан) көрсетілген. Халық аузынан Асан Қайғы, Алаша хан, Әмір Темір, Қараш батыр, т.б. туралы деректер мен қазақ халқының бесік жырын, беташарын, құдалық салтын, мақал-мәтел, толғауларын, бақсы сарынын жазып алып жариялады. Диваев жинаған нұсқалардың тағы бірі – ежелгі күнтізбе, астрономия туралы халық ұғымдары. Диваев Сырдария қазақтарының өмірінен көлемді этнографиялық материалдар жинады. Қорқыт Ата бейітінің су үнгіп, жоғалып кету алдында тұрғанын айтып, жергілікті әкімшіліктен адамзат мәдениеті тарихындағы қымбат ескерткішті қорғауға алуды сұраған. Диваев Шу мен Талас өңіріндегі сәулет өнері ескерткіштерін зерттеуге де зор үлес қосты. Ол «Көк Кесене мавзолейі» атты еңбегінде баяндалған аңызда Ақ кесене мен Көк кесене өңірін бұдан 300 жылдай бұрын Ұса мен Зеринг бастаған қалмақтар билеп-төстегені, ал Ақ Кесене мен Көк кесене ескерткіштері қалмақтардың билігінен де бұрын болғаны, оның әскери қарауылшылар тұрақ-жай ретінде пайдаланғаны туралы аңыз-әңгімелер барлығы жайында жазады. Сондай-ақ Саңырық батыр жайында да мәліметтер келтіреді. Диваевтың ғылымға сіңірген еңбегін П.М. Мелиоранский, В.А. Гордлевский, В.В. Бартольд, т.б. ғалымдар жоғары бағалады.

Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, бастыру мәселелерімен XIX ғ. мен XX ғ. басында бір топ орыс ғалымдары айналысты. Олардың ішінде Сырдария генерал-губернаторы Н.И. Гродековтың 1884 ж. қазақ, өзбек, қырғыз халқы ауыз әдебиетін жинауды қолға алып, бұл жұмысты жергілікті халықтың тілін, салт-дәстүрін жетік білетін Орынбор кадет корпусінің түлегі Ә. Диваевқа тапсырды. Ол араб, парсы тілдерімен қоса қазақ, өзбек, тәжік тілдерін де жетік білетін еді.

Ә.А. Диваев белгілі түркітанушы В.Н. Наливкинмен, тарихшы, этнограф, филолог А.Н. Вышнеглядскиймен жүздесіп, ақыл-кеңес ала отырып, зерттеу жұмысының жоспарын жасады. Ел аузындағы ертең, аңыз-әңгіме, батырлар жырын жетік білетін қариялармен пікірлесіп, олардың білгендерін жазып алып жіберіп отыратын мұғалім-молдаларды бұл іске тартты. Өзі жинаған материалдардың бір тобын Ресей география қоғамының Қазандағы бөлімшесіне жіберіп отырды. Сондай-ақ 1886 жылы Ташкентте шыға бастаған «Түркістан уалаяты» газетінде жариялады. Ә. Диваев біріншіден, қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін келешек ұрпақ үшін, тарих үшін қажетті дүние деп қараса, екіншіден, жиналған материалдарды орыс тіліне аударып, бастыру арқылы қазақтың көне мәдени мұрасымен орыс, батыс халық өкілдеріне таныстыруды көздеді. 1896 ж. Қазан университеті жанындағы археология, тарих және этнография қоғамы Ә. Диваевқа хат жолдап, аталған қоғамға мүшелікке алғанын хабарлайды.

Бұл қоғамның белсенді мүшелері: В.В. Радлов, А.Е. Алекторов, Г.Н. Потанин, В.П. Наливкин, Н.П. Остраумовтар да түркі халықтарының мұраларын жинау, зерттеу ісімен айналысатын.

Ә. Диваев осы қоғамға өзі ел аузынан жинаған бай материалдарды және өзінің олар туралы жазған зерттеу мақалаларын жіберіп тұрды.

1896 ж. 22 қаңтарда Ә. Диваев ТКЛА-ға (Ташкент археология қызығушыларының үйірмесі) мүше болып қабылданып, 1917 ж. дейін сол үйірмеден қол үзбей қызмет етеді. Диваев кейін Москва университетінің табиғаттану, антропология, этнография қоғамына мүшелікке өтіп, оларға да көптеген материалдар жіберіп тұрды.

2004 ж. Диваевтың қатынасымен Ташкентте мұсылман зиялыларының әуесқой театрын ұйымдастырды. Онда Диваев өзінің «Махаббат машақаты» атты пьесасын қойды. 1915 ж. Диваевтың ғылыми қызметінің 25 жылдығы аталып өтіліп, «Қазақ», «Туркестанские ведомости», «Живая старина» газеттерінде оған арнау мақалалар жарияланды.

1918 ж. Түркістан Халық Университеті ашылып, Диваевты осы университетке оқытушылық қызметке шақырады. Ташкент университеті кеңестік Орта Азияның шығыстану орталығына айналды. Кейіннен одан шығыстану институты бөлініп шығып,

онда көрнекті шығыстанушы ғалым-академиктер қызмет етті. Олардың ішінде: В.В. Бартольд, С.Е. Малов, И.И. Зарубин, М.С. Андреев, М.Ф. Гаврилов, А.А. Семенов, В.М. Кун т.б. сияқты көрнекті ғалымдар болды.

Ә.А. Диваев 100-ге тарта ғылыми еңбек қалдырды. Ол жинаған қазақтың батырлар жыры 1922-1923 жж. Ташкентте тұңғыш 9 том болып басылды. 1924 жылы Ташкентте қазақтың тұрмыс-салт өлеңдерінен құрастырған «Тарту» атты жинақ, ал 1926 жылы Қызылордада «Балаларға тарту» жинағы шықты. Ол «Алпамыс», «Қамбар батыр» жырларының бірнеше варианттарын, «Газша бала» ертегісінің үш нұсқасын салыстыра зерттеп, олардың ішіндегі ең толығын және ең көркем дегендерін баспа арқылы шығарып отырған.

Ә. Диваевтың 1920 жылы Жетісу, Сырдария бойына ұйымдастырған экспедициясы орасан мол материал әкелген. Олардың ішінде аңыз да, жұмбақ та тақпақ та, мақал-мәтелдер де, айтыс өлеңдер де бар.

Ә.А. Диваев жинаған мұралар ішінде көлемі 8 томдық «Манас» дастаны да бар. Ол «Манас» эпостық дастанын ең ұзақ, энциклопедиялық жыр ретінде дей келіп, «Манас» батырдың атымен бүкіл қырғыз елінің өмірі мен тұрмысы жырланады дейді. Осы еңбегінде Орақ-Мамай, Ер Қосай сияқты қазақ батырларының да жырда кездесетінін айтып, оны қойы қоралас, ауылы аралас қазақ-қырғыз елінің мәдени қарым-қатынасының куәсі деп қарайды.

Диваев «қазақ» сөзінің шығу тарихы туралы да өз пікірін білдіреді. Ол қазақтың тыю сөздері мен 70-ке тарта ырымдарын талдай келіп, олардың шығу тегіне, тәлімдік мәніне тоқталады. Бақсылардың кім екендігіне түсініктеме береді. Қазақтың «Ас иесімен тәтті», «Айналайын» деген сөздердің этимологиясына талдау жасайды. Ә. Диваев қазақ ойындары мен ойыншықтарының мән-мағынасына да талдау жасайды. Жарты ғасыр өмірін қазақтың мәдени мұрасын жинауға, зерттеуге арнаған Ә. Диваевтың еңбегі туралы кезінде М. Дулатов, М. Жұмабаевтар өлең, мақала жазып, жоғары бағалаған.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың «Алаш» зиялысы ретіндегі қоғамдық-саяси қызметімен қатар оның бай ғылыми мұраларын жан-жақты зерттеу бүгінгі күні Отан тарихында-

ғы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Мәселенің өзектілігі ең алдымен, Ә.Н. Бөкейханов қазақ халқының өмірінің барлық жақтарын, өлкенің тарихын, оның мәдениетін, тұрмысы мен шаруашылығын және табиғи байлықтарын іргелі түрде зерттеп, қазақ ұлттық ғылымының негізін салушы ғалымдардың бірі болуымен айқындалады.

Ә.Н. Бөкейханов – Санкт-Петербургте Императорлық Орман институтын «Ормантанушы ғалым» мамандығы бойынша аяқтап шыққан тұңғыш қазақ. Ол ХХ ғасырдың басындағы патша үкіметінің Қазақстанға жіберген ғылыми экспедицияларына қатысып, бірнеше ғылыми еңбектер, ондаған ғылыми очерктер, мақалалар және естеліктерді жазды. Солардың ішінде қазақ қойлары мен қазақ қой шаруашылығы, ірі қара мал туралы монографияларын атап өтуге болады. Бұнымен қоса ұжымдық түрде А.Н. Сидельников және С.Д. Чадовпен бірлесе отырып жазылған «Исторические судьбы киргизского края и культурные его успехи» атты ғылыми еңбегі бар.

1895 жылы жазда Омбыға Дала облысындағы қоныстанушылардың жағдайын зерттеу үшін Половцев экспедициясы келеді. Бұл экспедиция құрамы жоғары оқу орнын жаңа бітірген студент жастардан тұрды. Бұл туралы С.П. Швецов Омская газеті бетінде «Степной край и политическая ссылка» атты мақаласында жазады. Петербург Орман институтын аяқтаған Ә.Н. Бөкейханов та осы Половцев экспедициясына қатысу үшін Омбыға келген. Половцев және Тобыл экспедицияларына қатысуы Ә.Н. Бөкейхановтың ғылыми-зерттеу жолына түсудің бастамасы болды. Экспедиция құрамында жүріп жинақтаған материалдар негізінде «Киргизы» атты ғылыми очеркін жазды. Бұл еңбек жарыққа шыққаннан кейін 75 жыл өткен соң, яғни 1985 жылы ағылшын ғалымдары қызығушылық танытып, оны «Казахи о русских до 1917 года» атты жинақ түрінде қайта басып шығаруы еңбектің жоғары ғылыми деңгейін көрсетеді. Көрсетілген еңбектерден басқа Ә.Н. Бөкейханов ғылыми жағынан өте құнды бірқатар ғылыми зерттеулердің авторы болып табылады. Дала облысындағы экспедиция жұмысына қатысқаннан кейін Әлихан Нұрмұхамедұлы 1877 жылы ашылған Императорлық Орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің жұмысына араласады.

Осы қоғам өзінің маңайында жергілікті мәдени күштерді біріктіре отырып өлкені зерттеу ісінде сонымен қатар өлкенің ағартушылық ісінде ерекше орын алды. Осы бөлімнің жұмысымен Ә.Н. Бөкейхановтың ғылыми-зерттеу қызметі тығыз байланысты болды. Омбы бөлімнің басты қызметкерлері және дем берушілері саяси жер аударылғандар еді және олардың қызметін жергілікті интеллигенция өкілдері қолдап, белгілі бір бағыт алып, жергілікті қоғамның ғылыми өміріне өз әсерін тигізді.

1901 жылы Ә.Н. Бөкейханов Императорлық Орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің Атқарушы Комитетінің мүшесі болып сайланды. Бұл оның ғылыми-зерттеу қызметінің маңыздылығының мойындалуы еді. Дала өлкесі генерал-губернаторы Сухотин бөлімнің құрамындағы революциялық көңіл-күйдегі мүшелерді шығарып жіберді. Генерал-губернатордың әрекетіне наразылық білдірген Әлихан Бөкейханов бөлімнің құрамынан шығады.

Бұдан кейін Әлихан Бөкейханов Семипалатинский листок газетінде: «Жер өңдеу Министрлігінің далалық немесе «қырғыз» облыстарын зерттеу үшін Ф.А. Щербина бастаған экспедицияның ұйымдастырылуы туралы оқып, біледі. Экспедицияның жұмысына статистика, экономика және ауылшаруашылығы бойынша көптеген мамандар тартылды. Осы экспедиция құрамына Ә.Н. Бөкейханов жеке экспедициялық партияның жетекшісі ретінде қатысады. Осы экспедиция құрамында Жүсіп Сатыбалдин Ә.Н. Бөкейхановтың көмекшісі болды, Ережеп Итбайұлы тіркеуші қызметін атқарды, М. Шомбалұлы И.Ф. Гусевтың көмекшісі болды. Біздің пікірімізше, Щербина экспедициясы қатарына қатысқан осы қазақтарды және Қазақстанға саяси жер аударылған және қазақ халқының өмірін жақсы білетін Л.К. Чермак, И.В. Гусев, И.Д. Трипольскийлерді де таңдап алып, Әлихан Бөкейханов арнайы шақырған болуы керек. Себебі, Ә.Н. Бөкейханов бұлардың кейбіреулерін экспедицияға дейін білген және олармен бірге қызмет атқарған. Мысалы, Л.К. Чермакпен ол «Степной край» газетінде бірге қызмет жасаған. Олар тек бірге қызмет атқарып қоймай, жақын дос болған. Достықтары 1930 жылға дейін, яғни кеңестік кезеңге дейін ұласқан. Дәл осы Л.К. Чермактың ұсынысы бойынша 1934 жылы В.Д. Бонч-Бруевич Ә.Н. Бөкейхановқа көркем әдебиет, сын және публицистиканың Орталық мұражайын ұйымдастыру туралы өтініш еткен.

Бір сөзбен айтқанда Ф.А. Щербина бастаған статистикалық-экономикалық экспедициясының құрамында жай кездейсоқ адамдар болған жоқ. Керісінше олар мемлекеттік құрылысқа өзгеріс енгізуге ұмтылған Ресей интеллигенциясының прогрессивті бөлігінің өкілдері еді. Бұлар өздерінің саяси пікірлері үшін жер аударылған. Сонымен қатар, бұл адамдар Қазақстанның жергілікті халқының тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік-саяси жағдайымен жақсы таныс болатын. Осылардың барлығы экспедицияның қорытындыларына өз әсерін тигізді.

Ә.Н. Бөкейхановтың Щербина экспедициясындағы қызметі туралы С.П. Швецовтың 1928 жылы қаңтар айында жазған мінездемесінде қысқаша сипаттап, оған жоғары баға береді, экспедициядағы атқарған жұмысына жан-жақты тоқталып, «Ә.Н. Бөкейханов сол кездегі Қазақстан халқының өмірін зерттеген аз зерттеушілердің қатарына жатады» деп көрсеткен. Экспедиция жұмысымен қоса Ә.Н. Бөкейханов мынандай зерттеулер жүргізіп, ғылыми еңбектер жазды. Қарқаралы, Павлодар (Семей облысы) және Омбы уездерін (Ақмола облысы) зерттеуге қатысып, тиісінше, экспедиция қорытындысында жарыққа шыққан «Материалы по киргизскому землепользованию» атты жинақтың VI, IV, XI томдары, сонымен қатар, Павлодар уезі бойынша (IV том) – «Қоныстану тарихы», «Қызылтау және Алтыбай болыстарының шаруашылығының сипаттамасы», «Жерді пайдаланудың қауымдық жер формалары мен тәртібі», Қарқаралы уезі бойынша (VI том) «Қауымдық ауыл топтарына ескерту», «Рулық сызбалар», көшіп-қону кестесі мен қырғыз сөздерінің алфавиттік көрсеткіші, табиғи-тарихи аудандардың сипаттамасы, қырғыздардың жер пайдалану картасы, Ақмола облысы Омбы уезі бойынша (XI том) «Үйірдің бағылуы туралы», жалға алу туралы, қауымдық кестеге ескерту, туыстық-рулық сызбалар бөлімдерінің авторы болып табылады.

Ә.Н. Бөкейхановтың «Материалы по киргизскому землепользованию» атты жинақтың XI томына енген очерктері ғылыми қызығушылық тудырады. «Үйірдің бағылуы туралы» деген бөлімде жеке бағылатын жылқы табындарына (үйірлері), оның ішінде оларды бағу жағдайы мен бақташылардың тұрмысы, жағдайына толық сипаттама беріп кетеді.

«Аренда» (ХІ том) деп аталатын бөлімде сол кездегі жерді жалға алу мәселесіне (түрлі жер учаскелерін жалға беру тәртібі, төлем шарты, сандық мәліметтер) талдау жасайды. Ә.Н. Бөкейханов осы томда берілген рулық сызбалардың (Омбы уезінің болыстары мен онда өмір сүретін рулардың атауы көрсетілген) және ескертулердің (жеке терминдер мен атауларға қысқаша түсінік түріндегі) авторы болып табылады. Ә.Н. Бөкейхановтың табиғи-тарихи аудандарды белгілеп беруі оның Щербина экспедициясы құрамындағы зерттеушілік қызметінің маңызды нәтижелерінің бірі, үлкен ғылыми мәселе болды. Қолда бар мәліметтер негізінде ол Қарқаралы уезінің барлығы 22 ауданына толық табиғи-географиялық сипаттама берді. Онымен қоса экспедиция материалдарының VI томына Қарқаралы уезі қазақтарының толық рулық сызбасы, оның ішінде Ә. Бөкейхановтың өзінің ру шежіресі де енді. Қарқаралы уезіне арналған бұл том қысқа түрде жазылғанына қарамастан жиналған материалдардың толықтығымен және оларға терең талдау жасалуымен ерекшеленеді. Ә.Н. Бөкейханов Щербина экспедициясының зерттеу жұмыстарына қатыса отырып, бір уақытта Қазақстанда жүргізіліп жатқан қоныстандыру және отаршылдық саясат мәселесін жан-жақты зерттеп, осы мәселе бойынша «Сибирские вопросы» журналына бірінеше ірі мақаласын басып шығарады.

Осылайша, ХХ ғасырдың басындағы қазақ даласын зерттеуге арналған арнайы ғылыми экспедициялар жұмысына қатысып, Қазақстан ғылымының дамуына үлкен үлес қосып, аймақтың табиғаты, жер қойнауы, шаруашылығы, тарихы, этнографиясы мен тұрмысы бойынша іргелі зерттеулердің негізін салған көрнекті ғалым алаш зиялыларының көшбасшысы Әлихан Бөкейхановтың еңбектері бүгінгі Тәуелсіз еліміздің Отандық тарихын зерттеуде және Қазақстан Республикасының болашақ даму жолын анықтауда бағыт-бағдар беретін құнды еңбектердің қатарына жатады.

Санжар Сейітжапарұлы Асфендиаров (20.10.1889, Ташкент – 25.02.1938, Алматы) – көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, дарынды ғалым-тарихшы, профессор, педагог.

Сол кездегі заманға сай білімді, сауатты отбасында тәрбиеленген ол әкесінен қалған медицина туралы кітаптардан басқа тарих, биология, география салаларындағы кітаптарды және еу-

ропалық саяхатшылардың Орта және Орталық Азия елдеріне жасаған қызықты саяхаттары туралы жазылған кітаптарды қосымша түрде оқып, әлемге деген өзінің қызығушылығын оята бастады. Осының әсерінен ол тілмаштық жолды емес, өз халқының азаттығы үшін оның тарихын зерттеп, қоғамдық-мәдени деңгейін көтеруге тырысқан азамат болуға көңіл бөлді. Ол жергілікті халық тұрмысы жөнінен «Туркестанская губерния ведомости» басылымына мақалалар да жазып тұрды. Оның шығармашылық қызметінің шарықтауы Кеңес Өкіметі кезінде басталды. А. Асфендияров қазақ тілінде оқулықтар мен оқу құралдарын жазды. Мамандығы дәрігер бола тұра, тарихты, әдебиетті, өнерді, тіл білімін, биологияны терең зерттеді. Қазақ тарихын алғашқылардың бірі болып зерттеп «Қазақстан Тарихы» (көне заманнан бүгінге дейінгі) жинағының I және II томын жазды. Ол 1927 жылы Мәскеу қаласында жұмысы кезінде тарих ғылымының профессоры атағын алды. Бұл Қазақстан тарихында тарих ғылымы саласында қазақ оқымыстысына берілген тұңғыш атак болды.

1931-1933 жылдары ол КСРО ҒА-ның Қазақстандық базасы төрағасының орынбасары болады, ғылыми кеңес пен насихат комиссиясын, тарих-археология комиссиясын, қазақ сөздігі комиссиясын басқарады, ұлттық мәдениет жөніндегі Қазақ ғылыми-зерттеу институты тарих секторының меңгерушісі болады. Ол – Қазақстан тарихы жөніндегі көптеген жұмыстың авторы, сондай-ақ қабілетті зерттеуші-филолог және жазушы. Шығыс халықтарының өмірі туралы «Әлем шатыры» деген повесть, қазақ ұлтының мәдениеті жөнінде мақалалар жазды. Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңде қазақ халқының тарихына байланысты тарихи-этнографиялық мәліметтердің үлкен көлемі ғылыми айналымға енді, отандық кәсіби тарих ғылымы қалыптасу кезеңінен өтті.

XX ғасырдың басындағы кәсіби тарихшылар – С. Асфендияров, М. Тынышбаев, Х. Досмұханбетов, Қ. Кемеңгеров, Т. Шонановтар ауызша тарих айту деректерін өз зерттеулерінде кеңінен пайдаланып, Қазақстан тарихының очерктері мен оқулықтарын жазды. Осы кәсіби тарихшылардың ішінде тұңғыш рет ресми түрдегі үкімет шешімі бойынша мектепке арналған «Қазақстан тарихының программасы» мен «Қазақстан тарихының очерктері»

жарық көрсе, бұл – профессор С. Асфендияровтың шығармашылық еңбегінің нәтижесі еді.

Әлкей Хақанұлы Марғұлан (11.5.1904, Павлодар облысы Баянауыл ауданы – 12.1.1985, Алматы қаласы) – әдебиеттанушы, өнертанушы, шығыстанушы, ұлттық этнограф, археология мектебінің негізін қалаушы. Бүкілодақтық география қоғамының толық мүшесі (1933), филология ғылымының докторы (1945), Қазақстан ғылым академиясының академигі (1958), Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1961). Оның редакциясымен Шоқан Уәлихановтың шығармаларының 5 томдық толық академиялық жинағы жарық көрді. Педагогика саласында Әлкей Марғұлан фольклор бойынша зерттеулерінің маңызы зор. Тұңғыш рет халық педагогикасының біртумалары шоғырланған қазақ халқының аңыздарын, ертегілерін, жырларын іргелі зерттеді.

Марғұлан тарих, археология, этнография, әдебиет, өнер (қолданбалы және сәулет өнері) және металлургия саласына қатысты 300-ден астам ғылыми-зерттеу жұмыстар, 100-ден астам энциклопедиялық мақалалар жазды, сонымен қатар қазақстандық этнографтардың, археологтардың, тарихшылардың бірнеше буынын даярлады. Марғұланнның ғылыми еңбектерінің бірқатары шетел тілдеріне аударылды. 1991 жылы Қазақстан ҰҒА-ның Тарих, археология және этнология институтындағы археология орталығының негізінде Ә. Марғұлан атындағы Археология институты құрылды.

Оның «Мәшһүр Жүсіп мұрасындағы түркі эпосы», «Декабристер және Қазақстан», «Әлішер Науаи және қазақ мәдениеті», «Мұхаммед Хайдар – тарихшы», «Шоқан Уәлиханов және Орта Азия тарихы», «Суворов», «Жамбыл Жабаев» (1940–41), т.б. еңбектері жарық көрді. 1958-76 жылдары Марғұлан Сырдария, Шу, Талас өзендері бойында және Отырар, Сауран, Сығанақ қалалары орнында қазба жұмыстарын жүргізіп, соның негізінде «Көне қазақ жерінің қалалары мен құрылыс өнерінің тарихы» аталатын монографиясын (1950) жариялады. К. Ақышев, М. Қадырбаев, М. Оразбаевтармен бірге Орталық Қазақстанда жүргізген археология қазба жұмыстарының қорытындысы саналатын «Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті» (Древняя культура Центрально-

го Казахстана, 1966) атты ғылыми-зертханалық еңбегін жазып, кітаптың редакциясын басқарды.

Ә. Марғұлан «Қазақ халқының көне замандағы ақындық өнерінің шеберлері» атты еңбегінде (1959) қазақ халқының эпикалық жыр дәстүрін дамытқан ақындарға, шебер орындаушыларға, сал-серілерге тоқталып, олардың сөз өнеріндегі орнын айқындады. Еңбектегі ғылыми тұжырымдар танымдық тереңдігімен ерекшеленеді, онда көне ойшылдардан бастап Жанақ, Шөже, Арыстанбай, Марабай, Сүйінбай, Жамбыл, Нұрпейіс, Иса секілді ақындар шығармашылығы талданады. Ә. Марғұланның «Тамғалы тас жазуы» атты зерттеуінде әдеби-тарихи һәм мәдени деректер молынан кездеседі. Ол сонымен қатар қырғыз халқының «Манас» эпосы туралы ғылыми-зерттеулер ісінің дамуына үлес қосты. Қырғыз эпосын дүниежүзіне алғаш таныстырған Ш.Ш. Уәлиханов, кеңес заманында бастапқы зерттеулерді жүргізген Әуезов болса, кейіннен осы дәстүр Марғұланның «Шоқан және Манас» атты монографиясында жалғасты. Ол эпостағы өмір шындығы, жырдың шығу тегі, дәуірі, кейіпкерлері мен көркемдік кестесі және манасшылардың жырды жетілдірудегі қызметі, т.б. жөнінде ғылыми маңызы жоғары пікірлер айтты.

1957-1967 жж. Ш. Уәлихановтың ғылыми мұраларын жинайтын топқа (М. Әуезов, С. Бәйішев, С. Мұқанов, Қ.И. Сәтбаев, А. Нүсіпбековпен бірге) басшылық етіп, оның таңдамалы (1958) және 5 томдық шығармалар жинағын жарыққа шығарды.

1976-1984 жж. Қазақстан ҒА Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты этнография бөлімінің аға ғылыми қызметкері болды. Оның ынта-жігері мен ұсынысы бойынша қазақ даласының ең шалғай аудандарына бірнеше археологиялық және этнографиялық экспедициялар ұйымдастырылды. Ол өзіне дейінгі Қазақстанды зерттеуші орыс ғалымдарының қазақ даласы тек көшпелілер мекені болды деген тұжырымдарының шындыққа сай келмейтіндігін дәлелдеді.

Академик Ә.Х. Марғұланның ғалымдық, ұйымдастырушылық қарым-қабылетінің арқасында Қазақстанда археологиялық және этнографиялық зерттеулердің берік іргетасы қаланды, тарих, археология, этнография ғылымдары жүйеленіп бір ізге түсірілді.

Білімді тексеруге арналған сұрақтар:

1. Әбубәкір Диваев қандай этнологиялық зерттеу тәсілдерін қолданған?
2. Ә. Бөкейхановтың еңбектеріндегі рухани мәдениетті зерттеу әдістерін сипаттаңыз.
3. С. Асфендияровтың мал шарушылығын зерттеуге қосқан үлесі қандай?
4. Ә.Х. Марғұланның этнографиялық шығармаларына тарихи талдау жасаңыз.

ЭТНОЛОГИЯНЫҢ ҒЫЛЫМИ ӘДІСТЕР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ДАЛАЛЫҚ ЭТНОГРАФИЯСЫ

3.1. Далалық этнография нысаны

Қазіргі этнографияның алдында тұрған мәселелер, әсіресе халықтардың өмірі мен мәдениетін жан-жақты зерттеуде бір-қатар қиындықтарды туғызады. Этнографиялық материалдарды жинақтаудың негізгі формасы этнографиялық экспедицияларды ұйымдастыру болып табылады. Өкінішке орай этнографиялық зерттеулердің бір ауыздан мақұлданған экспедициялық жұмыс тәсілдері болмай отыр.

1960 жылдардан бері әлем халықтары арасында өзінің өткен тарихын, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін, материалдық мәдениетін жаңғырту үдерісіне бет бұру байқалады. Бұл жазу-сызуы ерте дамыған өркениетті халықтарды былай қойғанда, Африка мен Азияның және Латын Америкасының жергілікті халықтарында да байқалады. Осы орайда Орталық Азияның ірі этностарының бірі, Еуразияның үлкен кеңістігін алып жатқан қазақ этносының өткен тарихы мен мәдениетіне байланысты көптеген мәселелердің зерттелмей жатқанына назар аударылуда. Отарлық пен Кеңес дәуіріндегі қасаң жүйе халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мәдениетіне елеулі өзгерістер енгізіп, тіліне қауіп төндірді.

Сондықтан XX ғасырда қазақ халқының ежелгі мәдениеті, дүниетанымы, әдет-ғұрпы, шаруашылық дәстүрі қандай өзгерістерге ұшырады, оларға әлемдік өркениеттің ықпалы, халқымыз XXI ғасырға қандай дәрежеде аяқ басқалы тұрғаны жөнінде арнайы зерттеу жүргізіп, қорытынды жасаудың маңызы ерекше. Сонымен бірге қазақтардың осы жерді мекендеуші басқа да халықтармен қарым-қатынасы, мәдениеттердің өзара ықпалы жөніндегі мәселеге де айрықша назар аударылуы қажет.

Этнографиялық тәжірибенің мақсаты: біріншіден студенттердің дәріс және семинар сабақтарында алған білімін бекіту.

Екіншіден, тәжірибеші-студент экспедиция жұмыстарына қатыса отырып, далалық жағдайдағы еңбекті ұйымдастыру мен кәсіби-этнограф дағдыларын қалыптастыру.

Үшіншіден, этнографияны игеруге көңіл аударған студент-тәжірибешілердің алдына ғылыми тапсырмалар қойып, кәсіби дағдыларын қалыптастырып, олардың ғылым жолына баруына алғышарттар жасайды. Студенттердің ғылыми жұмыспен айналыса бастауы, студенттік ғылыми конференцияларға қатысып мақала берумен басталады.

Студенттерді тәрбиелеуде этнографиялық тәжірибенің баға жетпес маңызы, студенттерді жергілікті халықтың тарихы, мәдениеті, әдет-ғұрыптары, қай-таланбас қоғамдық тұрмыс-салттарымен танысу барысында арта түседі.

Этнографиялық тәжірибе – адамдармен тіл табысуға, әңгімелесу дағдыларын игеруге, тәжірибешілердің қоғамдық-саяси сұрақтарға байланысты дәріс оқу – мұның бәрі жоғары педагогикалық дайындық болып саналады.

Этнографиялық зерттеу жүргізілетін аймақ жөнінде мәліметтер жинау ең маңызды іс болып табылады. Гуманитарлық ғылымдардың өзге салаларының ішінде этнографияның өзгешелігі ең алдымен бастапқы фундаменталды дайындығын, яғни нақты тақырыпты анықтап алу, зерттеудің бағдарламасы мен әдістемесін құрастырып алу, теориялық білімді игерген болуы керек. Алдын-ала дайындықсыз далалық тәжірибеге шығудың да қажеті шамалы.

Этнография ғылымының анықтамаларының бірі С.П. Толстовтың пікірінше төмендегідей: «Этнография дегеніміз – әлемнің түрлі халықтарының мәдени және тұрмыстық ерекшеліктерін және осы ерекшеліктердің дамуындағы тарихи өзгерістерді, шығу тегін, орналасуы мен халықтардың мәдени тарихи өзара қатынастарын негізінен тікелей бақылау әдісімен зерттейтін тарих ғылымы».

Бұл анықтамада этнографияның нысаны туралы ғана емес, сонымен қатар деректік материалдарды жинаудың негізгі құралы – тікелей бақылау әдісі туралы нақты айтылған.

Тікелей бақылау әдісін оқу және әдістемелік әдебиет негізгі бөліктерін: жеке бақылау, информантпен жұмыс, зерттелуші материалды жазу, этнографиялық топтаманы жинау, құжаттамалық деректермен жұмыс жасау құрайтын далалық жұмыстардың өзара байланысты әдістемелер жиынтығы ретінде қарастырады.

Сонымен, далалық этнографияның нысаны болып қазіргі таңдағы этностар саналады. Дегенмен тікелей бақылау әдісімен нақты бір халықты зерттегенмен далалық жұмыста оның тек белгілі бір аумақтық бөлімшесі ғана қарастырылады. Далалық этнографияда бір халықтың бүкіл мәдениетін әрбір үй, бүкіл киім кешегін сипаттау, этникалық қауымдастықтың мекен еткен аумағындағы бүкіл фольклорын зерттеу мүмкін емес. Сондықтан далалық этнография нысаны тікелей бақылау әдісінің хронологиялық мүмкіндіктеріне байланысты аумақтық және кеңістік бойынша да шектеледі. Этносты толығымен зерттеу оның әр түрлі аумақтық бөлімшелерінде оны тікелей бақылау әдісімен жиналған мәліметтерді жүйелеу арқылы жүзеге асырылады.

3.2. Далалық этнография және этнографиялық дерек

Далалық этнография нысанының өзіне тән сипатын анықтайтын тағы бір жағдай: зерттеудің негізгі нысаны этникалық қауымдас тарихи этнографиялық облыс аумағында басқа этникалық қауымдастықтармен тарихи мәдени түрлі формада өзара байланысады. Сондықтан далалық этнографияның нысаны ретінде этностардың олардың көрші халықтармен тарихи мәдени байланыстарын ескере отырып жергілікті бөлігі ғана қарастырылады.

Этнографияның басқа ғылымдармен кірігу аясының кеңеюі, пәнаралық зерттеулердің пайда болуы, этнография ғылымының әдістемесін теориялық нақтылау этнографиялық зерттеулерде қолданылатын деректемелік қорын жетілдіруді талап етеді. Заманауи этнографияда дерек ұғымының мазмұны кең ауқымды. Оған тікелей бақылау әдісімен алынған немесе мұражай және жеке топтамалардың заттай деректерін зерттеу арқылы алынған этнографиялық мәліметтер кіреді.

Этнографияда қолданылатын деректердің кешенді сипаты туралы ұғымдар оны талдаудың әдістемесін жетілдіруді қажет етеді. Осыған байланысты этномәдени деректанудың деректердің «салалық» түріне емес, зерттеудің сәйкес бағытының проблематикасына қатысты жан-жақты ақпараттарды алу нәтижесіне бағытталған арнайы бағытын қалыптастыру қажеттігі туындады. Мұндай тиімді және этнографияның дамуының заманауи бағыттарымен анықталатын тұжырым этнографиялық деректерге жүгіну мүмкіндіктерін тудырады.

3.3. Далалық этнографиялық экспедицияны ұйымдастыру негіздері

Далалық зерттеу тәсілдеріндегі баспананы зерттеу. Этнографиялық зерттеулерді жүргізу барысында арнайы ұйымдастыру міндеттерін анықтау, зерттеу бірліктері мен құрал саймандарды таңдаудың мәні зор.

Этнология ғылымы далалық зерттеудің екі тәсілі: тұрақты стационарлық және жорықтық экспедициялық түрлері тарихи қалыптасқан. Тұрақты тәсіл немесе тұрақты экспедиция далалық этнографияның ежелгі дәстүрі болып табылады.

Стационарлық әдіс деп этнографтың зерттеуді өзі зерттеп жатқан этникалық ортада өмір сүріп ұзақ уақыт жүргізуін атайды. Бұл жағдайда қатаң хронологиялық шеңбер жоқ. Далалық жұмыстарды ұйымдастырудың стационарлық тәсілі этникалық қауымдастықтың мәдениеті, тілін монографиялық зерттеулер немесе дәстүрлі тұрмыстық мәдениеттің әр түрлі жақтарын тереңірек зерттеуге байланысты қолданылады. Стационарлық тәсілдің артықшылығы этнографиялық бақылаудың мүмкіндіктерін жүйелі пайдалануға жағдай жасайды.

Қазіргі таңда далалық жұмыстарды ұйымдастырудың экспедициялық тәсілі кеңінен таралған. Бұл тәсіл қысқамерзімді мақсатты не тақырыптық, ұзақмерзімді мақсатты циклдік және ұзақмерзімді кешенді монографиялық экспедицияларда қолданылады.

Экспедицияның ұзақтығы бірнеше аптадан бірнеше айға дейін созылуы мүмкін және ол далалық жұмыстарды жүргізу барысындағы міндеттермен анықталады.

Экспедициялардың ішінде қысқамерзімді мақсаттық не тақырыптық экспедициялардың мерзімі қысқалау, олардың міндеті дәстүрлі тұрмыстық мәдениеттің бірнеше, тіпті бір ғана компонентін терең зерттеу болып табылады.

Ұзақмерзімді циклдік, кешенді, монографиялық экспедицияларда қысқамерзімді экспедициялардың басты кемшілігі жиналған деректердің үздіктілігін қайталамауға мүмкіндік береді. Оларда этникалық қауымдастық мәдениетін терең кешенді зерттеледі. Далалық этнографияны әдістемелік жабдықтаудың бір түрі зерттеу нысаны этникалық қауымдастық мекендейтін аумақты зерттеу тәсілін таңдау болып табылады. Ол экспедициялық жұмыстың мақсаттары, міндеттері, тақырыбы, сонымен қатар экспедицияның түрі, оның техникалық жабдықталуымен, көлік құралының болуымен және ауданның демографиясына байланысты анықталады. Далалық этнографияда, әдетте, аумақты зерттеудің екі түрі қолданылады.

Қысқа мерзімді, мақсатты немесе тақырыптық экспедицияларда маршруттық, сонымен қатар кешенді экспедицияларда қолданылатын толықтай маршруттық зерттеулер кеңінен таралған. Бұл тәсіл этникалық картаға байланысты экспедицияның сызықтық маршрутының жолы өтетін негізгі қыстақтарды, жұмыс ауданын алдын ала таңдайды. Таңдалған қыстақтар зерттеудің негізгі бірліктері болып саналады, онда экспедиция алдын ала жоспарланған уақыт көлемінде жұмыс істейді. Зерттеудің маршруттық тәсілінің артықшылығы зерттеліп отырған этникалық қауымдастық мекендейтін аумақты кеңінен қамтуға болады.

3.4. Далалық этнографиялық зерттеудегі таңдау тәсілі

«Таңдалған» түрдегі зерттеу тәсілі. Зерттеудің келесі тәсілі тармақты зерттеу тәсілі, ол ұзақмерзімді циклді және кешенді монографиялық экспедицияларда қолданылады. Маршруттық тәсіл ұстанымдары тәрізді ол да зерттеудің базалық пунктін таңдайды. Бұл, әдетте ірілеу пункт – зерттеу тобын орналастыру көзделетін әкімшілік не шаруашылық орталығы. Мұнда зерттеу тақырыбы бойынша этнографиялық материалдарды жинау жү-

мыстары жүргізіледі. Ал топ мүшелері жақын маңдағы қыстақтарға бір екі күнге барып келіп «тармақтарды» құрайды. Бұл тәсіл мәдениеттің жергілікті ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндіктер береді. Жұмыс мерзімі ұзағырақ, яғни бір екі апта болуы мүмкін, бұл маршруттық тәсілге қарағанда тереңірек зерттеуге мүмкіндік бергенмен, маршрут бойынша жұмыс уақытының қысқаруына байланысты аумақтық қамтуы шектеледі. Тармақты тәсіл монографиялық тақырыптар бойынша деректер жинау барысында қала этнографиясын зерттеу кезінде қолданылады. Ұзақ мерзімді экспедициясымен қатар ол классикалық тұрақты тәсіл ретінде қарастырылуы мүмкін.

Далалық зерттеу ұйымдастырудың тәсілдері және әдістерімен қатар зерттеуші далалық жұмыстың негізгі нысандарын таңдайтын не анықтайтын зерттеу түрлерін басшылыққа алу қажет. Жалпы олар зерттеу тәсілдері мен әдістеріне сәйкес келеді.

Зерттеудің екі: *толықтай және ішінара* түрлерін атауға болады.

Ішінара зерттеу далалық жұмыстарды ұйымдастыру құрылымында маршруттық тәсілмен жұмыс істейтін қысқамерзімді мақсатты не тақырыптық экспедицияларға сәйкес келеді. Бұл жағдайда ғылыми тақырыпқа байланысты зерттеу пәні ретінде мәдениеттің белгілі бір жеке құбылысы таңдалып, ал зерттеу бірліктері ретінде қыстақтар тізімі анықталады.

Толықтай зерттеу түрі этникалық қауымдастық мекендейтін бүкіл аумақ шеңберіндегі барлық мәдени құрамалар бойынша деректер жинауды талап етеді. Әрине мұндай ұстаным үлкен күш пен қаражатты керек етеді. Сондықтан толықтай зерттеу түрін өңірлік зерттеулер, тарихи этнографиялық картографиялау үшін дерек жинау мақсатында қолданылады.

Сонымен, далалық этнографияның ұйымдастырушылық негіздерінің белгілі бір құрылымы бар оның негізгі бөліктері болып зерттеуді ұйымдастыру тәсілі немесе экспедиция түрі (стационарлық немесе экспедициялық), зерттеуді ұйымдастыру әдісі немесе этникалық қауымдастық мекендейтін аумақты қамту (бағдарлық немесе бұталық) және далалық жұмыс пәніне бағытталған зерттеу түрлері (жалпылық немесе таңдаулы) саналады. Далалық этнографияның ұйымдастырушылық нұсқаулары ара-

сындағы өзара әрекеттерінің негіздерін төмендегі кесте түрінде беруге болады (1-кесте).

1-кесте

Зерттеу тәсілі	Зерттеу әдісі		Зерттеу түрі	
	Мар-шругтық	Тұрақты	Толықтай	Ішінара таңдап
Тұрақты Экспедициялық:		+	+	
Қысқа мерзімді мақсатты	+		+	+
Ұзақмерзімді циклді		+		
Кешенді	+		+	
Монографиялық				

Далалық жұмыстарды ұйымдастыруда зерттеудің бірліктер жүйесі үлкен мәнге ие. Далалық этнография нысанының анықтамасы этностың күрделі ұйымдасқан құрылымдық құбылыс екенін көрсетеді. Бір жағынан ол қарапайым этникалық бөлімшелерден тұрады, екінші жағынан жоғарырақ таксономикалық дәрежедегі этнографиялық бөлімше құрамға кіреді. Далалық этнографиядағы зерттеу бірліктері зерттеу пәніне де тәуелді. Ол этникалық қауымдастықтардың түрлі деңгейлерінде дәстүрлі тұрмыстық мәдениеттің этникалық қасиеттерінің құбылмалылығымен байланысты. Зерттеу бірліктерін таңдау әдістемесі осыған негізделеді. Зерттеу бірліктерін таңдауға байланысты далалық этнографияның әдістемелік және ұйымдастырушылық түрлері өзгеріп отырады.

Этникалық қасиеттердің қарапайым көрінісі «этнограф» адамды есептеуге болады. Этнограф онымен әңгімелесу барысында зерттеу тақырыбы бойынша ақпараттар алады. Бұл жерде адамның психологиялық ұстанымдары нақты этникалық ортамен байланысқан тұлға, өмір салты ретінде қарастырылады. Осы тұрғыда адам дәстүрлі этнографиялық зерттеулерде ақпарат тасымалдаушы немесе *информант* есебінде зерттеледі.

Этникалық қасиеттерді тасымалдаушы келесі бірлік ретінде отбасы қарастырылады. Отбасының қоғамдық қызметтерінің та-

рихи өзгеруі оны нақты этникалық ортада этноәлеуметтік ағза ретінде қарауға мүмкіндік береді. Отбасы этникалық дәстүрді тұрақтандырушы болып табылады, мәдениеттің этникалық қасиеттерінің ұрпақтан ұрпаққа жетуін қамтамасыз етеді.

Далалық зерттеудің негізгі құрылымдық бірлігі ретінде қоныс қарастырылады. Қазіргі заманда бұл кішкентай ауыл да, қалалық типтегі қыстақ та, қала да болуы мүмкін. Қалаларды зерттеуде оның әлеуметтік, мәдени және этникалық орталарда әркетілігіне баса назар аударған жөн. Бұл әрбір компонентті жеке зерттеу бірлігі ретінде қарастыруды талап етеді.

Далалық зерттеудің келесі бірлігі болып этникалық және этнографиялық топ ретінде қаралатын этникалық бөліктер саналады. Бұл – мәдениеттің топтық ерекшеліктері бар этностың тарихи қалыптасқан бөлігі. Оларды зерттеу этникалық қауымдастықтардың тарихы, оның мәдени ерекшеліктерінің қалыптасу себептері бойынша дерек береді. Этникалық қауымдастықты зерттеудің монографиялық тәсілі оның этникалық бөлімшелерінің мәдени бөліктерінің қосындысы ретінде сипаттама береді.

Білімді тексеруге арналған сұрақтар:

1. Этнографиялық тәжірибенің негізгі мақсатын түсіндіріңіз.
2. Этнологияның зерттеу әдісіндегі кездейсоқтық.
3. Информатор дегеніміз кім, этнографтар үшін оның алатын орны қандай?
4. Зерттеудің екі түрін (толықтай және ішінара) салыстырып талдаңыз.

IV бөлім

ДАЛАЛЫҚ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯЛАРДЫ ҒЫЛЫМИ ЖАБДЫҚТАУ

4.1. Ұйымдастыру негіздерін жасау. Экспедициялық бағдарлама

Далалық этнографияның ұйымдастырушылық негіздері экспедицияның алдын ала тыңғылықты дайындығын қажет етеді. Оның бірнеше бағыттары бар: ғылыми жабдықтау, құрамын жасақтау және материалдық қамтамасыздандыру.

Ғылыми жабдықтау зерттеу тақырыбы бойынша дереккөзді жинақтау мәселенің өзектілігін анықтайды.

Этнографиялық зерттеуде далалық жұмыстарға дайындық барысында ескеруге тиіс әр түрлі деректер қолданылады. Олар төмендегі мақсаттарды көздейді: зерттеу ауданы бойынша ақпарат жинау; тақырып бойынша деректер; этнографиялық әдебиеттер, мұрағат, мұражай деректерін жинау; тақырып және зерттеу ауданына қатысты далалық жұмыстарды әдістемелік жабдықтау бойынша өткізу.

Нақты деректерді жинағаннан кейін экспедицияны ғылыми жабдықтаудың маңызды кезеңдерінің бірі ұйымдастыру ұстанымдары таңдалып, далалық жұмыстардың бағдарламасы жасалады.

Этнографиялық зерттеу бағдарламасы төмендегідей ұстанымдар көрсетілетін экспедиция құжаты болып табылады:

1. Экспедициялық зерттеуді жүргізу қажеттігін ғылыми негіздеу.

2. Экспедициялық зерттеудің негізгі мәселесі мен мақсаты.

3. Жекелеген мәселесі – жалпы мәселені жүзеге асыруға бағытталған тапсырмалар жинағы.

4. Ұйымдастыру негіздері: экспедиция түрі, зерттеу тәсілі мен қырлары.

5. Жұмыс ауданы және аудандағы жұмыстың уақытша кестесі, маршруты, маршрут бойынша жұмыстың уақытша кестесі.

6. Экспедиция құрамы – экспедиция мүшелерінің қызметтік міндеттері мен жекелеген мәселені бөлу.

7. Қосымшалар: құралдар тізімі, әдістемелік тәсілдер, соның ішінде далалық деректерді жинау барысында қолданылатын жазба тәсілдері де бар.

Егер экспедиция бірнеше топтан құралса, әрбір топтың өз бағдарламасы болуы тиіс, онда жалпы экспедициялық бағдарламаның бірнеше пунктері қарастырылады.

Осылайша, бағдарламада экспедиция мазмұны баяндалады. Бұл жерде «бағдарлама» ұғымының мәні далалық этнографияға қатысты екіжақты түсіндірілетінін ескерген жөн. Ұйымдастырушылық құжат ретінде «бағдарлама» ұғымының жалпы мәніне сәйкес «экспедициялық жұмыстың бағдарламасы» болады. Онымен қатар бір нақты мәселемен жұмыс жасайтын барлық мамандарға ортақ зерттеушілік бағдарламалар бар. Мұндай бағдарламалар далалық деректер жинау барысында сауалнама жасауға негіз болып табылады.

Этнографиялық сауалнама және оның міндеті. Далалық этнографиялық материалды жинау барысында қолданылатын құралдар жинағының негізін этнографиялық сауалнамалар мен анкеталар құрайды. Инструментарийдің екі түрінің болуы этнографияда қолданылатын сауалнама жүргізудің екі түрімен байланысты. Біріншісі – сұхбат алу немесе «бетпе-бет» сауалнама алу. Оны этнограф зерттеуші қажетті сауалнама арқылы жүргізеді. Екіншісі – анкетамен немесе сырттай сауалнама жүргізу, мұнда анкета информантқа өз бетінше толтыру үшін беріледі.

Этнографиялық сауалнама анкетаға қарағанда кеңінен пайдаланылады. Бұны тікелей сұхбат барысында алынған ақпаратты түзетуге, нақтылауға болатындықтан сұхбат алудың артықшылығын түсіндіруге болады.

Сауалнаманың құрылымының әдістемелік негіздеріне тоқталайық. Оны құрастыру барысында алдымен зерттеу міндеттеріне жүгінген жөн. Шешетін міндеттеріне байланысты сауалнамаларды жіктеуге болады:

- зерттеудің аумақтық көлемі бойынша жергілікті және ірі масштабты сауалнамаларды бөлуге болады;

- зерттеу мақсаты бойынша – монографиялық не кешенді және проблемалық сауалнамалар;
- жұмыс әдісі мен дерек сипатына байланысты сауалнамалар далалық жұмыстарда сұхбат алу немесе анкета жүргізу әдісіне бағытталады;
- сауалнамалар көлемі бойынша: толық, қысқа және таңдамалы болып бөлінеді.

Қазіргі таңда сауалнамалық әдістемелерде ішкі ұйымдастыру тәсілі бойынша жіктелетін сауалнаманың екі түрі: стандартталған, стандартталған емес сауалнамалар қолданылады.

Далалық жағдайларда қолданылатын этнографиялық инструментарийдің келесі түрі анкета болып табылады. Анкета дегеніміз – белгілі бір бағдарлама бойынша құрастырылған сұрақтарға жауаптар алу үшін сауалнамалық парақ. Анкета сауалнама жүргізуде сырттай сауалнама жүргізуді ұйымдастырудың техникалық құралы ретінде пайдаланылады. Анкетамен сауалнама жүргізу үш элементтен тұрады: анкета құрастыру, оларды тарту және зерттеу.

Далалық этнографияда анкетаның бірнеше түрлері пайдаланылады. Таратпа анкеталар поштамен таратылады немесе баспасөз бетіне жарияланады. Анкетаның бұл түріне зерттеушінің қатысуы міндетті емес. Анкетаның келесі түрі уақытша анкетаны зерттеуші далалық жағдайда деректерді жүйелеу тәсілі немесе алынған ақпаратты бақылау үшін қолдануы мүмкін. Көбіне анкета бақылау әдісімен жұмыс істеумен бірге пайдаланылады.

Білімді тексеруге арналған сұрақтар:

1. Анкетаның түрлеріне талдау жасаңыз.
2. Респондентпен диалог жүргізу әдістерін талдаңыз.
3. Сауалнаманың әртүрлілігі мен негізгі түрлерін көрсетіңіз.

4.2. Этнографиялық экспедицияның материалдық жабдықталуы

Этнографтың күнделігі. Сызу, сурет салу және көшіру құралдары. Далалық күнделік жүйелі түрде ресми мәліметтерді жинақтайтын негізгі құжат болып табылады. Ресми мәліметтер-

ге ағымдағы далалық жұмыстар: маршрутқа, хронологиялық және аймақтық байланыстылығына, жұмыс шартына, ұйымдастырушылық кезеңдеріне, атап айтқанда ақпарат ұсынушылар тізімін өңдеу, жұмыс аумағындағы баратын мекемелер тізімі секілділер жатады. Далалық күнделікке жеке бақылау нәтижелерін, мысалы тұрғылықты мекен жайдың жалпы сипаттамасы, әр түрлі тұрмыстық сюжеттер, кейбір жағдайларға деген жеке көзқарасын, материал жинау барысында қалыптасқан ескертпелер мен ой пікірлерді түртіп қою қажет. Дәл осы жерге күні бойына жасалған сауалнама, бақылау нәтижелерін, жазбалар, сызбалар тізімі, кестелер бойынша атқарылған жұмыс көлемі туралы мәліметтерді жазып отыру қажет, ал фототүсірілімдерді сәйкесінше фотокүнделікте жүргізіп отыру қажет.

Далалық дәптер зерттеліп жатқан тақырып бойынша мәліметтерді жүргізіп отыру үшін қажет. Негізгі жинақталатын екі ақпарат ағымы бойынша далалық дәптерге зерттеліп жатқан тақырып бойынша жеке бақылау нәтижелері мен сауалнамалық ақпараттар, жұмыс суреттері және сауалнамашылармен жасалған жұмыс бойынша ақпараттар жазылады. Дәл осы дәптерге жұмыс суреттері, сызбалар, кестелер мен сауалнамалық ақпаратты толықтырушы ақпараттарды енгізуге болады.

Бақылау нәтижелерін далалық күнделікке күнделікті жазбалар ретінде тіркеп отыру ұсынылады. Үздіксіз бақылау күнделікті үзбей жүргізіп отыруды талап етеді. Жазба мазмұны бақылау нәтижелеріне тікелей байланысты және бақылау жүргізу көзі, уақыты мен орынын көрсете отырып тиянақты қаттап отыруды жүктейді. Күнделік хронологиялық реттілік үзбей жүргізілетіндіктен, оны тақырыптар бойынша жүйеленген бақылау материалдарының сілтемелерімен қамтамассыз ету қажет.

Зерттеуді бастаушы адамның толтырылған күнделігіне қарай жинақталған кез келген ақпаратты қаттаушы жалғыз құжат болып табылады. Дәл осындай күнделікті ұйымдастырудың негізін хронологиялық әдістеме құрайды, сәйкесінше мұнда күнделікті жазбалар басым болады. Жазбалар аяқталысымен ондағы материалдар жүйеленеді және тақырыптық сілтеме мен түсіндірмелер жасалады.

Тақырыптық күнделік далалық құжаттардың тағы ір түрі болып табылады. Оған тек қана күнделікті жазбалар ғана емес, со-

нымен қатар зерттеу тақырыбына сәйкес «нақты» жазбалар да кіреді. Жоғарыда атап көрсетілгендей, мұндай күнделік арнайы «нақты» жазбаларға тиіспей-ақ күнделікті және өзге де қатысты жазбаларға сілтеме жасап отырылатын пәндік сілтемемен қамтамасыз етіледі. Осы далалық күнделіктегі жазбалардың нақты және күнделікті түрі теңдей көлемде болады.

Күнделіктің соңғы түрі этнографиялық зерттеу күнделігі болып табылады. Мұнда уақыты, орны мен т.б. жұмыс шарттары тіркелетін ресми құжат болып табылады. Зерттеу түріндегі материалдар тақырыптық түрде «нақты» жазбалар бойынша жүйеленеді. Бұл ретте оларды бөлек парақтарда жүргізіп, кейіннен оларды зерттеу тақырыптарына қарай топтайды. Мұндай жағдайда күнделікті жазбаларға қарағанда «нақты» жазбалар көптеу болады.

Қазіргі далалық күнделіктер қалыптасқан дәстүрді есепке алады, бірақ өте мақсатты түрде өңделеді. Далалық құжаттардың әр түрін бөлек дәптерде жүргізуге ұсынылады.

Далалық жағдайларда этнографиялық сурет салу көбіне дәстүрге құрмет есебінде қарауға болады, өйткені қазіргі кезде мұны толықтай фотосуретке түсіру алмастырды. Бұл, әсіресе түрлі түсті және қолжетімді фотоматериалдардың пайда болуымен кең таралды. Қазіргі таңда фотосуретке түсіру ою өрнектерді бейнелеуде, сонымен қатар заттардың өте күрделі бөлшектерін, құрылымдық бөлшектері мен т.б. суретке түсіруде пайдаланады. Этнографиялық сурет салу, басқа да таңбалау түрлері секілді зерттелетін объектіні нақты кескінін және оның түсі, материалы, көлемі мен пішіні секілді сипаттамаларын анық беруі керек. Этнографиялық суретке салудың спецификасы оның масштабтығында болып табылады.

Этнографиялық сурет салуға сызуды да жатқызуға болады. Ол көбіне кестелер мен жоспарларды таңбалауда пайдаланылады. Жоспарларды суретке түсіру тұрғылықты мекен-жайлар мен сол жерлерде орналасқан кешендерді, шаруашылық жайлар, бейіттер, рәсімдік орындар мен т.б. таңбалауда пайдаланылады.

Тұрғылықты мекен-жайды сызықтық жоспарлау кезінде қолданылатын магистраль көмегімен суретке түсіру тәсілін пайдалануға болады. Бұл үшін тұрғылықты мекен-жайды бойлай жоспарланған магистраль арқылы саламыз. Магистральдан түсі-

рілім жасалатын объектілерге тікелей перпендикулярлар түсіріледі, оның бойынан масштабтық арақашықтығы өлшеніп, объект орналасқан нүктелер белгіленеді.

Түсірілім біткеннен кейін көмекші сызықшалар жоспар бойынан өшіріледі, жол шетінде немесе парақтардың сыртқы бетіне стандартқа сай емес белгілеулер пайдаланылса, онда құжаттамасы толтырылады, шартты белгілер кестесі келтіріледі.

Этнографиялық сызу тәсілі арқылы киімдердің контурлық сызбасы, олардың тігісі, объектілердің күрделі құрамдас бөліктерінің конструктивті сызбасы, тұрғылықты жайлар мен шаруашылық және тұрғын жай кестесі, кинетограммалардың (қозғалыс барысының графикалық кестелері), ойындардың және т.б. кестесі сызылады. Құрылыстардың сызбасы олардың құрылымдық ерекшеліктеріне сәйкес сызылады, әрбір қабаттың горизонтальды жоспары сызылады, олардың көлемі қабаттар санымен есептеледі, сонымен бірге вертикальді көлденең және көлбеу кескіндері сызылады. Вертикальды кескіндемелер нақты болуы мүмкін, ол қима контуры кескіндеме сызығынан тысқары орналасқандарды да қатыстырып сызылуы мүмкін.

Алдымен құрылыстың контуры сызылады, сосын оның ішкі жоспары, бөлмелері мен интерьері таңбаланады. Тіктөртбұрышты құрылыстар енімен, ұзындығымен өлшенеді. Ал егер де пішіні дұрыс емес құрылыстарға, сонымен қатар қабырғасының қалыңдығы әр түрлі ғимараттарда оларды дұрыс пішінді (тік төртбұрыш немесе квадрат пішініне) келтіруге тырысады. Құрылыс жоспарларында шартты белгімен қабырғалары қандай материалдан жасалғандығы туралы ақпараттар белгіленеді. Тапсырмаға сәйкес құрылыстың жоспарында бөлек интерьер элементтері немесе өздігінше интерьер кестесі жасалады.

Этнографтың қажетті өлшеу және техникалық құралдары, фототехника және фотоматериалдар. Суретке түсіру құжаттарды сипаттаудың, сауалнамалық деректер мен жеке бақылау нәтижелері туралы ақпараттың ең көп тараған түрі болып табылады. Суретке түсіру техникасына толығырақ тоқтала кетсек. Бұл жерде суретке түсіруге қажетті: композициялау, сюжеттеу, түсірілім перспективасы, ракурстар, контрастар, жарық беруді есепке алу секілді маңызды істерді пайдалана білу қажет. Функционалды түрде суретке түсірудің түрлі тәсілдерін пайдалану қажет – репортаждық (іс қимыл мен процестерді суретке

түсіру), заттық (ыдыс, киім, архитектура, интерьер және т.б.), портреттік, арнайы, мысалы макротүсірілім. Мұның бәрі шындығында далалық этнография әдістемесінің шеңберінен шығып кетеді. Негізінен, этнографиялық құжаттаудың міндетті шарттарының бірі болып өлшемдерді нақтылау, этнографиялық суретке түсіру мен заттарды түсіруде масштабтық өлшемдеуді білу қажет. Бұл үшін ұзындығы 10-20 см масштабтық сызғышты арақашықтығы 1 см етіп ақ және қара бөлшектерге бөліп түсірілім жасалатын кадрға орналастырамыз. Қоластында масштабтық сызғыш болмай қалған кезде өлшемі белгілі затты қойып түсіреміз. Мұндай өлшемі белгілі зат есебінде көбіне сіріңке қорабын аламыз.

Суретке түсіру барысында заттың бірнеше проекциясын түсіру қажет. Мысалы, киімді үш түрлі проекцияда – алдынан, артынан және бүйірінен түсіреді. Көлемі үлкен заттарды суретке түсірген кезде суретте ол заттың 2-3 жағынан көрінетіндей етіп түсіріледі. Сипаттама секілді суретке түсіруді жалпы көріністен әрбір деталіне қарай ойысады. Мысалы тұрғын үйді суретке түсірген кезде үйдің сыртқы көрінісінен оның қаңқасына, ішкі және сыртқы жасауына қарай түсіріледі.

Түсірілген суреттердің қорытындысын фотокүнделікке түсіреміз, фотокүнделік жүргізу бұл далалық құжаттармен жұмыс жүргізудің міндеті және әрбір кадрдағы түсірілімді сипаттауды міндеттейді. Белгілі бір суреттер, атап айтар болсақ, еңбек құралдары, киімдер, тұрғын үйлер, кейбір іс әрекеттер көрінісі этнографиялық жинақтауға жатады. Сондықтан түпнұсқа туралы көп ақпаратты нақ осы суреттерден алуға болады. Күнделік жүргізу тіркелген зат немесе құбылыс туралы сипаттамалар және сауалнамалық ақпараттармен толықтырады.

Фотокүнделік бөлек дәптерде, әрбір фотоаппаратқа арнайылап жүргізіледі. Экспедицияның немесе отрядтың барлық фотоаппараттарына индекс беріледі, ол әдетте А, Б, В және т.б. секілді әріптермен белгіленеді. Индекс ретінде берілген аппаратпен жұмыс жасаушы зерттеушінің инициалын алуға болады. Фотоаппарат индексі фотокүнделіктің титулына жазылады, ал барлық фотоаппараттардың индекстері экспедициялық бағдарламаның №7 бөлімінде жазып қойған дұрыс. Мысалы, фотокүнделік №1; фотокүнделік №2; фотокүнделік №3.

Ал күнделікті жұмысқа титулды парақшаны толтырып, жұмыс парағын №* топтама, №* disk, №* аудиокассета және кадр құжаты.

Фотокүнделікте жазба жүргізу мысалы оның ақпарат көздерінен алынған деректерді, жоспарларды, суреттер, кестелер, кескіндемелер және т.б. түсіруге бағытталғандығын көрсетеді. Сондықтан, фотокүнделік пен өзге де суретке түсірілген материалдар қажетті сілтемелері болуы шарт. Мысалы, далалық күнделікте көрсетілген құбылыс пен объект туралы сәйкес мәлімет фотокүнделікте көрсетілуі керек. Ал далалық күнделікте объект түсірілген кадр мен пленка номері, фотоаппарат индексі көрсетілуі тиіс. Дәл осындай талаптар басқа да далалық материалдар: суреттер, жоспарлар, фонограммалар мен т.б. тиісті. Сонымен бірге далалық жағдайларда фотокүнделік топтамалық тізім болып та табылады.

Фототүсірілімнен кейін суреттер арнайы дискілерге екі тәсілмен белгіленеді. Фотоаппарат моделі мен диск номері соңындағы бос жеріне жазылады немесе видеокассетаны орап қойған медициналық жапсырғышта көрсетіледі, негізінен белгілеудің екінші тәсілі өте ыңғайлы, өйткені ол кассетаны қосымша жазатайым күнмен ағарып кетуден сақтайды. Екінші тәсілмен белгілеген жағдайда флешканы шығарардың алдында барлық белгіленген ақпараттарды фотопленканың соңына аударған дұрыс. Қазіргі заманауи диктофондарды пайдалану арқылы арнайы дискілерге сақтау тиімді.

4.3. Тікелей бақылау әдісі

Тікелей бақылау әдісі далалық этнографиялық материалдарды жинау барысында қолданылатын әдістемелік тәсілдер кешені болып табылады. Әдістің кешенділігі этникалық сипаттамасының күрделілігі мен көпсалалығы және көптеген дәстүрлі тұрмыстық элементтердің өзара қарым-қатынастылығымен сипатталады. Осыған орай далалық этнографияда өзара байланысты бірнеше тәсілдер пайда болды, бірақ нақты іс жүзінде тіпті әдістемелік негіздеме жасай отырып та кәдеге тек біреуін пайдалануға болмайды. Мысалы, «Тұрғын үй» тақырыбы бойынша

материал жинақтау барысында зерттеуші тұрмыстық тақырыптағы жеке өзінің бақылауын пайдаға асырады. Ол алдын ала құрылыс техникасы, материалдары, терминологиясы мен т.б. туралы сауалнамалық материал жинақтауы керек. Сонымен қатар әр түрлі жазба тәсілдері: конструктивті тораптардың суретін салу, жоспарларын сызу, суретке түсіру, топтамалар жиналады, құжаттық дереккөздермен жұмыс жасау пайдаланылады. Мұндай әдістемелік тәсіл салт-дәстүрлік мәдениеттің материалдық негіздемесін, этностың әлеуметтік немесе рухани өмір салтын зерттеу барысында пайдаланылады.

Сонымен қатар тікелей бақылау тәсіліне кіретін тәсілдер өзіндік мән-мағынаға және орындалуына тікелей әсер етеді, сондықтан олардың әрқайсысының өзіндік әдістемелік негіздемесі бар.

Бақылау (жеке, үздіксіз). Жалпы бекітілген «бақылау» түсінігіне сәйкес бұл нақты бір іс-әрекетке жалпы сипаттама, анықтама беруші мақсат деуге болады. Мұны бақылаудың субъективті фактор екендігін ескере отырып, бақылаудың негізгі шартты объективтілігін көреміз. Мұндай жағдайдың объективтілігі алдыңғы алынған нәтижелерді қайтара бақылаумен немесе өзге де әдістемелік тәсілдермен, мысалы сауалнама, тәжірибе және т.б. арқылы тексеру қажеттілігі десек те болады.

Қазіргі таңда далалық этнографияда бақылау шартты түрде немесе дұрысы еріксіз пайдаланады деу дұрыс. Мұны түсіндіру өте күрделі. Мұның жауабы осы сұрақтарға этнографияда әдістемелік көмекші құралдардың жоқтығымен түсіндіруге болады. Көбіне бақылау белгілі бір іс-әрекетті немесе құбылысты жай ғана бақылау деп түсінеді. Негізінде, бұл өте жаңсақ пікір, әсіресе далалық этнография тәсіліне қарама-қайшы келіп жатады.

Сонымен, бақылау – адамның айналасындағыны тек қана көріп қабылдау ғана емес, бұл арнайы «ғылыми негізделген, зерттелетін объектіні таңбалаған кезде саналы әрі ұйымдастырылған түрде анықтау». Сондықтан бұл тек әдістемелік тәсіл ғана емес, бұл өзіндік «әдіс үстілік» немесе далалық жағдайда жұмыс атқаруға деген тапсырма деуге болады. Бақылауға қойылатын негізгі талап – үздіксіздік. Бұл далалық этнографияның негізін құраушы кез келген әдістемелік тәсілді сауалнамашылардан қағазға түсірген кезде өте жақсы пайдалануды талап етеді. Ба-

қылау зерттелетін құбылыс жайлы толық та дәл ақпарат беруші дерек көзі болып табылады.

Аталған әдістеме бойынша бақылау жүргізбестен бұрын зерттеуші келесі талаптарға мән беруі керек. Оларға мыналарды жатқызамыз:

1. Бақылау объектісі мен түрін анықтау, ол дегеніміз – «Не-ні бақылау қажет?» деген сұраққа жауап беру. Мысалы, біз бақылауға белгілі бір тұрғылықты мекен-жайды алсақ, оның ішінде дәстүрлі киім кешектеріне таңдау жасаймыз. Бақылауға кез келген іс әрекет, зерттеуші этнографтың басқаруынан тыс немесе сол іс-әрекетке ол өзі де қатысатын жасанды емес дәстүрлі салт жоралғы немесе әдет-ғұрыптар жатуы мүмкін.

2. Бақылаудың мақсаты мен тапсырмасын анықтау – «Не үшін бақылау қажет?» сұрағына жауап алу үшін. Мысалы, кейіннен салыстырмалы түрде бағаланатын тұрмыстық, функционалды, салыстырмалы тарихи немесе өзге де есептік мән-дегі әрекеттер.

3. Бақылау тәсілін анықтау – «Қалай бақылау қажет?». Этнографияда, негізінен, екі түрлі бақылау тәсілін падаланады: қосылған және қосылмаған. Қосылмаған бақылауда алдын ала жергілікті халық зерттеу жұмыстарымен таныстырылады. Ал қосылған тәсілі бойынша жасырын бақыланады және «жасырын камера Сізді түсіріп алды!» мағынасында жұмыстар жасалады. Қосылған бақылау тәсілі арқылы алынған ақпарат өте дәйекті және шынайы болып келеді. Зерттеуші ғалымға өте көп ақпаратты ұсынады.

Бақылау тәсілімен жұмыс жасаған кезде оның қандай түрінде болмасын бақыланып тұрған іс-әрекетке баға беру және қабылдау барысында кездесетін екі түрлі қателер тобын ескеру қажет. Бірінші қателер тобын шартты түрде «зерттеу нұсқаларының қателері немесе бақылау заттарының әсері» деп атауға болады. Бұған келесі жағдайларды жатқызуға болады:

1. Бақылау жағдайына зерттеушінің өзінің тікелей әсер етуі. Бұл қателік көбіне бақылау тәсілін дұрыс таңдамаудан шығады. Мысалы, қосылмаған бақылау зерттеудің өндірістік процесіне көп әсер ете қоймайды, бірақ әдет-ғұрып рәсімдері мен сакральді іс-әрекеттер барысына ықпал ете алмайды. Кей кезде бір мәдени ғұрып бойынша бақылаудың бірнеше тәсілін пайдаланған жөн.

2. Зерттеу шешімдерін қабылдауға әсер ету немесе өзіндік «зерттеуші талаптары». Мұның ерекшелігі бақылаушының өз гипотезасына бек сенімділігі мен айналадағы болып жатқан құбылыстарды өте кәсіби тұрғыда қабылдайтындығында.

3. Ұзақ уақыт бақылаудың нәтижесі шаршаңқылықты байқатады, ал ол өз ретінде сол жағдайға бейімделіп кетуді және қабылдаудың өткірлігін азайту болып табылады.

Қателердің екінші тобын «қабылдаудың қателері» деп шартты түрде атауға болады. Олар зерттеушінің жеке басымен анықталады. Оларға субъективті жеке және субъективті кәсіби қателерді жатқызуға болады. Мұндай қателер қатарына келесі қателерді жатқызуға болады:

1. Жалпылама қабылдау немесе ақ-қарасын ажыратпастан бағалау. Көбіне мұндай қателіктер бақыланатын іс-әрекеттердің кәсіби білімімен тығыз байланысты. Бұл – өзіндік «артық білімнің зияны». Көбіне зерттелушіге бұл жаңалық таныс дүние ретінде қабылданады және зерттеушіге аса көп көңіл бөлуге тұрарлықтай емес деген көзқарас тудыртады.

2. «Экзотика әсері», бұл дегеніміз – бақылау нәтижесін аса әсерлеп жасап жіберу. Белгілі деректерді құжаттауға және оны қабылдауға уақыт пен орасан күш жұмсатады. Мұндай қабылдау жаңадан бастаған зерттеушілер мен алдын ала дайындығы аз жағдайларда көп кездеседі.

3. Ортақ қателіктері, әсіресе зерттеушінің кездейсоқтық ретінде қабылданатын соңғы нұсқаларды есепке алмаған кезінде және орын алған құбылыстарды ортақтап көрсетіп бағалап хаттаған кезде кездеседі.

4. Контрасты бақылау. Бұл өзгеше қабылдауды қарапайыммен салыстырған кезде кездеседі. Бұған алғашқы қабылдаудың қателіктерін атауға болады, сонымен бірге наным-сенімдерді де (эмоциялық, этникалық, әлеуметтік, психологиялық, кәсіпқой және т.б.) қосуға болады.

Дерек көздерімен жұмыс жасау. Далалық материалдарды жинаудың бұл бағыты зерттеушіні қарастырған дереккөз спецификасының түріне тікелей байланысты. Мәліметтер құрамына қарай дерек көздері келесі түрде берілуі мүмкін: мұрағаттық материалдар, жүргізіліп жатқан істер мен халықты есепке алу материалдары, басқа да дерек көздері.

Тікелей бақылау тәсілдеріне жататын әдістерге шолу жасауды аяқтай отырып, тағы да назар аударатын жайт, оның әрбір құрамдас бөлігі нақты берілген тапсырмаға жауап береді. Әдістің кешенді қолдануы аталған құбылысты жан-жақты сипаттайтын ақпараттарды толық жинақтауға көмектеседі.

Білімді тексеруге арналған сұрақтар:

1. Тікелей бақылау әдісінің негізгі түрлерін талдаңыз.
2. Ақпарат берушімен жұмыс жасауда неге ерекше мән беру керек?
3. Ақпаратты қағазға түсіру әдістері.
4. Құжаттамалық деректермен жұмыс істеу.
5. Этнографиялық жинақтау мәселесі.

4.4. Далалық этнографияның жергілікті ұлт өкілдерімен қарым-қатынасты зерттеудің әдістемелік нұсқауы

Этностар арасындағы байланыс және оның нәтижелері. Адамның күні адаммен дегендей, адамдар бір-бірімен араласпай өмір сүре алмайтыны сияқты, этностар да бір-бірімен қарым-қатынаста болады. Бұл қатынастардың жақсы және жаман жақтары да бар. Этностар арасындағы қатынастар өмірдің барлық саласын қамтиды. Мәдени, психологиялық, экономикалық, отбасылық тұрмыстық деп кете береді. Бұған бірнеше факторлар әсер етеді:

- тарихи фактор. Этностар тарихында әр түрлі жағдайларда, белгілі бір кезендерде байланыста болады. Ерікті, күштеу арқылы байланысып жатады. Халық жадында тарихи оқиға жаулап алу, соғыс естерінде ұзақ сақталады. Бұл оқиғаларды әрқилы қабылдауы мүмкін;
- әлеуметтік фактор. Байланысушы этностың әлеуметтік статусы саяси, мәдени, шаруашылығы тең болғанда қатынастар қалыптасады. Бірақ іс жүзінде бұндай байланыс түрлері кездесуі қиын. Көзқарастары әр түрлі, тең емес байланыс жиі кездеседі. Дискриминация жиі кездеседі. Бұның соңы этникалық жанжалға алып келіп жатады;
- саяси фактор. Саяси құрылымына байланысты саны басым этнос, аз этностарға мемлекеттік этникалық саясатты қалыптастырады;

- ахуалдық фактор. Этностар өмірінің әлеуметтік, саяси, экономикалық жағдайлар тоғысы нәтижесінің әсерінен ахуалдық фактор шығады. Нақтылы жағдай этностар арасында жанжал тудыруы мүмкін. Этностар арасындағы байланыстың нұсқалары:
- қосынды фактор бір мәдени іс-әрекетті игеріп жетістікке жеткен этностардың бір-бірімен байланысының нәтижесі. Мысалы: Ұлы географиялық ашылулар нәтижесінде еуропалықтар мәдени өсімдіктерді, шаруашылық жетістіктерін қабылдады;
- қиындауы немесе асқынуы. Бұрын пайда болып, дамыған мәдениеттің әсерінен екінші этнос мәдениетінің өзгеруі. Мысалы: Қытай мәдениетінің жапон мәдениетіне әсері;
- азаюы. Басқа бір этностың дамыған мәдениетімен байланыс нәтижесінде, өз мәдени дағдыларынан айрылуы. Мысалы: Дәстүрлі қолөнер маңызының жойылуы;
- эрозия немесе бірлестік. Екінші мәдениет әсерінен басқа этнос мәдениетінің біртіндеп жойылуы. Мысалы: Аз халықтар өмір сүру жағдайының өзгеруіне байланысты, өз мәдениеті мәнінің жоғалуы.

Сонымен, этнос мәдениетінің жоғары болуына этномәдени әсерлер тәуелді. Этностар арасындағы мәдени байланыстар үш түрге бөлінеді. Ассимиляция, адаптация және интеграция.

Ассимиляция – бір-бірінен пайда болуы мәдениетті және тіпті жөнінен ажыратылатын этностардың этникалық арақатынастар үдерісі. Ассимиляцияның нәтижесінде бір этностың өкілдері екіншісінің тілін және мәдениетін меңгереді және бұрынғы этникалық белгілерінен толық айырылады.

Бұл этностардың, субэтностардың немесе шағын этникалық топтардың басқа этностың ортасына араласып, сіңіп жеке этностықтан айрылуы болып табылады. Ұлыбританиядағы уэльстіктер Франциядағы автохтонды бретандықтар және италияндық мигранттар осыларға жатады. Ассимиляцияның табиғи (ерікті) және зорлықты түрлері болады. Бұл әсіресе қалаларда көбірек байқалады. Кейбір зерттеушілер ассимиляцияны консолидацияның құрамды бөлігі деп санайды.

Консолидация (нығаю) – біршама тәуелсіз халықтардың және олардың ірі топтарының әдетте тілі, мәдениеті бойынша туысқан бірінғай тұтас этникалық ортақтыққа қосылу үдерісі.

Адаптация (бейімделу) – адамдардың жаңа этникалық ортада өмірге бейімделуі немесе осы ортаның экономикалық және әлеуметтік салаларында солармен өзара қатар өмір сүру.

Интеграция (бірігу) – әр түрлі этностардың негізгі этникалық белгілерді сақтай отырып, этникалық мәдени байланыс орнату үдерісі.

Жергілікті халықтар және этникалық топтардың аздығы мәселесі. 1989 жылғы Халықаралық еңбекті ұйымдастыру конвенциясы бабына сәкес тәуелсіз елдегі халық, бұл географиялық облыс немесе елде алғаш өмір сүрген адамның дәстүрлі шаруашылықпен айналысқан халықты жергілікті дейді. Міндетті түрде жері болу керек. Жерсіз жергілікті халық болмайды. Материалдық және рухани белгілерінің жермен байланысы болу керек. Жергілікті халықты абориген деп те атайды. Келімсектерге дейінгі жерде өмір сүрген халық. Негізінен абориген деп Африка, Америка, Австралияның жергілікті халқын атайды. Жаңа уақытта бұл территорияларды еуропалықтар ашып, байырғы тұрғындар дейді.

Автохтондыға дәстүрлі өмір сүру образын қолданатын жергілікті аз халықтарды жатқызады. Белгілі бір территорияда алғаш қоныстанғандарды айтады. Қазіргі таңда бұл терминді этнологияда емес биологияда көп пайдаланады.

Тұрғындарды жергілікті және жергілікті емес халық деп бөлу әрқашан жанжал тудырады. Жергілікті тұрғын дегенде елдің, жердің иесі ол жергілікті емес келімсек, иммигрант дейді. Мысалы қоңсы, кірме...

Жергілікті халық, жергілікті емес халықтарды және олардың хронологиясын анықтау критериясын табу қиындық туғызады.

Этникалық топтардың аздығы. Өздерінің мемлекеттік құрылымдары жоқ, демографиялық потенциялы нашар, саны аз халық. 50 мыңға дейінгі саны бар этнос жатады. Қазір әлемде 800 саны аз этнос тіркелген. Ресейде – 60. Бұл саны аз халықтар бір жерде жинақы немесе шашырай орналасып көшпелі, жартылай көшпелі өмір сүреді. Біз келесі белгілер арқылы саны аз халықтар қатарына жатқызамыз:

- мемлекетте саны аз, билікте жоқ, диаспора, тәуелсіз мемлекеті жоқ, әр елдерде шашырай орналасқандар. Мысалы цыган, күрд. Келімсектерден саны аз, отарлауға ұшыраған жергілікті халық. Мысалы эвенки, чукча, саха. Жаппай миграцияға ұшыраудың нәтижесінде тұрақты жерге орналасқандар тобы.

Этностар арасындағы қатынастың түрлері. Этностар арасындағы қатынастың түрлері геноцит, апартейд, сегрегация, дискриминация.

Геноцид – үстем етуші этникалық қауымдастықтың белгілі бір мақсатта діни, рассалық, этникалық топты, толығымен немесе жартылай жоюы. Келесі формада геноцит жүзеге асады:

- этникалық азшылдық топ өкілдерін физикалық жою, жаппай репрессиялау;
- қасақана этникалық топқа қырылатын жағдай жасау;
- этникалық топқа бала тууға тиым салу;
- бір этникалық топтан екінші этникалық топқа күшпен бала беру.

Апартейд – бір рассалық топтың екінші топқа жүйелі түрде жою мақсатында үстемдік ету формасы. Оның белгілері:

- қаналушы рассалық топтың жеке бостандығы өмір сүру құқының болмауы;
- нәсілдік топты жою үшін қасақана өмір сүру жағдайын жасау;
- нәсілдік топ және оның мүшелерінің дамуының негізгі құқы мен бостандығының шектелуі;
- нәсілдік белгісіне қарай резервацияда ұстау заңды түрде әр түрлі нәсілдік топтарға некеге тұруға тиым салу;
- нәсілдік топ мүшелерін қара жұмысқа салу.

Сегрегация – нәсілдік немесе этникалық белгісіне қарай жеке тұрғындар тобын күштеу арқылы этномәдени изоляциялау. Негізінен бұндай саясатты автономиялы елде жүргізеді. Мысалы Ресей, Англия, Қытай.

Дискриминация – мәдени белгі, рассалық түр сипаты этникалық шыққан тегі, діни сеніміне қарай адамдар тобын шектеу. Үстемдік етуші этнос өз жағдайын жақсартады.

Этностар арасындағы қарым-қатынастың теорияларына тоқталсақ. Аккультурация концепциясын 1930 жылы американдық

мәдени антрополог Р. Редфилдом, Р. Линтон, М. Херсковицтер шығарды.

Аkkультурация – мәдениеттердің бір-біріне сіңісу үдерісі. Шетел этнологиясында көбінесе аккультурация еуропеизацияның синонимі ретінде қолданылады, өйткені Азия, Африка халықтарында еуропалық мәдениеттің элементтері шаруашылық формалары, әлеуметтік таралу үдерістері байқалады.

Білімді тексеруге арналған сұрақтар:

1. Этникалық жанжал терминін талдаңыз.
2. Этностардың арасындағы қатынас түрлерін атаңыз.
3. Абориген сөзінің саяси мәні неде?
4. Аккультурация деп нені айтамыз?
5. Тарихи фактор, әлеуметтік фактор, саяси фактор, ассимиляция, консолидация, адаптация, интеграция, абориген, геноцид, апартейд, сегрегация, дискриминация терминдеріне анықтама беріңіз.

4.5. Этнографиялық зерттеудің әдістемелік негіздері

Далалық этнографияның негізгі әдістемесі зерттеудің мақсатымен айқындалады. Этнография ғылымда тарихи-этнографиялық сипаттама, кроссмәдени зерттеу, мәдениетті жүйелік зерттеудің талаптарын қанағаттандыратындай универсалды дерек көзі болуы тиіс. Бұның бәрі далалық ақпарат жинауда методиканы бірегейлендіруді қажет етеді.

Шаруашылық тұрмыс. Этникалық қауымның шаруашылық тұрмысы барлық компоненттің мазмұнын жасаушы дәстүрлі-тұрмыстық мәдениетті анықтайды. Этнографиялық деңгейде бұл шаруашылық-мәдени типтерінің концепциясында көрнекі түрде берілген, әр түрлі өзара әлеуметтік-экономикалық дамуы жақын деңгейдегі халықтарда тарихи қалыптасатын шаруашылық пен мәдениеттің өзара байланыс ерекшеліктерінің кешеніне назар аудару керек.

Жалпы алғанда, шаруашылық-мәдени тип өмір салтының этнографиялық параметрлерін анықтайды.

Міне, сондықтан да тұрақты зерттеу ретінде жоспарланбаса да шаруашылықты меңгеру далалық этнографияда міндетті аспект болып табылады.

Шаруашылық тұрмысты зерттеуде тағы маңызды ескеретін жайт оны жасаушыларды жүйелеу керек. Өйткені бір ғана шаруашылық формасын қолданған бірде-бір халықты кедестіру мүмкін емес.

Шаруашылық тұрмыс туралы ақпарат жинауда негізгі дереккөзі ретінде этникалық қауымның тікелей шаруашылық қызметі болып табылады. Оны меңгеру барысында тікелей бақылау әдісін қолдануға болады. Шаруашылықтың құрылымы мен оның қалыптасуының тарихын анықтауда ыңғайлы дереккөзі халықтық күнтүзбе болып табылады.

Шаруашылық қызмет кешенді қасиетке ие болса да, оның формалары жеке бейне береді. Сондықтан да шаруашылық қызметтерін жеке бағыт бойынша қараған жөн.

Егіншілік. Шаруашылық-мәдени сыныптауда екі негізгі типі көрсетілген – қол еңбегі және айдалған (пашенное).

Жер. Жер пайдалану (ауылшаруашылық жер, орманды учас-ток, т.б.).

Ауылшаруашылық мәдениеті. Дән, бау-бақшалық, т.б.

Егіншілік жүйесі. Тынайған, құйма, террас т.б. Ауылшаруашылық мәдениеті және аграрлық кәсіп. *Ауылшаруашылық құрал.* Жерді өңдеуге арналған құралдар. *Егін жинауға арналған құралдар.* Пышақ, айшалғылар, өрімдер, оның түрлері. Қол тыр-масы, айырлар, егінді кептіруге арналған құрылыстар.

Егінді өңдейтін құралдар. Дәнді дақылдар өңдеу мәдениеті. Қолдан, арнайы ағаштан жасалған құралдар арқылы.

Астықты сақтау. Өнделген астықтың түрі. Сақтаудың түрі мен технологиясы.

Мал шаруашылығы. Мал шаруашылығы шаруашылық қызметтің негізгі қатарда немесе шаруашылық-мәдени типтерінің кешенінің элементі болып табылады.

Мал шаруашылығының әртүрлілігі көбіне тұрғындардың жылжымалығына (көшуіне) байланысты. Бұл шаруашылық кәсіпке, материалдық мәдениеттің элементтеріне, тіпті мал шаруашылық қоғамының әлеуметтік құрылымына әсерін тигізеді. Жалпылама алғанда, мал шаруашылығын мезгілдік көшуге байланысты көшпелі және жартылай көшпелі деп бөліп қарастырады.

Көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығында тұрғындардың барлығы немесе көп бөлігі қатысады. Осыған байла-

нысты материалдық мәдениеттің мамандануының жоғары деңгейін көруге болады: тұрғынжай, қоныстануды ұйымдастыру, киім-дері, аспап (үй жабдықтары), көші, құралы.

Мал шаруашылығының келесі түрі – бақташылық, жылжымалы, жартылай отырықшы. Ол табиғи ортаның әсеріне кешендірілген, мысалы, таудағы мал шаруашылығы. Бұл жерде мал шаруашылығы егіншілік өзара байланысады. Бақташылық мал шаруашылығы үй жануарларын мезгілдік жайылымға арнайы бір бақташының бақылауымен жаяды. Бұл тұрғындардың қалған бөлігі тұрақты тұрақтап және шаруашылық кәсіптің басқа түрімен айналысуға мүмкіндік береді.

Бұл мал шаруашылық типінде көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығына қарағанда этникалық қауымның материалдық мәдениетіне әсерін аз тигізеді.

Мал шаруашылығының соңғы түрі отырықшы және малды қорада ұстау арқылы бағу. Малды қорада ұстап бағу мал шаруашылығы сүт беретін мал түрлерін ұстауға бағытталған. Онда арнайы мал қора құрылысы, малдың азығы дайындалған және малды егіншілік жұмыстарына қолданады.

Бұл сыныптау алдын ала этникалық қауымның мәдениетіндегі мал шаруашылығының маңызын анықтауға, сонымен бірге оны меңгерудің жолын анықтайды. Ол дәстүрлі-тұрмыстық мәдениеттің барлық кешеніне әсер етуші фактор ретінде немесе этникалық қауымның құрамына белгілі бір әсерін тигізе қоймайтын мәдени құбылыс ретінде қаралады.

Мал. Үй жануарларының жергілікті тұқымдары. Малдың сыртқы мүсінінің ерекшеліктері. Түстері. Алғашқы үй жануарлары туралы ертегілер, аңыздар. *Мал шаруашылығындағы терминдер.* Тұқымдардың атауы. Жас топтары және олар қандай белгі бойынша анықталады. Жыныстық топтары. Функционалдық топтар. Түстері. Лақап аттары. Жануардың дене мүшелерінің белгілері. *Жануардың сипаты.* Мал басының құрылымдық көрінісі. Сұрыптау. Табиғи шығын. Мал аурулары. Ем қабылдау құралы, белгілері мен себептері. Мезгілдік ас ішу режимі. Жайылымның сипаты, олардың мезгілдік сапасы.

Үй жануарларының шаруашылықта игерілуі. Жер өңдеуде жануарлар еңбегін пайдалану. Тұқымдары, үйрену, қажетті мөлшері. Пайдалану тәсілдері.

Сүтті мал шаруашылығы. Тұқымдары. Сүт туралы түсінік, атауы, белгіленуі, құнарлық және өзге де қасиеттері. Тәсілдер және сүтті өңдеу технологиясы.

Мал терісі мен жүнін пайдалану. Жүнді алу технологиясы. Уақыты мен мекені. Шикізат. Құралдары мен бейімделу. Алғашқы өңдеу тәсілдері. Сақтау.

Етті мал шаруашылығы. Союға арналған мал. Соятын жері, уақыты, тәсілі, құралы. Мүшелеу – орны, құралы, тәртібі. Негізгі бөліктерінің, ішкі мүшелерінің атауы. Ет, майы, сүйегі, терісі, оларды пайдалану.

Мал шаруашылығында көлікті пайдалану. Көлік ретінде пайдаланылатын жануарлар. Тұлғасының қасиеті. Мезгілдік пайдаланылымы.

Мал шаруашылығындағы меншік қатынасы мен формасы. Мал деген меншік құқығы. Жеке және ұжымдық. Мұрагерлікпен берілуі. Жеке меншік таңбасы.

Дәстүрлі дүниетанымдағы үй жануарлары. Үй жануарларының магиялық күші. Қасиетті жануарлар және адамдардың оларға деген қарым-қатынасы. Үй жануарлары құрбандық ретінде. Мал шаруашылығына байланысты «мерекелер».

Аңшылық, балықшылық, терімшілік. Бұл кәсіптік шаруашылық кешенін құрайды.

Аңшылық. *Аңшылық бағыты.* Құрлықтағы етті, терісі қалың аңдарға аңшылық. Судағы және орманды құстарға аңшылық. Теңіз жануарларына аңшылық жасау. Жануарлар мен құстар кәсібі. Жергілікті атауы. Кәсіпшілікті ұйымдастыру. Кәсіп мезгілі.

Аңшылық тәсілдері. Белсенді аңшылық. Индивидуалдық және ұжымдық. Мезгілі мен кәсіп объектісі.

Аңшылық өнімін пайдалану. Тері мен етті өңдеу. Өңдеу құралы.

Кәсіптік культ. Дәстүрлі дүниетанымдағы кәсіптің объектілері туралы түсінік.

Балық шаруашылығы. Балық шаруашылығының объектілері және олардың атаулары. Құралдары. Орны (теңіз, көл, өзен). Суда жүру құрылысы.

Балық шаруашылығындағы өнімді пайдалану. Бөлшектеу және өңдеу.

Терімшілік. Терімшілік объектілері, мезгілі, тәсілі мен еңбек құралы. Өнімді өңдеу, халықтық медицинада қолдану.

Білімді тексеруге арналған сұрақтар:

1. Қазақ халқының балық шаруашылығы қай өңірлерде жақсы дамыды?
2. Қазақстан территориясындағы қазіргі кездегі мал санына байланысты диахронды талдау.
3. Қазақтардың малдың жайылымдық маршруттарына байланысты не білесіз?
4. Бір киіз үйге төсейтін киіз жасау үшін неше қойдың жүні кетеді?

**ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДІ
ӨНДЕУ ЖӘНЕ
ОЛАРДЫ САҚТАУ ӘДІСТЕРІ**

5.1. Этнографиялық есеп және оның құрылымы

Зерттеу жұмыстарына пайдалануға арналған далалық этнографиялық зерттеулер нәтижелерін этнографиялық дереккөзі ретінде автор жинақталған мәліметтерді ұзақ мерзімге сақтауға ыңғайлы етіп дайындауы қажет. Далалық деректермен жұмыс жасаудың осы кезеңі далалық этнография тәжірибесінде қорытындылаушы кезеңі болып табылады. Бұл жұмыстардың мақсаты жинақталған ақпараттардың қолжетімділігі деректерді өңдеу, оларды жүйелеу мен далалық есеп құрастыруды қамтамасыз етуге негізделген.

Құжаттамалық дереккөздермен жұмысқа арналған далалық күнделіктер, далалық дәптерлер мен жұмыс дәптерлері (егер де соңғыларының қажеттілігі болған жағдайда) материалдардың орналасу реттілігін сақтай отырып көшіру қажет, мәліметтерді іздеуге ыңғайлы болуы үшін сілтемелермен қамтамасыз етіледі. Құжаттамалық мәліметтер мен жазба материалдарына сілтемелердің барлығы тексеріледі. Далалық материалдарды өңдеу барысында қосымша кез келген толықтырушы жазбалар қосудың қажеттілігі жоқ. Соңғы талаптың тізімдерді түзету, қысқартуларды ашып көрсету секілді далалық жазбаларды «тегісін жатқызу» процесіне қатысы жоқ. Сілтемелермен қатар жергілікті терминологияны түсінікті ету үшін далалық құжаттарды глоссарийлермен қамтамасыз ету қажет.

Графикалық материалдар ең соңғы далалық нұсқада графикалық түсірулерге қатысты нәрселер алынған құжаттар мен басқа далалық құжаттарда көрсетілгендігі туралы ақпаратқа жасалған сілтемелердің шынайылығы тексеріле отырып жасалады. Бұл бөлек парақшаларда толтырылатын және сызба, кесте, жос-

пар, көшірме мен т.с. қосымша ретінде сипаттамалар құрастыру үшін пайдаланылады. Мұндай жағдайларда бұл нәрселер туралы ақпараттар далалық жазбалардан жойылмайды. Ақпараттарды тексеріп болғаннан кейін далалық сызбалар, кестелер мен көшірмелер тушықа түсіріледі, ал суреттер реті келсе арнайы құралдардың көмегімен консервацияланады (сақталады). Ұзақ мерзімдік сақталымға дайындалған далалық материалдар тақырыптар бойынша жүйеленеді: жатақтар, тұрақтар, киімдер, қозғалыс құралдары және т.б. Тақырыптық топталған графикалық материалдар папкаларға жинақталады.

Далалық материалдарды мұрағаттық сақтауға дайындау барысында экспедицияның далалық шифрымен белгілеу қажеттілігіне назар аударылады. Мүмкін бұл далалық жағдайларда аса маңызды мағынаға ие болар, бірақ мұрағатқа тапсырылар кезде мұрағаттық қордың біртектілігі ескеріле отырып, далалық материалдарға тиісті мұрағаттық шифр беріледі. Осының негізінде экспедициялардың далалық материалдары құрайтын бірегей мұрағаттық бірлік жасақталады және кейінгі сілтемелердің барлығы нақ осы шифрге негізделеді.

Этнографиялық топтамаларды мұражайға сақтауға өткізерден бұрын әрбір затты құжаттау мен сипаттамасын жасайды. Сипаттама далалық жазбалар негізінде жасалынады. Құжатқа тіркелетін затқа қатысты кестелер мен суреттерге, сонымен қатар басқа да жазба материалдарға сілтемелер жасау ұсынылады. Өйткені олар фотоматериалдар секілді бөлек топтаманы құрайды.

Фотоматериалдарды өңдеу оларды шығарудан, фотокүнделікпен позитив пен негативтерді салыстырудан, фотосипаттама құрастыруға дайындық пен бақылау баспа жасаудан тұрады.

Фотоматериалдарды өңдеуден бұрын артқы жағында көрсетіліп тұратын фотопленкалардың шифрларын тексеріп шығу керек. Шифр фотоаппараттың әріптік индексі А, Б, В, т.б. және файл номерінен - 1, - 2, - 3, т.б. тұрады. Фото материалдар шығарғаннан кейін оларды фотоаппараттардың индекстеріне сәйкес топтайды және фотокүнделіктегі тіркелуіне сәйкес орналастырылады. Суреттерді нөмірлеп қою қажет. Әрбір құжат фотокүнделіктегі жасалған жазбаларға сәйкес кадрлардың реттілігімен таңбаланады.

Барлық негативтер таңбаланған реттілігіне сәйкес ішкі реттілікпен 1-ден 30-ға дейін нөмірленеді, мысалы №1 фотопенка, 1-30 кадр, №2 фотопенка, 1-30 кадр, №3 фотопенка, 1-30 кадр және т.б. Егер кадр бүлінген болса, онда оның фотокүнделіктегі реттік нөмірі негативте тіркеледі, ал фотокүнделікте кадрдың тиісті тұсында, «Кадр құжаты» деген жазба жасалынады. Дәл осындай жазбаны осы файлға жасалған сілтеме көрсетілген далалық жазбалар мен графикалық материалдарда да жасау қажет.

Сосын фотоматериалдар фототоптаманы сақтауға қабылдаушы мекемелер беретін топтамалық нөмірлермен таңбалаынады. Материалдардың таңбалануы мен фотокүнделіктегі таңбаланудың ерекшелігі олар әрбір фотопенкаларды 2-ден 30-ға дейін қайталанып отырады, файлдардың таңбалануы барлық фототоптама бойынша топтамалық таңбалану арқылы жүргізіледі, ал бүлінген кадрларға топтамалық таңба берілмейді. Топтамалық таңбалар эмульсиндік қабаттың орналасу реттілігіне сәйкес топтамалық нөмірі қойылады. Дәл осындай процедураны далалық жазбалар мен графикалық материалдар сипаттамасында да жасау қажет.

Фототоптаманы сақтауға қабылдаушы мекеме талаптары мен тәртібіне сәйкес алғашқы өңдеуден өткен фотоматериалдарға фототүсініктеме толтырылады. Оның мазмұны фотокүнделікте жасалған жазбалармен ғана анықталмайды, сонымен қатар басқа да далалық құжаттарда жасалған ақпараттардан алынады. Фототүсініктеме топтамалық түсініктеме секілді әрбір кадрға түсірілген нәрсеге немесе құбылысқа қатысты барлық ақпараттарға сілтемелері болуы тиіс. Сонымен, далалық материалдарды өңдеу оларды толықтай жүйелеуге мүмкіндік береді, карама-қарсы ақпарат алмастырып, дереккөздерді қағазға түсіруге және жинақталған деректерді өзге де зерттеушілерге қолжетімді етіп, мұның негізінде этнографиялық дереккөзін құрастыруға мүмкіндік береді.

5.2. Жиналған мәліметтерді мазмұндау ұстанымдары (маршруттық, тақырыптық, монографиялық)

Деректердің қорытынды өңдеуі жинақталған ақпараттардың біріктірілген сипаттамасы берілетін далалық есепті жазуға негізделген. Есеп экспедициялық бағдарламаға сәйкес жалпы дерек-

тер көрсетілген кіріспеден тұруы тиіс, ал нақты түрде зерттеу жасауды жүргізетін нақты уақыттары, зерттеу ауданы, зерттелген тұрғылықты мекендер тізімі, көтерілген мәселелер мен т.б. көрсетуі керек. Деректерді қосу маршруттық, тақырыптық немесе монографиялық кестелері ұқсас бірнеше тәсілмен толықтырылады. Маршруттық кесте деректерді далалық күнделік құрылымы бойынша жеткізуге жүктесе, хронологиялық реттілік кесте бойынша қозғалуына орай жеткізіледі. Бұл жүйеленбеген материал – әр түрлі тұрғылықты мекен-жайлар туралы жинақталған ақпараттар тізімі. Далалық есептің әсіре тиімдісі тақырыптық және монографиялық кестелер болып табылады. Бұл ретте ақпарат зерттеу тақырыбы бойынша немесе тақырыптық болып табылатын ауданның монографиялық сипаттамасы түрінде жүйеленеді.

Мұрағатпен танысатын көптеген зерттеушілер ең алдымен есеппен танысады, ал ол есепте барлық қосымша дереккөздер: далалық дәптерлер, графикалық материалдар, фототоптамалар, заттар топтамасы туралы мәліметтер болуы керек. Далалық есептің көлемі көбіне бір жазба беттен аспайды. Есепке қосымша экспедициялық бағдарлама, құралдар, экспедицияға қатысушы қызметкерлер далада пайдаланған қосымша тәсілдер мен әдістемелер туралы ақпарат қосылады.

Қазіргі кезеңде қалыптасқан далалық этнографияның әдістемелік қамтамасыз етілуі оны еркін талқылау мен жағдайына қарай пайдалануға жол бермейді. Мұндай қарым-қатынас ақпараттарды жинастыру принципін бұзылуына, этнографиялық дереккөз сыны мүмкіндігін төмендетуге алып келуі мүмкін. Жаңа әдістемелік тәсілдерді тек далалық жағдайларда тексеріп, кәсіпқой этнографтардың кеңінен талқылауынан кейін енгізу мүмкін.

Білімді тексеруге арналған сұрақтар:

1. Далалық есеп және оның құрылымының қандай түрлерін білесіз?
2. Маршруттық, тақырыптық, монографиялық ұстанымдар нені білдіреді?
3. Этнографиялық есептің археологиялық есептен айырмашылығын талдаңыз.

4. Суретке түсірілген файлдарды сақтау ережесін түсіндіріңіз.
5. Бұрынғы кездегі және қазіргі заманауи құрылғыларды қалай пайдалануға болады?

5.3. Түрлі деректерге анализ жасау тәжірибесі

Экономикалық, әлеуметтік және саяси дамудың стратегиялық бағыттарын жүзеге асырумен байланысты бұқаралық ақпарат құралдарының талдауы талдау әдісі (контент-анализ) көмегімен жүзеге асырылады.

Мұндай әдісті қолданудың мүмкіндіктері мен нәтижелілігі жөнінде бұрын-соңды экономикалық реформа мәселелеріне қатысты орталық және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары материалдарының мазмұнына талдау жасау тәжірибесі мысал бола алады. Кейінірек оқу-әдістемелік мақсатта жарияланған бұл зерттеудің бағдарламасы мен әдістемесінің толық мәліметтері келтіріледі, алайда бірінші бұл зерттеудің бірнеше салаларын қарастырайық.

Зерттеудің басты мақсаты экономикалық реформа мәселелерінің жекелеген элементтеріне осы мәселелерді қарастырған орталық және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары тарапынан назар аударудың тазалығын өлшеу болып табылады. Материалдарды тек қана газеттер емес, сонымен қатар радио мен телеарналар талдады. Талдау мен кодтау үшін материалдарды іріктеу таңдау рәсімінің арнайы ережелері қарастырылды. Зерттеу бағдарламасына сондай-ақ, «Кодтау карточкасы» мен «Кодтаушы нұсқаулары» кірген. Зерттеуде материалдың үш сандық көрсеткіші жазылған: олардың мерзімі, жалпы көлемі, белгілі арнада өткізілген ақпараттың жалпы көлеміндегі олардың үлесі.

Сипатталған үлгі жалпылық қызметті насихаттау үлгісі ме, әлде ол тек арнайы телеарнаға қатысты ма? Бұл сұраққа жауап ретінде бір жағынан телеарнаның, бір жағынан радиоларынан таратылған материалдардың сандық көрсеткіштері болды. Екі туыс арналар экономикалық мәселелерді көрсетуде бөлек-бөлек тактика қолданған болып шықты. Телеарналар алғашқы кезде жарнамалық мәлімет бергенмен, кейіннен алған қарқынына ілесе алмай экономикалық мәселелерге назар көлемі бірден төмен-

деді. Радио үш жыл бойына аталған мәселені бір деңгейде қозғады. Алынған нәтижелер насихаттау тұрғысынан қандай тактика жақсырақ болғанын айтуға мүмкіндік бермейді, алайда олар экономикалық реформалар мәселелері жөнінде облыстық телеарналар қызметіндегі маңызды айырмашылықтарды көрсетеді.

Сандық сипаттамаларды талдау белгілі бір қызығушылықты көрсеткенмен, материал мазмұнына айтарлықтай әсер етпейді. Соңғы мәліметтерді талдау үшін олардың сапалық сипаттамаларын қарастыру қажет.

«Білім және мәдениет» телеарнасының мәселеге қорытынды жасауы аталған мәселенің пайданың өсуімен байланысты материалдарға, өндірісті дамыту жөніндегі шығармашылық бастамаларға, ғылыми техникалық жетістіктерді енгізуге, өнімнің сапасын арттыруға және келушілерді материалдық ынталандыруға күш салуды мақсат ететіндігін анықтауға мүмкіндік берді. Нәтижесінде, бұл мәселеге қатысты мазмұнының бес элементінің реформаның басты мақсаты бойынша ескертпелерінің жалпы үштен екісі өткізілді.

Еліміздің телеарна мәліметтерінде реформаның басты формалары бойынша үкімдер көбіне қандай формада берілді? Әдістемеде үкімнің бекітілген төрт формасы қарастырылған: 1. Мәселенің қойылуы. 2. Оң өзгерістер. 3. Теріс өзгерістер. 4. Реформаның басты мақсаттары бойынша ұсыныстар.

Бірінші кезең материалдарында оқиғалардың басым көпшілігінде мазмұн элементтері мақсат қою түрінде аталды. Және бұл толықтай орынды: реформа енді ғана өмірге келісімен жарнаманың басты мақсаты алдағы жұмыстың маңызы мен бағытын түсіндіру болды. Мұнымен бір уақытта білім және мәдениет телеарнасының жоспарлау мен ынталандырудың жаңа жүйесіне өтуге дайындыққа әкелген оң өзгерістер туралы айтуға тырыса бастағаны анықталды.

Талдау барысында сондай-ақ, облыстық телеарналар материалдарында реформа жүргізумен байланысты қандай да бір жағымсыз фактілерді сипаттайтын үкімдердің болмағандығы айқындалды.

Деректің шындық бұрмаланған ақпараттарға икемділігі көрсетілді, яғни реформаны жүзеге асыру барысында қолайсыз оқиғалар да кезігуі мүмкін.

Осылайша, келтірілген мысалдар үлкен жарнама компанияларын зерттеу үшін мазмұн-талдауды қолдану – бұл компаниялардың жеке ақпараттар арнасының қатысуының нақты сипаты жөнінде құнды ақпарат беретіндігінің айқын дәлелі.

Келесі әдістемелік зерттеу құжаттары келтіріледі: бағдарлама, кодтау карточкасы және кодтаушы нұсқаулығы.

Жеке құжаттардың мазмұнын талдауға тоқталсақ. Әлеуметтік зерттеулерде жеке құжаттар деп әдетте жеке адамның құрған немесе құрастырған және автордың, сондай-ақ онымен тығыз байланысты адамдардың өмірі мен қызметіне байланысты оқиғаларды сипаттайтын құжаттарды атайды. Жеке құжаттар бейресми құжаттар қатарына жатады, алайда олардың құрамына сонымен қатар жоғарыда келтірілген анықтаманы қанағаттандыратын құжаттардан басқа зерттеу мақсатына байланысты жеке тұлғаның өмір қызметінің сипатымен тығыз байланысты түрлі дипломдар, куәліктер, мінездемелер, келіссөздер және сот шешімдері, т.с.с. құжаттар да жатады. Осылайша, жеке құжаттардың басқа түрдегі құжаттық ақпарат көздерінен ерекшелігі автордың құжатты жасау принципі негізгі болып есептелгенмен, міндетті болып табылмайды.

Әлеуметтануда «жеке құжаттар» терминіне оның қосалқы тарихи пәндер – архив ісі мен деректанудағы түсіндірмесімен салыстырғанда кеңірек түсінік қалыптасқан. Құжат авторлығының басқа белгілері классификация негізіне алынған жағдайда архивистер «жеке шығу текті құжаттар» деп аталатын басқа терминді қолданады. Әлеуметтанушы архивтік қорға және деректанулық жұмыстардағы анықтамаларға жүгінген кезде бұл түсінбеушілікті ескеруі қажет.

Жеке құжат анықтамасына жиі енгізілетін автордың «өз бастамасы бойынша» құру шарты жекелік сипаты бар ықтимал ақпарат көздерін тым шектейтіндіктен маңызды белгі болып табылмайды.

Жеке құжаттардың басқаларынан сипатты ерекшелігі онда бір жағынан шынайы іс-қимыл көрсетіледі, екінші жағынан оған құжат құрушының көзқарасы, дүниетанымының қатынасы болып табылады. Жеке құжаттардың ең танымал түрлері автобиографиялар, жазбалар, хаттар, күнделіктер, мемуарлар, сондай-ақ фото, кино құжаттар болып табылады.

Автобиографиялар тапсырма бойынша қажеттіліктен туындаған, яғни автордың «өзіндік бастамасы» сыртқы жағдайлардан туындаған кездегі жеке құжаттар болып табылады. Бұл жағдайлар нақты ақпарат көздерін қолдану мен шешуге болатын ықтимал зерттеу мақсаттарын шектей отырып оларды формалды талдау үшін қолайлы жағдай туғызады.

Жазбалар – автордың ұстанымын жария етудегі ашықтылық принципі алдын ала айқын жағдайлармен объективті түрде шектелген жағдайдағы тапсырма бойынша берілген тақырыпқа жазылған жеке құжаттар.

Хаттар – болып жатқан оқиғаны сипаттайтын, әдетте нақты себеп бойынша құрылған жеке құжаттар. Хаттар автордың тек ішкі қажеттіліктерінің, сондай-ақ сыртқы жағдайлардың ықпалының көрінісі болып табылатын өзіндік бастама бойынша жазылуы мүмкін. Олар ағымдағы оқиғаларды автордың эмоционалдық қабылдауына байланысты өзектілік белгісіне ие.

5.4. Әшекей бұйымдар бойынша деректерді жинау әдістері

Зергерлік өнер қазақ халқының мәдениеті тарихында ерекше орын алады. Онда халықтың идеалдары, талғамы, көркемдік және материалдық құндылықтарының деңгейі толық және жарқын көрініс тапқан. Басқа көркемдік өндіріс туындыларына назар аударсақ, көпшілігі бүгінгі күнге дейін сақталмайтын сүйек және ағаш ою, тері және керамика бұйымдары өндірісінен айырмашылығы зергерлік өнердің «мәңгілік материалдары» саналатын – қола, күміс, алтын уақыттың күшіне қарсы тұруға қабілетті және ежелгі кезеңнен бүгінгі күнге дейінгі халық өнері дамуының үзілмеген желісін бақылауға мүмкіндік береді.

Зергерлік өнердің тұрмыстық өндіріс сипатындағы қазақтың қолданбалы өнерінің басқа түрлерінен ерекшелігі ол өндіріс ерекшеліктері алдын ала белгіленген кәсіби сипатта болуы. Қазақтың зергерлері (*зер* – парсы тілінен аударғанда *зар*, *алтын* дегенді білдіреді) жалғыз жұмыс жасайтын болған, кейін өз шеберханасын мұраға (көбінесе ұлына) қалдырды. Олар арнайы құрал-жабдықтарын орналастырып, алдын ала оқудан өтті. Зергер-

лер қолынан көптеген өнер туындылары шығады: мұнда әйел әшекейлері, костюмдер бөлшектері, ас ішетін жабдықтар, киіз үй әшекейіне керек жарақтар, жиһаздар, ағаш және тері ыдыс, музыкалық аспаптар, қару-жарақтар, ер-тұрман бұйымдары кіреді.

Географиялық факторға, бастысы қазақтардың көшпелі өмір салтына байланысты зергерлік бұйымдардың жасалу стилі де сан түрлі болды. Олар халықтардың көшіп қонуына байланысты кең таралды, тек қана қазақтар арасында емес, басқа да көптеген халықтармен байланысқа түсе отырып, бүкіл еуразия территориясына таралды. Осылайша азиялық далалық зонаның алып кеңістігінде көптеген көшпенділердің тұрақты көшуімен түрлі халықтармен араласып, олармен мәдени құндылықтарды алмасу арқылы қазақтың зергерлік өнері дамып, байи түсті.

Кез келген қоғамда адамның әлеуметтік құндылығының біртіндеп дамып, күрделене түсуімен бұл әшекейлердің функциясының адам өміріндегі маңызы арта түсті. Бүкіл дамыған және - мәдени-артта қалған заманауи халықтарда әшекейдің белгілі бір маңызы және мағынасы бар. Бұған өткен заман қалдықтары және заманауи стильде жасалған бұрынғы қапсырма орнына қолданылатын түйреуіш т.б. жатады.

Зергерлік бұйымдардың дәл осы ерекшелігі оларды өткен және қазіргі заманғы деректер, бұрын қолданылған және қолданылып жүрген халықтың қоғамдық құрылысы жөнінде ақпарат беретін құнды дерек көзі еді.

Мысалы, зергерлік бұйымдардың этникалық және аймақтық ерекшеліктерінің әдеттен тыс қалмаған. Өткен ғасырдың өзінде орыс археологтарының назарына ілінген. Әйел әшекейлерінің белгілі кешендерінің таралу аймағы сол кезеңдегі шығыс славян тайпаларының өмір сүрген аймағына сәйкес келеді және әр тайпаның әйел әшекейлерінің өз кешені болғанын байқатады. Кейіннен бұл болжамды кеңес археологтарының жұмыстары толықтай растады. Өз кезегінде этнографтар ежелгі әйел әшекейлерінің көптеген элементтері XIX ғ. шаруалар бас киімінде сақталып қалғандығын айтады. Қазақ халқының зергерлік бұйымдары жайлы мәліметтер сақ дәуірінен бастау алады. К. Ақышев «Курган Иссык» атты еңбегінде егжей-тегжейлі табылған алтын адамның киімі мен зергерлік әшекейлеріне тоқталған. Сақтар мен үйсіндердің зергерлік бұйымдары ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің археологиялық коллекциясы: жақсы сақталған.

2011 жылы шыққан Алматы ғылыми каталогында сол кезеңдегі әшекейлердің суреттері мен анықтамасы берілген. Сонымен қатар ортағасырлық қалалардан табылған зергерлік бұйымдар жайлы мәлімет беретін ғылыми жинақтар жарық көруде. Ш. Тоқтабаеваның «Серебранный путь казахских мастеров» атты еңбегінде қазақ зергерлік өнеріне қатысты мәліметтерді жинаудың нақты әдістері келтірілген.

Ұқсас мысалдар өте көп, олар бойынша киімді халықтың этногенезі мен этникалық тарихын зерттеуде маңызды дереккөзі ретінде қарау керектігін көрсетеді.

Шынында, бұл дереккөзін пайдалануда мұқият және ақылға қонымды болу керек. Жеке тағылатын әшекейлерді (моншақтар, сырғалар, т.с.с) үлкен көлемде түсіреді (кейде бұл үшін арнайы объективтер немесе линза адаптерлі сақина пайдаланады). Рельефті өрнектерді (чеканка, филигрань, өрнекті құйма, т.с.с.) тік эстампажбен көшіріп алады (өрнек бояумен суланып, қағазда таңбаланып қалады) немесе кейін өрнектік гипсті муляжын дайындау үшін балшықтан, пластилиннен бейнесін жасап алады.

Зерттеудің негізгі талаптарына тоқталсақ: зергерлік бұйымдарды экспедициялық зерттеуде аса маңызды міндет коллекция жинағын санау қажет. Музейдегі зергерлік бұйымдар коллекциясы қаншалықты үлкен болмасын, олар ұлттық киімдердің көптүрлілігін толықтай аша алмайды. Көне зергерлік бұйымдар өмірден тез кетіп, жоғалып, сынып, әуесқойлардың қолына түседі және т.с.с. Нәтижесінде халық мәдениетінің өте әсем, алайда тез құртылатын түрі ғылымда жоғалып кетуі мүмкін. Сақталып қалғандарын жинап, музей қорына өткізу – әрбір этнограф-далалық зерттеушінің маңызды міндеттерінің бірі. Әрине, тек жоғарыда айтылған этнографиялық коллекцияларды жинаудың барлық ережесі орындалған коллекциялар ғана ғылыми құндылыққа ие бола алады.

5.5. Қолданбалы-сәндік өнер материалдарын жинаудың әдіс-тәсілдері

Ұлы даланы мекендеген көне тайпалардың ұлттық колөнері рухани мәдениеті келешек ұрпаққа мұра болып саналады. Оның дамуы дәстүрлі қазақ қоғамындағы көшпелі өмір салтымен, ұлт-

тық сана-сезімімен, тарихи өзгерістермен тығыз байланыста болды. Қазақтардың тіршілік ету мәдениеті көбінесе ұлттық қолөнермен анықталды. Қолөнер бұйымдарына оюлар мен өрнектер арқылы қазақтардың дүниетанымы мен көне көзқарастары бейнеленген. Қолөнер дәстүр бойынша ерлер және әйелдер қолөнері деп бөлінді. Физикалық күш қолданылатын: ағаш өңдеу, тері, сүйек, тас, сондай-ақ ұсталық және шеберлік іс сияқты жұмыстармен ерлер айналысқан. Қазақтарда ұзақ дамыған қолданбалы-сәндік өнердің материалдық негізі болып мал шаруашылығы өнімдерінен, өсімдік шикізаттары мен металдардан өңделген үй өнімдері саналады.

Қазақтардың қолөнері әр түрлі бедерлі киіз кілемдерінен жасалған және тұрмыс-тіршілікке пайдаланылатын оюланған киізден, сәндік тоқыма төсеніштер, тігін, тері өңдеу, ағаш кесу мен металды көркем өңдеу (әшекей бұйымдар) және кілем тоқудан көрінеді.

Эстетикалық талаптарды қанағаттандыруға деген ұмтылыс, көркем безендіру үшін бар мүмкіндікті максималды түрде қолдану өмірге қолданбалы-сәндік өнердің көптеген түрлерін әкелген болатын. Ол талғампаздығы мен бай түрлілігімен, оюлы мәтіндердің нақтылығымен, жоғары туындылығы мен түсі, сипатының әртүрлілігімен ерекшеленді. Үй тұрмысы мен қолөнер бұйымдарының көп бөлігі нақты бір мәнге ие болды.

Халықтың санасында қолданбалы өнер өмірдің барлық құрылымының ажырамас бөлігі болып саналды.

Қолданбалы-сәндік зерттеудің ерекшелігі этнографиялық экспедиция кезінде қолданылады. Теориялық-қолданбалы және сәндік-қолданбалы зерттеудің ара-жігі әлеуметтік процестер жөніндегі ғылыми білімді тереңдету немесе нақты әлеуметтік мәселелерді әдеттен тыс шешуге бағытталған нақты мақсаттармен анықталады. Теориялық-қолданбалы зерттеуде әлеуметтік тапсырыс әдетте оны зерттеуге «шақырушы» қоғамдық мұқтаж секілді орын алады. Сәндік қолөнерде де нақты тапсырыс беруші бар, яғни зерттеушілердің көмегіне сүйенген басқару мүшесі саналады. Ағымдағы әлеуметтік проблемаларды талдауға бағытталған теориялық бағдарланған ғылыми-зерттеу сәндік қолөнерден кем емес. Оның нәтижелері әлеуметтік үдерістердің дамуындағы қарым-қатынас және ықпал жағдайын бағалау болып

табылады немесе, керісінше қоғамның қалыпты жұмыс істеуі және дамуы болып табылады. Осы зерттеудің практикалық құрамдас бөлігі әлеуметтік гендерлік саласында неғұрлым негізделген басқару шешімдерін қабылдау үшін мүмкіндік береді. Қолданбалы-сәндік зерттеудің тиімділігі – оның кеңістік-уақыттық оқшаулануы қатаң бекітілген әлеуметтік проблемаларды шешуі болып табылады. Қолданбалы-сәндік зерттеу басқару шешімдерін егжей-тегжейлі зерттеумен аяқталып, сайып келгенде әлеуметтік инновация практикасын енгізеді.

Қолданбалы-сәндік бұйымдардың қолданылу аясы.

«Декор» – сәндік, әшекей, көркемдеу (латын тілінде) прикладное – қолдану, қолданбалы (орыс тілінен), яғни екеуі қосылып декоративно-прикладное искусство деген ұғымды білдіреді. Ол, негізінен, адамның пайдасына тиімді қолданатын дүниені, затты өз қажеттілігіне ыңғайлы етіп жасаумен бірге сол затты нәрлеу, әшекейлеу, өрнектеу әр түрлі техника мен технологиялық әдіс айдалармен өндеп өнер заттарын жасауды айтады. Айқындап айтсақ, пайда мен өнерді, сұлулықты әуенді бір өзекке тоғыстра біріктіру. Енді біз қазақ тіліндегі қолданбалы қол өнері деген сөздің текстологиялық мәтінін ұғып, мән-мағынасын талдау арқылы оның этнонимін ұқтық, білдік. Сонда қолдану, пайдалану дегеніміз – үш қағидадан тұратын Пайдалылық, Беріктік, Мықтылық-Сұлулықтың түп тамыры. Осы қағидалардан адам өміріне, тіршілігіне, тұрмысына қажеттілігіне пайдаланатын заттар мен бұйымдарды жасау бір болса, екінші осы жасалатын заттар өте берік, мықты болу керек, ол өмір заңдылықтары, екінші қағида осы заттың бәрі өнер туындылары, шығармалары болу үшін өнер заңдылықтарындағы көркемдік, сұлулық қасиеттерін пайдалануымыз керек. Олар – әдемі пішін (форма) құрылым (конструкция) және декор көркем әшекей сұлу формалы затты сырлап, оюлап, өрнектеп, нәрлеп өз қолымызбен жасап тұтұнушы мен көрермен-өнерсүйер қауымға ұсыну, жасап беру.

Сонымен, қолданбалы қолөнер заттарының жаратылу негізгі фундаменті пайда, пайдалану сол заттың, бұйымның ең бірінші адамның тұрмысына қажет екендігін көрсетіп ашатын пайда деген ұғым, сөз этнонимі арқылы пайдалануды қолдану процесінде бірінші орынға қойып негізгі айқындаушы ретінде жеке бөліп танытамыз, пішін мен конструкция және декор, сәндік,

әсемдік сұлулық көзі ретінде жасалған затты, бұйымды көркемдік пен толықтыратын қолдаушы, дәнекер ретінде мазмұнын баяндап, өнер заттарының композициялық құрамынан нақты толық орндарын көрсетеді, сол әдемі көркем заттардың сыртқы формаларын, пішіндерінің негіздерін жасайтын шикізаттардың физика-химиялық, технологиялық қасиеттері беріктіктің кепілі болып олардың табиғи бейне көрністерін күшейте түсіп көрерменге ерекше әсер әпереді. Осы айтылған үш қасиетті бір-бірінен ажыратып бөлуге болмайды, бұлар бірін-бірі толықтырып бірлік ансамблін құрайды.

5.6. Киім мен зергерлік бұйымдар этнографиялық дерек ретінде

Киім, тұрғын үй секілді, адамға қоршаған ортаның қолайсыз әсерінен қорғану қызметін атқарады. Сол себепті де киімнің пайда болуы алғашқы дәуір кезеңіне сай келеді. Киімдермен қатар ерте заманнан бастап, әшекейлер де пайда болған болатын. Осы немесе басқа үлгідегі киімдер мен зергерлік бұйымдар жер шарының барлық ұлттарына белгілі. Киімнің түрі адамдардың өмір сүру географиялық ортасына байланысты. Ол тыныштыққа әсер етеді, киімнің жасалатын материалына байланысты. Алайда киім материалдарының қасиеті тек физикалық-географиялық ортасына ғана емес, жергілікті аумақтың тұрмыс-тіршілігіне де байланысты. Әсіресе бұл киім, аяқ киім, бас киім өндіретін фабрикалар пайда болғанға дейін ертеректе көрініс тапқан болатын. Мал шаруашылығымен айналысатындарда, мысалға, әдетте жүн мен тері, ал жер өңдеушілерде өсімдік талшықтары пайдаланылды. Сол себепті де киімді маталар мен оның өндірісіне қатысты өзге де материалдардың жасалуына, әсіресе тарихи аспектісіне қарай зерттемеу қажет. Киім мен зергерлік бұйымдар атқаратын негізгі мақсатымен бірге өте ертеден адамдардың қоғамдағы статусын да анықтайтын болған. Адам қоғамындағы әлеуметтік құрылымының қиындауы мен біртіндеп дамуына байланысты киім мен әшекей бұйымдардың функциясы адам өмірінде үлкен мәнге ие бола бастады. Заманауи дамыған халықтарда және мәдениеті артта қалған халықтарда киім мен әшекей бұйымдар –

әрдайым нақты әлеуметтік мән мен мағынаға ие. Бұл тең дәрежеде фракке, қазіргі заманғы ағылшын аристократының галустігіндегі гаухар түйреуіш және Жаңа Гвинея папуасынан табылған қабанның тісінен жасалған алқаға да қатысты. Сонымен қатар қазақтың камзолдарында кездесетін қапсырма т.б. ұлттық нақыштағы бұйымдар қазақ халқының ерекшелігін айқындай алады.

Киім мен әшекей бұйымның дәл осы ерекшелігі халықтың қоғамдық жүйесінде, қолданыста болған немесе әлі қолданыста бар, өткен мен бүгінгі жайлы мәлімет беретін құнды дереккөзі саналады. Киім мен әшекей бұйымдардың өздеріне тән сан алуандығы мен дамығанына қарамастан, оларды пайдаланудың сипаты костюм жасауда біріктірілген болатын. Осы немесе өзге де дәрежеде кез келген киім кестелермен, өрнектермен және ашық ренді элементтермен безендіріледі. Әрбір халық өздерінің тарихи әр түрлі кезеңдерінде өзіне тән киім мен әшекейлерді қолдану дәстүрі және материалдар мен оларды өндіру тәсілдері болды. Сол себепті де әрбір халықтың костюмдерінің пішіні мен спецификалық құрылымы шықты және де әр халықтың костюмінің өзіндік тарихи қалыптасқан ұлттық, этникалық ерекшеліктері бар. Киімнің этникалық ерекшелігінің ерекше тұрақтылығына бір мысал келтірейік.

Осындай мысалдар, киімдердің халықтардың этногенезі мен этникалық деректерін зерттеуде маңызды дереккөзі ретінде саналатындығын анықтай түседі. Алайда мұндай деректерді мұқият әрі үнемді пайдалану қажет.

Киімдер жасалатын материалдар, әдетте өте нәзік және уақыт сынына төтеп бере алмайды. Әшекейлермен жұмыс істеу жақсы деңгейде болды, алайда барлық түрімен емес, оның ішінде берік материалдардан: қымбат металдар, тастар, сүйектерден жасалған әшекейлерде. Сол себепті де, егер де археологтар ежелгі зергерлік бұйымдар туралы көп ақпарат жинақтағанда, киімдер бойынша археологиялық материалдар толымсыз әрі тапшы болып келеді. Фрескадағы, картиналар мен суреттердегі бірнеше суреттер мен өткен дәуірдің құжаттарындағы дұрыс емес жазбаларды санамағанда, этнографтардың арқасында жинақталған далалық материалдар киім мен зергерлік бұйымдар тарихы жөніндегі жалғыз дереккөздері саналады. Бұл этнографтардың далалық зерттеуде киімдерді зерттеуге аса ұқыптылықпен қарауды қажет етеді.

Адамдарда кез келген кезде қолданылған киім өте алуан түрлі болып келеді. Бұл әртүрлілік көптеген әр түрлі себептерге байланысты: маусымдық өзгеру мен ауа райының ерекшеліктеріне (қыстық, көктемдік, жаздық, күздік киімдер), жас ерекшелігі (балалар киімі мен ересектер киімі, қарттар киімі), жынысы (ерлер және әйелдер киімі), тағайындалуы (мерекелік, күн сайынғы, өндірістік киім), әлеуметтік жағдай (бай мен кедейлер киімі, қалалықтардың, крестьяндардың киімі) және т.б. Әрбір этнограф киімді зерттеуге кіріскен кезде өзінің алдында тұрған нақты ғылыми міндеттің осы немесе өзге де киімдердің топтастыру жүйесін таңдау қажет.

Зерттеу бағдарламасы.

Киімді зерттеу кезінде киімдердің жиынтығы деп аталатын келесі маңызды бөлігін ажырата білу керек. Киімдердің жиынтығын анықтаудың негізі киімнің сыртқы келбеті немесе кездейсоқ элементтердің үйлесімділігі ғана емес, сондай-ақ тұтас костюмнің ішкі бөлігінің жиынтықтарының қатынастары да анықталады (мысалға, белгілі бір тайпа немесе халыққа тән костюмдер, нақты тарихи кезеңге тән киімдер және т.б.). Мұндай жиынтыққа киімдермен қатар зергерлік бұйымдар да кіреді. Киімдерді зерттеуде далалық тексерудің бірнеше түрлеріне жүгінеді: жергілікті халықтан мәлімет алу (ерте кезде киімдердің элементтері мен олардың қолданысы жөніндегі), графикалық әдістер (сызбалар, көшірмелеу, фотоға түсіру), анкеталық әдіс (әсіресе қазіргі кездегі киімдердегі өзгерістерді зерттегенде), коллекция жинақтау.

Болмыстың шарттары мен мерзімі, киім-кешектердің пайдалану уақыты информаторлардан алынады. Киімнің түрлері, оның бөліктері мен элементтерін білдіретін жергілікті терминдердің жазбаларына ерекше назар аударылады.

Киімдерді сипаттауды жазған кезде мақсатты бірізділікті сақтауды қабылдау қажет: мысалға, астыңғы бөлікті сипаттап болып қана, жоғарғы бөлікке көшеді немесе бас киімдерді сипаттаудан бастап, аяқ киімдерді сипаттаумен аяқтайды.

Киімді пішу және тігу үшін үлгі алады (әрине ол дәстүрлі, ескі кесілген бөліктер жөнінде). Пішу ережелерін білетін жергілікті «тігіншілердің» көмегіне жүгінген жөн. Мұндай үлгілер табиғи және кішірейтілген масштабта жасалады және «миллиме-

трлі» қағазды пайдалануға өте ыңғайлы. Киімнің қиындыларын алу қиындыққа түсетін болғандықтан, үлгі-суреттерді пайдалану тиімді болып табылады. Үлгі-суреттің масштабында киімнің негізгі өлшемдерінің барлығы түсіріледі (дана ұзындығы, ені, мөлшері), тігістері және де бүктелген қатпарлар, пішу сипаттағы қиылған және осыған ұқсас басқа да баптардың жерлерінде схемалық бейнелер салынады. Осындай сызбалар арқылы киімді тігуге келмейді, алайда этнографиялық зерттеу жүргізу үшін бұл жеткілікті болып саналады.

Үлгілері бейнеленген сызбаларда киімдердің шеттері мен кесілген бөліктері түзі сызықпен, тігістері үзік сызықтармен жүргізіледі. Кесте орналасқан орындар мен соған қатысты өзге де әшекейлерді ерекше белгілейді. Дәл осы сызбаларда матаның түсін белгілейді, әр бөліктерінің, тігістерінің, әшекей элементтерінің аттарын жазады. Үлкен әрі түсінікті болуы үшін оюдың (фрагмент) схемалық бейнесін салған жөн. Әрбір сызда міндетті түрде мыналар: киімнің атауы (ортақ атауы және жергілікті), оның иесінің есімі (немесе ол әйел адам болса), жасалған мерзімі мен киілген уақыты, сондай-ақ өзге де қажетті мәліметтер. Егер бұл киім, сонымен қатар фотоға түсіріліп алынса (бұндай дублетті әдіс фиксациясы қалыпты және ұсынылатын әдіс саналады), компьютердің файлы арқылы аты мен күні, нөмірі беріледі.

Киімді фиксациялаудың (тіркеу) жақсы әдістерінің бірі фотоға түсіру болып табылады. Маталар мен киімдерді фотоға түсіруді (жылтырлақтар мен металикалық жіптермен безендірілген заттардан басқа) өте жарық күн сәулесі түскен кезде немесе күшті жасанды жарық беру арқылы жүзеге асырған жөн. Әсіресе суреттің шынайылығына мән беру керек, себебі жақсы, анық суреттерді үлкейту кезінде жіптердің тігісінің әдістерін көруге, жіптер мен киімнің өзге де ерекшелігін анықтауға мүмкіндік беріледі. Жеке затты суретке түсірер кезінде оны таратып немесе әр қыры мен негізгі әшекейлері анық көрінетіндей іліп қояды. Әдетте екі түрлі фотоға түсіреді: алдынан және артынан. Ою-өрнектерді жеке үлкен жобада түсіреді.

Тек костюмнің бейнесін түсіріп қана қоймай, оның киілген түрі қалай болғандығын білу мақсатында, оны адамның үстіне киген кездегі бейнесі де түсіріліп алынады. Жергілікті костюмдерді экспедиция қызметкерлеріне киюге рұқсат етілмейді: мұн-

дай сурет деректің түпнұсқалығын жоғалтады (себебі бұл экспедицияға шықпас бұрын, музейде түсірілген сурет саналуы да мүмкін). Костюмді киіп тұрған адамның бейнесі 3 позицияда түсіріледі: алдынан, жанынан және артынан. Егерде костюм бірнеше бөліктерден тұратын болса, онда «шешіну» немесе «киіну» әдістері арқылы фотоға түсіру тиімді болып табылады. Бұндай жағдайда адамды берілген костюмнің бөлігін шешіп жатқан немесе керісінше киіп жатқан кездерін фотоға түсіреді. Сондай-ақ, костюмнің бөліктерін кию (немесе шешу) тәртібі қалыптасқан мәдени дәстүрге сай қатаң сақталуы қажет. Алынған суреттердің сериясы бұл үдерістің арнайы анықтамасын алмастырады және оны жақсы толықтыратын болады. Киімнің «қатты» бөліктерінің суреттерін (бас киімдер, аяқ киімдер және т.с.с) әр жағынан түсіру қажет, себебі әр суреттің сериясын қараған кезде оның формасының қандай екендігін елестетуге мүмкіндік береді. Оюланған заттардың әр бөліктерінде орналасқан өрнектерді нақтылап түсірген жөн.

Түсті суреттер әзірге экспедиция жағдайларында сенімді нәтиже бермей жүр. Сол себепті де киімді тіркеу кезінде дәл сол түсінде бейнеленген суреттердің маңызы ерекше. Қиын емес сурет салу тәсілдерін қолдана отырып, түс пен өрнектерді фотографияға қарағанда нақты беруге болады. Сонымен қатар химиялық тұрақты емес фотоқоспалардан қарағанда, суреттердің ұзақ сақталуы жоғары.

Кестелер, бедерлі маталар мен соған ұқсас киімдегі әшекейлердің көшірмесін калька арқылы жасауға болады. Егер де сурет өте ұсақ болмаған жағдайда, жеткілікті жарық түсірген кезде ол мөлдір қағаз кальканың артынан көрінеді. Қажетті красканың сұйық ерітіндісін алып, осы бояуды бедердің үстіне қою өте оңай. Мөлдір калькада түрлі-түсті карандаштармен де сурет салуға болады. Бұндай көшірмелер тек қана нақтылығымен ғана ерекшеленбейді, сондай-ақ өрнектің бөліктерінің атауларын, оның жасалу кезеңі мен әдістерін және т.б. жазуға мүмкіндік береді. Көшірме үшін өрнекпен бедерленген барлық бөлігін алу қажетті емес. Бедердің элементтері жиі қайталанатын. Жұқа бедерлі маталар мен шілтерлерді көшіру шыны арқылы жарық түсіру әдісі арқылы да жүзеге асырылады. Дөнес оюларды фиксациялауда кері эстампаж көшіру әдісі қолданылады. Сондай-ақ

бедердің үстіне қағаз беті қойылып, жұмсақ графиттің бөлігі немесе өзге қоспалармен сүртіледі. Дөңес жерлерінде краска қалады да, тереңдетілген жерлерінде қалмайды. Бұндай үлгіні кейін қарапайым қағазға қояды да, бояулармен бояйды. Нақты болуы үшін осындай заттарды фотоға түсіру арқылы дублеттейді.

Жеке тағылатын әшекейлер (моншақтар, сырғалар және т.с.с.), көлемді масштабта түсіріледі (әдетте бұл үшін арнайы объективтер немесе айналмалы жүзіктері бар линзалар пайдаланылады). Бедерлерді (чеканка, филигрань, бедерлі құю және т.с.с.) түзу эстампажбен көшірме жасайды (бедер бояуға малынып, кейін қағазға бастырылады) немесе кейін гипсті бедерлі муляж дайындау үшін саз балшыққа, пластилинге басылады.

Зерттеудің негізгі талаптары. Киімдер мен әшекей бұйымдарды экспедициялық зерттеудің негізгі маңызды міндетінің бірі коллекция жинақтарын санау болып табылады. Киімдер мен зергерлік бұйымдардың музейлік коллекциясы толығымен халық костюмдерінің көпқырлылығын көрсете алмайды. Көне киімдер мен әшекейлер қолданыстан шығып, әуесқой-дилетанттардың және т.б. қолдарына түсіп өзгеріске ұшырап жатыр. Нәтижесінде халық мәдениетінің өшпес мұрасы ғылым үшін жоғалу деңгейінде. Аман қалған заттарды жинақтау, жинақталған материалдарды музейдің қорғауына өткізу – әрбір этнограф-зерттеушілердің басты маңызды міндеттерінің бірі. Әрине, жоғарыда айтылған этнографиялық коллекцияларды жинақтаудың ережесіне сәйкес жинақталған коллекциялардың ғылыми құндылығы маңызды болады. Егер де киімдердің тарихы зерттелетін болса, жергілікті киім мен әшекейлерге қатысты салт-дәстүрлер, оның жасалуы туралы мәліметтер, салттар, діни, жергілікті наным-сенімдердегі алатын орны мен мәні қандай болғандығы жөнінде мұқият анықтама берілуі қажет. Еске сала кеткен жөн, салттық формадағы киімдер (той киімдері, қайтыс болған адамдардың киімі және т.с.с.) көбінесе өзінің көне қалпының типі мен түсін, оюын, пішінді қалпын өте қажырлы сақтайды. Әлем кеңістігінің әрбір аудандарында ХХ ғасырға дейін, ал кейбір жерлерде әлі күнге шейін үй өндірісі дамыған. Қазіргі кездегі киімдерді зерттеу кезінде көпшілік зерттеу әдісі мен мәліметтерді салыстыратын статистикалық жинақтарға сүйенген жөн. Киімнің ерекшеліктері мен оның тұрмыста қолдану шараларына

және т.б. құрайтын сұрақтардан тұратын қарапайым анкеталардан өзге, жергілікті аумақтың тұрмыста қолданылатын киімдері мен әшекей бұйымдарын бұқаралық суретке түсіруді ұсынуға болады. Фотаға түсіру негізінде үш позицияда жүргізіледі (алдыңғы, артқы жағынан және жанынан). Өз міндеттерінен басқа этнограф өзіне қызықты киім түрлерінің серияларын фотаға түсіре алады. Анкеталық зерттеулердегі сияқты, мұндай фото-сериялар жергілікті киімнің типтік ерекшеліктерін көрсететін жеткілікті жағдайда көп болуы қажет (сериясында 60-100 фотодан кем болмауы қажет).

Матаның, жүннің, терінің және киімнің өзін өндіретін фабрикалық өндірістің дамуы ұлттық костюмдердің кескінінің түбірін өзгерткен болатын. Сол себепті де қазіргі заманғы костюмдердің өзгеруін зерттегенде сауда байланыстары мен оның ұлттық костюмдерге деген ықпалының қандай екеніне мән берген жөн.

5.7. Отбасын зерттеудегі этнографиялық әдістер

Бұл мәселені зерттеуде жалпы ғылымдық (анализ, синтез, жүйелі әдіс) тарихи, этнографиялық және этносоциологиялық әдістерге, статистикалық ақпараттарды талдауға негізделеді. Оның теориялық негізіне А.Г. Харчев, Ю.В. Арутюнян т.б. ғалымдардың теориялық ойлары мен тұжырымдары басшылыққа алынды. Методологиялық негізі Ю.В. Бромлейдің жалпы этнология мәселесіне арналған іргелі ғылыми зерттеулері мен жеке ғылыми мақалаларындағы әдістерге сүйенеді. Сондай-ақ отбасы проблемасымен айналысқан Х.А. Арғынбаев, Ә.Т. Төлеубаев, С.Е. Әжіғали, А.Б. Қалыш, Ж.З. Жаназарованың және т.б. отандық этнографтардың еңбектеріндегі дәстүрлі әдістер кең пайдаланылды. Сонымен қатар шетел ғалымдарының ой-тұжырымдары мен пікірлері бағыт-бағдарлық, теориялық және методологиялық негіз ретінде қажетті тұстарда жазылды.

Отбасын зерттеу барысында келесі теориялық-методологиялық әдістер қолдануға болады: нақтылы тарихи әдіс – тарихи хронологиялық, тарихи-салыстырмалы әдісті пайдалану, этнографиялық әдіс – жеке бақылаулар, дерек білетіндермен сұхбат,

статистикалық әдіс 1989,1999 және 2009 жылдардағы халық санағының мәліметтерін талдау.

Отбасын зерттеудегі деректік негіздері ретінде ел арасынан жинаған этнологиялық материалдар, этносоциологиялық, статистикалық мәліметтер, мерзімді басылымдар пайдаланылады. Қолданылған деректер өзінің ақпараттық құндылығы мен мазмұндық дәрежесіне қарай топтастырылды.

Отбасын зерттеу барысында ең алдымен іріктеу жұмыстары жүргізілді. Сауалнамаға қатысатын респонденттердің сандық құрамы ауыл тұрғындарының ұлттық құрамына, әлеуметтік-кәсіби дәрежесіне, білім деңгейіне және жас шамасына қарай анықталады. Сұрақ қою интервью арқылы жүзеге асырылды.

Кеңіс этнографы В.В. Пименов: «Қазіргі этнография әлеуметтік-этникалық шынайылықты зерттей отырып, прогрессивті өзгерістерге бой алдыра, жаңа проблемаларды шешуі үшін теориялық-методологиялық және әдістік жағын толықтырып, дамытуы қажет», – дейді. Неке тұрақтылығына әсер ететін құбылыстар мен процестерді толығырақ сипаттау және болашақтағы дамуын болжау мақсатында соңғы уақыттары сандық және статистикалық, этнографиялық мәліметтер жетілдірілуде. Этнографиялық мәліметтерді талдау барысында математикалық есептеу, әдістерді өзгерту, мәліметтерді алудағы тактика мен процедура неке тұрақтылығын анықтау нәтижесін шығаруда жүйелік-құрылымдық талдауды пайдалануды қажет етеді. Зерттеу барысында этнографиялық және этносоциологиялық мәліметтер деректік мақсаттарды келесі түрде қалыптастырады:

- ғылымның қазіргі даму дәрежесіне сай теориялық-методологиялық білім беру;
- этнографиялық және этносоциологиялық деректер кешені туралы ақпарат беру;
- зерттеудің даму қажеттілігінен шыға отырып, олармен жұмыс істеу тәсілдерін жетілдіру.

Отбасын зерттеу барысында теориялық-әдістемелік, ақпараттық және әдістік мәселелер бір-бірімен тығыз байланысты каралады. Әдістемелік мәселелерді ашу деректерге шолу жасаумен қатар жүргізіледі, бұл жағдайда көңіл негізінен этнографиялық деректер жеткізген мәліметтер мазмұнына емес, әр түрлі де-

рекердің ақпарат беру ерекшелігін көрсетуге бөлінеді. Неке тұрақтылығын зерттеу барысында түрлі тәсілдерді қолдана отырып, негізгі деректерге қол жеткізуіміз қажет. Неке тұрақтылығына байланысты деректердің мәнін ашудың негізінде бақылау және бейнелеу теориясы жатыр. Отбасы-некелік қатынастар алдымен адамның сезімінде, түйсігінде, ойында, істерінде бейнеленеді, этнографиялық дерек сол бейнелеудің жемісі, қорытындысы, соның салдары ретінде пайда болады.

Отбасына байланысты деректерді келесі шағын топтарға бөлуге болады:

- сөздік деректер – хабаршылардан алынған этнографиялық деректер;
- жазба деректер – этносоциологиялық мәліметтер мен статистикалық құжаттар;
- дыбысты деректер – магнитофон мен диктафонға жазылған үйлену тойына байланысты сыңсу, беташар, жар-жар т.б. дыбыстар;
- салттық деректер – видеотаспаға жазылған тұрмыста, мінез-құлықта қалыптасқан дәстүрлер, әдет-ғұрыптар.

Барлық типтік жіктеулер кезінде негізгі топқа жататыны – жазба деректер. Жазба деректердің аса көп мөлшерде кездестіндігінен, олармен жүйелі жұмыс істеуге мүмкіндік алу үшін зерттеушілер әр түрге бөледі. Мұндағы негізгі принцип жазба деректердің пайда болуының, формасы мен мазмұнының және арналған мақсатының бірлігі. Осыған сай зерттеуші Л.Н. Пушкарев жазба деректерді екі топқа бөле отырып, оның бірнеше түрлерін көрсетті:

Құжаттық:

1. Картографиялық.
2. Статистикалық.
3. Актілік.
4. Канцеляриялық (іс қағаздары).
 - а. Баяндаушы:
 1. Жеке.
 2. Көркем.
 3. Тарихи.
 4. Ғылыми.

Түрлі тәсілдерді қолданудың бірі – этнографиялық материалдарды пайдалану. Мысалы:

1. Ауыл тұрғындарының барлығында той бірдей өткізіледі ме? (хабаршыға үйлену тойының қандай түрлері белгілі). Бұрынғы мен қазіргі тойдың айырмашылығы?
2. Некеге тұру үшін қыз бен жігіттің қай жас шамасы рұқсат береді? Күйеуі әйелінен 2, 4, 6 т.б. жасқа үлкенге қалай қарайсыз?
3. Қыз бен жігіттің үйленгенге дейін ұзақ уақыт жүруі отбасының тұрақты болуына әсер етеді ме?
4. Некеге тұруға ата-ананың рұқсаты қажет пе?
5. Құда түсуге кімдер барады, қанша рет барады, не апарыды? Құда түсу рәсімі қалай өтеді?
6. Үйлену тойына қажет қаражатты екі жақ қашан шешеді? Оған кімдер қатысады? Қалыңмал немесе тоймал т.б. ретінде қанша ақша апарыды? (Хабаршының қалыңмал мен жасауға көзқарасы). Жасау кімнің қаражатына жасалады?
7. Құда түсу мен атастыру арасында жасалатын әдет-ғұрыптар қалай аталады? Бұрынғымен салыстырғанда қандай айырмашылықтары бар?
8. Қазіргі таңда ұзатылу тойы өткізіледі ме? Жігіт жағынан кімдер, қанша адам қатысады?
9. АХАЖ арқылы некеге отыру қалай жүреді? Оған кімдер қатысады?
10. Мұсылмандық жолмен неке қию өткізіледі ме? Қайда? Кімдер қатысады?
11. Үйлену тойы қайда және қалай өтеді? Оған кімдерді шақырады? Қанша адам болады? Тойдағы өткізілетін шаралар?
12. Үйлену тойынан кейінгі рәсімдер қалай өтеді? Жас жұбайлар қайда тұрады?
13. Екінші рет үйленсе, әдет-ғұрыптардың өткізілуі сақталды ма? Айырмашылықтары қандай?
14. Ұлт аралас некеде үйлену тойы қалай өтеді?
15. Неке тұрақтылығына қандай факторлар әсер етеді? Ажырасу себептері?
16. Ажырасқан отбасындағы балалар кіммен тұрады?

Жоғарыда аталған этнографиялық сұрақтар некені жан-жақты қамтиды. Хабаршылардан жауап алу барысында сұрақтарды әңгіме түрінде сұраған жөн. Сонымен қатар жауап берушілердің жас мөлшерін ескеру қажет. Себебі жоғарғы, орта, төменгі буын өкілдері сұрақтарды әр түрлі қабылдайды және көзқарастары да түрліше болады. Адамның жасы құндылықтармен, ақпараттану деңгейімен ерекшеленеді. Келесі атап өтетін нәрсе, хабаршылардың тұратын жері: қала және ауыл. Қала және ауыл тұрғындарының арасында да өзіндік ерекшеліктері болады. Қала тұрғындарына әлеуметтік ықшам орта, түрлі қарым-қатынас әсер етпей қоймайды. Хабаршылармен жұмыс істеу барысында ұлттық ерекшелікке де мән берген жөн. Әр ұлттың өзіне тән ділі, өзіндік санасы, этнопсихологиясы болады.

Қазіргі таңдағы қоғамдағы жаңалықтар тұрмыс пен өмірге ықпал етеді. Аталған мәселелерді есепке ала отырып, хабаршылардан қажетті мағлұматтарды алуға болады. Хабаршыларға қойылған сұрақтарды жинақтай келе, құрылымға келтіре отырып (жүйелеп) статистикаға айналдыруға болады. Оны компьютерге енгізіп, толық нәтижеге жетеміз. Неке тұрақтылығын анықтау тәсілдеріне сауалнама, анкета жауаптары, сұхбат, құжаттарды талдау, бақылау, психологиялық тест жатқызамыз. Әдістердің қолданылу сипаты әр түрлі болғандықтан олар зерттеудің ауқымына, жағдайларына, мақсаты мен міндеттеріне тікелей байланысты болады. Қандай зерттеу жүргізілмесін, зерттеуші әрқашан мол ақпарат жинауға тырысатындығы заңдылық.

Неке тұрақтылығына қатысты фактілерді жинау және талдау этносологиялық зерттеулерде қолданылатын арнайы кешенді әдістердің көмегімен жүзеге асырылады. Жұмыстың мақсаты некенің даму заңдылықтарын, олардың нақты көрінуін тереңірек зерттеу болып табылады. Зерттеу әр жақтылық пен алуантүрлілік, жекелік және кездейсоқтық сақталатын шындықтың бейнесін береді.

Аталған әдістерді анықтап алғаннан кейін, хабаршылардан алынған сауалнамаларға іріктеу жүргізіледі. Бағдарламада бұл операция кейіннен жеке құжатқа бөліне отырып, іріктеу жобасының сипаттамасында көрсетіледі. Іріктелген жиынтық – берілген ережеге сәйкес қатаң іріктеліп алынған басты жиынтық элементтерінің белгілі бір саны. Зерттеуге жататын (сауалнама,

сұхбаттасу) іріктелген жиынтықтың элементтері (респонденттер, талданатын құжаттар) талдау бірлігі болып табылады. Олар жекелеген адамдар да, сол сияқты тұтас топтар да, жұмыс ұжымдары да болуы мүмкін. Ең бірінші кезекте барлық топқа тән элементтер іріктелініп алынады. Бұл әдісті негізінен механикалық іріктеме деп атайды. Мұндай іріктеу 10, 20, 30, 40, 50 және одан да көп адам арқылы жүргізілуі мүмкін. Іріктелетіндер арасындағы аралық іріктеу қадамдары деп аталады.

Іріктеме мақсатты болуы да мүмкін, мұнда зерттеуші адамдарды, топты мақсатына орай сауалнама үшін іріктеп алады. Кездейсоқ іріктеу халық құрылымының әрбір элементі біркелкі ықтималдылықпен қосылуы мүмкін. Іріктеуге шамасы қаншалықты көп болса, ықтимал қателесу соншалықты аз болады. Үлкен іріктеумен сауалнама жүргізу қиынға түседі. Мамандардың дәлелдеуінше, басты жиынтықтың 10% іріктеме жиынтыққа қосу ісінде өзін-өзі ақтаған. Мұндайда респонденттердің саны 2-2,5 мың адамнан аспауы тиіс. Телефонмен сауалнама жүргізу кезінде миллион тұрғыны бар қалада 300 адамға сауалнама жүргізсе жеткілікті. Шағындау қалаларда іріктеме көлемі 150-200 адам болса да болады.

Отбасын зерттеу үшін қолданылатын тәсіл – *анкета*. Анкета – этносоциологиялық ақпарат жинаудың ең алғашқы тәсілі. Анкетаның неке және отбасы мәселесінде алатын орны зор. Анкета әдісі арқылы неке тұрақтылығына әсер ететін факторларды, ажырасу себептерін, балалардың ұлтын таңдауын анықтаймыз. Бұл әдісті жүргізудің үш кезеңі бар: дайындық (анкета бағдарламасын жасау), негізгі (сұрау жүргізу), нәтижелік (алынған ақпаратты өңдеу). Әдіс келесі факторлармен ерекшеленеді:

1. Барлық аймақтарды қамтуға мүмкіндік береді, тіпті алыс аймақтарды да.
2. Түрлі тақырыпта және таңдау арқылы жүреді.
3. Жауаптарды сандық сипатта алуға болады.
4. Уақыт үнемдеуге қол жеткізеді.

Анкета тәсілін жүргізу үшін зерттеушіде ғылыми негіз болуы тиіс. Сонымен қатар мәліметтерді жинау барысында дұрыс мақсат қоя білген жөн. Зерттеуші респондент-хабаршының мінез-құлқын ескере отырып, жалықтырып алмайтындай етіп сұрақтарды даярласа кез келген анкета объективті нәтиже береді.

Психологиялық жағын қарастырсақ анкета жүргізетін орын да өзіндік маңызға ие: қызмет немесе оқу орны, көше, үй т.б. Оған қоса анкетаны дұрыс қабылдауға қағаздың түсі де әсер етеді. Ақ түсті, сапасы жақсы қағаз құжатқа деген сенімділікті арттырса, көк жасыл түс сабырлыққа шақырады. Керісінше сұр қоңыр түс немқұрайдылықты білдіреді. Сұрақтар 20-30 минут көлемінен аспаған жөн. Соған қарап анкетаның шамасын белгілейді. Аталған әдіс арқылы алынған ақпарат талданады, жинақталады және ғылыми тұрғыдан түсіндіріледі. Респонденттердің барлық жиналған жауаптары математикалық өңдеуден өткізіледі (жауаптардың алынған нұсқаларының саны анкета жүргізілгендердің жалпы санына пайыздық қатынаста есептеледі), зерттеудің қажетті типі бойынша топтастырылады. 200 адамға сауалнама жүргізу кезінде және салыстырмалы түрде шағындау анкета (20 сұраққа дейін) арқылы алынған материалдарды қолмен өңдеуге болады. Егер анкетада сұрақтар 20-дан астам болса, ал сұралғандардың саны 200-ден астам адам болса, онда кодталғаннан кейін ақпарат компьютерлік өңдеуге беріледі, мұнда программистің көмегі қажет болады.

Сонымен, жинақтау нәтижелері этносоциологиялық ақпарат деп аталады. Ақпаратты былай топтастырады: номиналды белгісі бойынша (кәсібінің түрі, жасы, ұлты), тиісті рангалық шамасы (еңбек сипаты бойынша: қара жұмыс, ақыл-ой жұмысы) бойынша, сандық белгісі (топтар сандық мәнер) негізінде сипатталады: 18-20 жас, 20-25 жас, 25-30 жас бойынша. Топтастырылған анкетамен жұмыс істеу математикалық статистиканың көмегімен жүргізіледі. Зерттеудің логикасы да статистикалық деректерді этносоциологиялық деректерге айналдыру.

Отбасы тұрақтылығын анықтауда ішкі отбасылық қатынаспен қатар экономикалық және тұрмыстық аспектілерді, яғни туыстары мен жұбайлардың көршілерімен, әлеуметтік ортамен қарым-қатынасын қарастыруды да ұмытпаған жөн. Ішкі отбасылық қатынас мәселесін анықтауда *сұхбаттасу* әдісі қолданылады. Ол анкетамен салыстырғанда көп уақытты талап етпейді. Респондентпен тікелей сөйлесу арқылы толық ақпарат жинауға мүмкіндік береді. Сұхбаттасу алдын ала дайындалып, артынан жүргізіледі. Бұл тәсілдің ашық және жабық түрі болады. Жабық түрінде сұрақтарды карточкада берсе, ашық түрінде сұрақтар сұхбаттасу барысында қойылады.

Сұхбаттасудың екі типі кең тараған: стандартты, еркін. Стандартты түрде респондентті алдын ала тақырыппен таныстырады. Сұхбат барысында үшінші адамды да әңгімеге тартуға болады. Қойылатын талап – шамадан тыс сұрақ қоймау. Соңғы еркін түрінде алдын ала сұрақтар берілсе де, нақты сұрақтар даярланбайды. Сұхбат әңгіме түрінде өтеді, 10-15 минут көлемінен аспағаны жөн. Бұл әдістің кемшілігі объективті нәтиже алу қиын, әрі сандық көрсеткіште қолдана алмаймыз. Соған қарамастан сапа жағынан құнды деректерді осы сұхбаттасу арқылы жинаймыз.

Сұхбаттасу әдісін жүргізу үшін зерттеуші мынадай қасиеттерді меңгергені жөн:

- хабаршыны тоқтатпай тыңдай білу, ойлануына мұрсат беру;
- сұрақтарды нақты, мағыналы түрде асықпай дұрыс жеткізу;
- хабаршының көңіл-күйін байқау;
- бөгде адамдардың кірісуіне жол бермеу.

Келесі неке тұрақтылығын анықтау тәсілі – *психологиялық тест*. Тестің ерекшелігі мәліметтердің шынайылығын, дәлдігін, тереңдігін, нақтылығын көрсетеді. Оның қорытындысы – жұбайлардың некемен қанағаттануы дәрежесі. Әлеуметтану зерттеулерінде неке тұрақтылығына әсер ететін факторлардың ішінде ең алдымен психологиялық, артынан психофизиологиялық, әлеуметтік-тұрмыстық т.б. факторлар тұр. Сондықтан психологиялық тестерді жүргізудің маңызы зор. Некемен қанағаттану дәрежесін анықтай отырып, отбасының тұрақты немесе тұрақсыз екенін білуге болады. Тестерді құрастыру барысында зерттеушінің дүниетанымы анық байқалады, әрі дін, нәсіл, ұлт мәселесі кеңінен қолданылады. Сұрақты дұрыс құрастыруға үлкен мән берген жөн. Өйткені этносоциологиялық сұрақ – біздің күнделікті қарым-қатынастағы сұрақтардан күрделі нәрсе. Сұрақ қоюдың бірнеше ережесі бар:

1. Әр сұрақ жауап беру үшін мәнді болуы керек.
2. Қалыптасқан үйреншікті тілді қолдану керек. Зерттеу мақсаты әр сұраққа жауап алу болғандықтан, жалпыға ортақ лексиканы, жазу мен грамматика орынды қолданылуы қажет. Арнаулы терминдер мен әр түрлі қысқартулардан бойды ары ұстаған жөн. Сұрақтар тыңдауға жеңіл болуы тиіс.
3. Сұрақ тым жекелік сипат алмауы тиіс.
4. Әрдайым хабаршының тақырыпқа деген көзқарасын байқау керек.

Психологиялық тесті анықтау үшін тұрақты отбасы жоғарғы балл, тұрақсыз отбасы төменгі балды иеленуі тиіс. Екі топтың ортақ қортындысындағы ерекшелік статистикамен бірдей болуы қажет. Психологиялық тесті қолданудың арқасында зертеуші теорияны тәжірибеде дәлелдейді. 1975 жылы неке тұрақтылығын анықтау үшін Мәскеудің Черемушкинский ауданында арнайы психологиялық тест жүргізілді. Ол отбасы тұрмысын, отбасы басшысын, жанжалдың шығу себептерін анықтады. Нәтижесінде жұбайлардың қарым-қатынасына әсер ететін келесі факторлар анықталды: өзара көмек, шешім қабылдаудағы келісушілік, бос уақытты дұрыс өткізу, бірін-бірі түсіну т.б.

Неке тұрақтылығын анықтаудың келесі бір тәсілі – *бақылау*. Бақылау – мәліметтерді көзбен көріп, құлақпен еститін алғашқы әлеуметтік ақпарат жинаудың бірінші түрі. Бұл әдіс кеңінен қолданылады. Объект таңдалынып, жүйелі және мақсатты түрде бақыланады. Бақылаудың арқасында объектінің ерекшеліктерін, іс-әрекеттерін есепке аламыз. Әдіс тәуелсіз, адамға айтпай жүргізіледі. Әдістің ерекшелігі респондентпен зерттеушінің арасында тікелей қарым-қатынастың болмайтындығында. Оған қоса респонденттің белгілі бір оқиғада жасаған іс-әрекетінің мазмұнын нақты және кең түрде түсінуге болады. Бұндай ақпаратты басқа тәсілдерде алу қиын. Бақылау барысында бағдарлама жасалынады. Әдіс үш кезеңнен тұрады: дайындық, негізгі, қорытынды. Дайындық кезеңде бақылау графигі, күнделік жасалынады. Негізгі кезеңде ақпарат құжатқа тіркеледі. Қорытындыда жиналған мәліметтер талдаудан өтеді.

Эксперттік бағалау және болжам жасау әдістерінің де неке мәселесін шешуде маңызды екенін атап айтқан жөн. Сондай-ақ саяси құбылыстардың отбасына, жеке адамның әлеуметтенуіне тигізетін әсерін анықтауда *нормативті-құндылықты* тәсіл қолданылады. Сонымен қатар адамдардың саясатқа араласуын, олардың табиғи қажеттіліктерін (тамаққа, киімге, баспанаға, қауіпсіздікке т.б.) қанағаттандырумен байланыстыратын *антропологиялық* тәсіл де жиі қолданылады. Санасыз түрде жасалынатын психологиялық үдерістерді, жұбайлардың мінез-құлдықтарын, отбасындағы ішкі дүниесінің жанайқайын *психологиялық* тәсіл анықтайды. Бұл тәсілдің негізіне келесі ішкі отбасылық факторларды жатқызамыз:

- жұбайлардың көзқарастары мен қызығушылықтарының ортақтығы, психологиялық сәйкестік;

- отбасындағы сезімдік психологиясын, махаббаттың күштілігін, міндеткерлігін, сыйластығын, жауапкершілігін;
- үй еңбегінің қолайлы, дұрыс бөлінуі, отбасы басшысының сипаты (авторитарлы, эголитарлы);
- некемен қанағаттану дәрежесі, ұлттық аралас некеге туысқандары мен жақындарының көзқарасы.

Сонымен, аталған әдістерді қолдана отырып неке тұрақтылығын анықтаймыз.

Білімді бақылауға арналған сұрақтар:

1. Отбасылық этнографияны зерттеген қандай ғалымдарды білесіз?
2. Ақпарат жинақтау кезіндегі этносоциологиялық ақпаратты талдаңыз.
3. Эксперттік бағалау және болжам жасау әдісіне қандай мәселелерді жатқызамыз?
4. Киім мен әшекей бұйымдарды зерттеу бағдарламасын талдаңыз.
5. Киім мен әшекей бұйымдарды жинау бағдарламасының негізгі талаптарын атаңыз.
6. Зергерлік деректерді жинаудың негізгі талаптары.
7. Зергерлік ұстаханалардың мәліметтерін талдаңыз.
8. Бұйымдар бойынша мәлімет жинау ерекшеліктерін айқындаңыз.
9. Қолданбалы-сәндік зерттеудің ерекшелігін көрсетіңіз.
10. Қолданбалы-сәндік өнерді қолдану аясын айтыңыз.

ЭТНОЛОГИЯНЫҢ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ БОЙЫНША БАҒДАРЛАМА

6.1. Этнологиялық зерттеулердің міндеттері мен мақсаттары

Этнографиялық тәжірибенің мақсаты: біріншіден, студенттердің дәріс және семинар сабақтарында алған білімін бекіту. Екіншіден, тәжірибеші-студент экспедиция жұмыстарына қатыса отырып, далалық жағдайдағы еңбекті ұйымдастыру мен кәсіби-этнограф дағдыларын қалыптастыру. Үшіншіден, этнографияны игеруге көңіл аударған студент-тәжірибешілердің алдына ғылыми тапсырмалар қойып, кәсіби дағдыларын қалыптастырып, олардың ғылым жолына баруына алғышарттар жасайды. Студенттердің ғылыми жұмыспен айналыса бастауы, студенттердің ғылыми конференцияларға қатысып мақала беруімен басталады.

Студенттерді тәрбиелеуде этнографиялық тәжірибенің баға жетпес маңызы, студенттерді жергілікті халықтың тарихы, мәдениеті, әдет-ғұрыптары, қайталанбас қоғамдық тұрмыс-салттарымен танысу барысында арта түседі.

Этнографиялық тәжірибе адамдармен тіл табысуға, әңгімелесу дағдыларын игеруге, тәжірибешілердің қоғамдық-саяси сұрақтарға байланысты дәріс оқу, мұның бәрі жоғары педагогикалық дайындық болып саналады.

Этнографиялық зерттеу жүргізілетін аймақ жөнінде мәліметтер жинау ең маңызды іс болып табылады. Гуманитарлық ғылымдардың өзге салаларының ішінде этнографияның өзгешелігі ең алдымен бастапқы фундаментальды дайындығын, яғни нақты тақырыпты анықтап алу, зерттеудің бағдарламасы мен әдістемесін құрастырып алу, тоериялық білімді игерген болуы керек. Алдын ала дайындықсыз далалық тәжірибеге шығудың да қажеті жоқ.

6.2. Негізгі әдістемелік ережелер

Далалық этнографиялық зерттеулер жүргізілетін тәжірибелер барысында материал жинақтаудың екі негізгі тәсілі қолданылады: тұрақты және маусымдық.

I. Тұрақты тәсілмен этнографиялық зерттеу әдістерін жүргізу – өз алдына сол зерттелетін аймақтағы этникалық топтың ішінде неғұрлым ұзақ уақыт тіршілік етуге бейімделу. Мол мәліметтер, материалдар жинақтау болып табылады.

II. Маусымдық тәсілдің ерекшелігі жоспар бойынша көбінесе қысқа уақыт ішінде маңызды мәселелерді қарастырып, далалық материалдарды жедел жинақтауға мүмкіндік береді.

Маусымдық экспедицияда этностың өмірі жайлы материалдарды жинақтау екі тәсілмен жүргізілуі мүмкін: маршрутты және шоғырланған.

Маршрутты зерттеу жүргізу экспедицияның қозғалысын «желілік» маршруттағы тәсілмен жүріп отыру немесе әр тоқтанған аялдамада екі-үш күн болып материалдар жинақтаумен жүргізіледі. Ал шоғырланған тәсіл, зерттеу барысында басты базалық пунктінi (белгiлi бiр елдi мекен) негiзгi зерттеу объектiсiне алып, ал қалған көршілес ауылдарды сол жиналған материалдарды бекітіп, салыстырып алуға жеңіл-желпі қарастырылады.

6.3. Далалық зерттеулер жүргізудің техникасы

Далалық этнографиялық тәжірибе қажетті материалдарды жинақтап, ғылыми білімді молайту үшін келесідей тәсілдерді қолданады.

1. Байқау әдісі халық тіршілігінің әр жақты қырларын көрсететін нақты материалдарды жинақтауға мүмкіндік береді. Оның ішінде өмір сүру жағдайы, жергілікті халықтың мінез-құлық ерекшеліктері, тұрмысы осының бәрі іскер этнограф үшін таптырмас материал болып табылады. Әрбір этнографтың далалық жазбаларда немесе басқа да құжаттарда ескерілмеген барлық байқаған ойлары (дүниелері) оның күнделігінде қамтылуы қажет.

2. Сұрақ-жауап әдісі – этнографтың таңдап алынған ақпарат берушімен немесе жергілікті жердің тұрғыны беретін ақпа-

ратты пайдалану арқылы жүргізілетін далалық зерттеудің маңызды тәсілі.

3. Эксперимент әдісі – сол жергілікті жердегі отбасының немесе қоғамның әлеуметтік ортасымен бірге мейрамдарда, әр түрлі оқиғалардың ішінде бірге болу. Бұл тәсіл салт-дәстүрлердің қандай ерекшеліктері, қалай жүргізілетіні, кімдер қатысатыны жөнінде көп мәліметті көзбен көруге мүмкіндік береді. Ал қажетті жағдайда жергілікті халықтан белгілі бір салт-дәстүрдің немесе қажетті оқиғаның қалай орындалатынын сұрап, өз көзімен көруге болады, бірақ бұның жүргізілуі сахна түрінде емес табиғи (шын болып жатқандай) жүргізілуі қажет.

6.4. Этнологиялық зерттеуде материалдарды тіркеу

Материалдарды зерттеу барысында қойылатын сұрақтардың алдын ала дайын болуы шарт. Заттар мен құбылыстарды тіркеп жазу қатаң тәртіппен орындалады. Еңбек процесін бақылау, басқа да іс-әрекеттердің маңызы мен мазмұнын тексерудің негізгі түрі ретінде сақталыну қажет.

Әрбір экспедицияда жергілікті халықтың киімі, тұрғын үйі, материалдық мәдениеттің өзге де заттарын жинақтау және тіркеу үшін үлкен жұмыс атқарылады. Бұл үшін суреттер, сызбалар, жоспарлар, JPS-те анықталатын координаттар – барлығы қамтылу қажет.

Елді мекендердің орналасу жоспарларын түсіру топография негіздерін білуді талап етеді. Қазіргі этнографиялық экспедицияны фотоаппаратсыз немесе бейне камерасыз елестету қиын. Жалпы алғанда әрбір этнограф объектілер мен заттарды суретке түсірудің әрбір қырларын білуі маңызды.

Экспедицияның негізгі құжаттарына: күнделік, дәптер, анкета, графикалық суреттер, бейне-дыбыс және фото-видео материалдары кіреді. Бұл құжаттар экспедиция аяқталған соң мұрағатқа тапсырылады.

Беттері дұрыс нөмірленген таза және түсінікті жазбалар, материалдың құндылығын көтеріп оның келесі кезектегі пайдалануын көп жеңілдетеді.

6.5. Этнологиялық материалдарды жинақтау

Қазіргі кезде ертеден сақталынып келе жатқан көптеген жергілікті халықтың мәдениет ерекшеліктері, аз уақыт ішінде жоғалып бара жатыр. Этнографтар ескерткіштерді зерттеуге қатысып қана қоймай, оларды қорғау жолдарын да қарастыру орынды. Бұл үшін коллекцияларды жинау және ескерткіштерді тіркеп отыру қажет.

Этнографиялық коллекцияларға алғашқы қойылатын талап – жиналатын экспонаттардың тиіптілігі болуы шарт (бір тарихи дәуір типіне немесе сол жергілікті жердің типіне жатуы).

Екінші талап – жеке экспонаттар жинақтау емес, заттар кешенін жинақтау. Мұндай жинау барысында халықтық мәдениеттің белгілі бір бөлігі немесе этностың анықталған бір жағы нақты көріне түседі. Егер де ертедегі жер өңдеу тәсілін зерттеу үшін еңбек құралдарына, өсімдік үлгілеріне назар аударылады. Мұның барлығы осы саладағы барлық жұмыс түрлерін, өндірістік процестің барлық кезеңдерін қамтуы қажет.

Тәжірибенің жұмыс бағдарламасы

Жұмыс бағдарламасы этнографиялық материалдарды жинақтау бойынша тәжірибешілердің негізгі бағыттарын анықтау керек. Сонымен қатар бағдарламадағы тақырыптардың орналасуы, кафедрада жүргізілетін этнографиялық материалдарды жинау мен өңдеуге қатысты арнайы курстардың мазмұнымен сәйкес келіп отыруы керек. Ереже бойынша, арнайы кәсіби археология мен этнография топтарының студенттері этнографиялық экспедиция ішінде негізгі құрамды құрайды. Соңғы кездері бірқатар университеттерде археология және этнографияға қатысты жобалар жүзеге асырылуда.

Белгілі мақсаттағы далалық жұмыстар этнографиялық зерттеулер жүргізуге көп көмегін тигізеді.

Этнограф далалық экспедиция барысында әр түрлі оқиғаларға кез болып, бағдарламадан тыс жұмыстарды қамтуға тура келеді. Мұндай жағдайда этнографтың тек өзінің шығармашылық қабілеті көмектесе алады. Ал этнограф үшін өзінің жұмыс

барысында не бір жаңалықтарға кез болу немесе ашып көрсету қуантарлық жағдай. Енді соларға жеке-жеке тоқталайық.

Шаруашылық

Адамның өндірістік іс-әрекеті оның өмірінің негізі болып табылады. Өндірістің спецификасы, адамның экономикалық іс-әрекетінің ерекшеліктері мәдениеттің барлық жақтарына әсер етеді.

Этнография көбінесе шаруашылықтың тарихи формасын немесе шаруашылық салаларының іс-әрекетінің бүгінгі күнге дейінгі ең қарапайым түрлерін, шаруашылықты жүргізудің артта қалған түрлерін зерттеуге бағытталады. Бұларды білу адамзаттың тарихын, тарихи процестің механизмін тануға көп көмектеседі.

I. Жер игеру

1. Жер игерудің жағдайы: а) революция, ә) ұжымдастыру, б) тыңайған жерлерді игеру: ауылшаруашылық мәдениеттері, егістік көлемі, жер игеру жұмыстарының техникасы, еңбек құралдары, шаруаға жегілетін мал, ылғалдандыру, тыңайтқыштарды қолдану, егістік өнімін жинау және дайындау, сақтау.

2. Жер игерушілердің экономикалық және әлеуметтік жағдайы.

3. Жер өндеуге қатысты дәстүрлер мен шаралар.

4. Жер игерушілер, малшы-көшпенділер.

5. Қазіргі жер игеру: мәдени дәнді-дақыл құрамының, техникалық әдістерінің, ауылшаруашылық күнтізбесінің өзгеруі.

II. Бау-бақша өсіру.

Тұрғылықты жердің маңызы.

Өндеу техникасы.

Халықтың көкөніс, жеміс-жидектермен қамтамасыз етілуі.

III. Мал шаруашылығы.

Мал шаруашылығы жағдайынан мәліметтер: а) революция, ә) ұжымдастыру, б) тыңайған жерлерді игеру кезеңдері бойынша. Жайылымдық жерлер және олардың маусымдық қолданылуы. Су арықтары. Көшпенділер жолының бағыты мен ұзақтығы. Жерге деген меншік, шекараларды заңдастыру және бекіту. Малдың құрамы және саны.

Қазақтардың мал шаруашылығына қатысты наным-сенімдері (малдың жеке түрлерінің қорғаушы иесі, таудың иесі, үңгірлер т.б.).

Халықтық ветеринария жөнінде мәліметтер. Мал шаруашылығына қатысты халықтық мейрамдар. Мал шаруашылық өнімдерін өңдеу.

3. Еңбек құралдары: бұғалық, байлау-күрмеу түрлері, ертоқым түрлері, қырқу және емдеу құралдары.

4. Мал шаруашылығының қазіргі кезеңдегі маңызы. Мал құрамының өзгеруі, еңбекті ұйымдастыру, жайылымның қазіргі тәсілдері.

IV. Шаруашылықтың өзге де түрлері.

1. Аңшылық. Аңшының қару-жарақпен жабдықталуы.

Аңшылық әдістері: қарумен, итпен, жыртқыш құстармен.

Аңшылыққа байланысты дәстүрлер, олжаны бөлісу.

2. Балық аулау. Түрлері, таралуы, дәстүрлер. Балық аулау жабдықтары: тор, басқа да түрлері (мысалға қазақтың «қазасы»), қайықтар (табан қайық, құс қайық т.б.).

Балықшының киімі.

Балық өнімдерін өңдеу мен тұтыну.

Халық шаруашылығын зерттеуге кіріспес бұрын, ең алдымен халық тіршілігіне әсер ететін географиялық жағдайды: климаты және топырақ құнарлығы, өсімдік және жануарлар элементінен мәліметтер жинақтау. Шаруашылыққа байланысты мәліметтерді жинақтауда далалық жұмыстың тәсілдеріне: тұрғындардан сұрақтарға жауап алу, жеке бақылау, тұтынатын заттарды фиксациялау, олардың ішінде (еңбек құралдарын, өсірілетін мәдени дақылдарын, еңбек мерекелерін т.б.)

Қолөнер және үй шаруашылығы

Қолданбалы өнер мен қолөнер, үй шаруашылығы халықтың еңбек іс-әрекеті мен өмір сүру жағдайында барлығы бір-бірімен тығыз байланыста болады. Негізінен көшпелі мал шаруашылығы арқасында азық-түлік пен шикізатты тұтынудағы бірден-бір жетекші күшті атқарады. Қазақтың ертедегі кәсіби қолөнерінен куә бола алатындай, келесі шаруашылық түрлеріне арқа сүйеуіміз қажет.

1. Үй шаруашылығы және қолөнердің негізгі түрлері.

1. Ұсталық өнер: руданы өндіру, руданы балқыту, еңбек құралдарын жасау, қару-жарак, сауыт-сайман, ұста пайдаланатын заттары.

2. Зергерлік өнер: әйелдердің сәндік бұйымдары, ер тоқым, жүгендерге, қару-жаракқа түсті металдардан көркем жапсырма безендірулер.

3. Ағаш өңдеу өнері: тұрғын үй салу, екі аяқты және басқа да арба түрлерін жасау. Үй тұрмысындағы заттарды дайындау және безендіру.

4. Сүйекті пайдалану: жасау техникасы, материал.

5. Былғары ісі: киімдер дайындау, ыдыс-аяқ ретінде (торсық, саба т.б.), ат әбзелдері (жүген, нокта, құйысқан, тоқым т.б.)

6. Тоқыма: шикізаты, техникасы, қандай мақсатта.

7. Алаша тоқу. Алаша түрлері, алаша тоқу құрылғылары.

8. Тоқыма-тігін. Техника. Кигіз үй жабдықтары үшін дайындау.

9. Тоқыма өндірісі.

10. Сабын қайнату. Шикізат. Өндеу.

11. Бояулар дайындау. Материал, шикізат.

II. Ертеде және қазіргі кезеңде жергілікті жерге қолөнердің маңызы.

III. Жұмыс бөлмесі: шеберхананың жабдықталуы, құрылғылар, аспаптар.

IV. Қолөнердегі жыныстық-жастық бөліну: ерлердің және әйелдердің қолөнері.

V. Шебердің дайындау тәсілдері және белгілі бір қолөнер бұйымы бойынша техникалық қолөнер.

VI. Қарым-қатынасты ұйымдастыру: бұрын және қазір.

Этнограф үшін зерттелетін қолөнердің барлық орындалатын кезеңдерімен танысып шығуы керек. Сонымен қатар толық мәліметті сол қолөнердің кәсіби мамандарының аузынан естуге болады. Қолөнерге байланысты барлық заттар музейлер үшін қажетті экспонаттар болып табылады.

Тұрғын-үй, қоныс-жай

I. Қоныстанудың тарихи формасы: тұрақты және уақытша болып бөлінеді. Қоныстану уақыты, атауы, тұрғылықты халық-

тың саны және этникалық құрамы. Қоныстану орны не үшін таңдап алынды.

Қоныстанудың сипаттамасы – көшелік, бытырап қоныстану, топпен қоныстану, реттік т.б.

Қоғамдық, мәдени, шаруашылық құрлыстарының орналасуы. Бейіттер мен мазарлардың орналасуы.

II. Кеңестік дәуірдегі болған өзгерістер: отырықшы шаруашылыққа көшуге байланысты тұрғын үйді салу және материалдарды пайдалану ерекшеліктері.

Елді-мекеннің орналасуы, географиялық жағдайы.

Ұлттық құрамы. Қоғамдық құрлыстар.

III. Бау-бақшаның орналасуы, тұрғын-үй және шаруашылық кешендерінің құрлысы.

Сумен қамтамасыз ету: құрылымы.

Жазғы тұрғын үйлер (киіз үй, қос), шаруашылық құрылыстар – олардың ертеректе тұрғызылуы, қазір қалай тұрғызылады (шошала, қора т.б.).

Пештердің құрлысы, оларды қолдану.

Көгалдандыру, бау-бақша: көлемі, орналасуы және жеміс-жидектің құрамы.

IV. Тұрғын үй: киіз үй – құрылымы, қысқыға жабдықтау, киіз үйді құру және бұзу реттілігі.

Көшкен уақытта киіз үйді жинау және байлау тәсілдері.

Жертөлелер және жартылай жертөлелер типі (бір бөлмелі, екі бөлмелі және көп бөлмелі т.б.). Архитектурасы, жылытуы және жарықтандыруы.

Қазіргі тұрғын үй құрылымы.

I. Тұрғын үйдің ішкі жабдықтары, әр заттардың атауы және қолданылуы. Үйдің көше немесе жарық жақты бағдарлап орналасуы.

Есік, әйнектердің орналасуы. Еден.

Құрлыс материалдары және техникасы. Халықтық шеберлер.

VI. Тұрғын үй құрлысына байланысты дәстүр, ырымдар.

Мерекелерге байланысты тұрғын үй құрлысының ерекшеліктері, үйлену тойына тұрғызылған үйлер.

VII. Қазалы оқиғаларға байланысты тұрғызылған үйлер: ішкі және сыртқы көріністерінің өзгерістері.

Киім және безендірулер

I. Ерлер киімі.

1. Үстіге киетін киімдер: жейде, пішілуі, жағасы, қимасы.

Шалбарлар.

2. Сыртқы киім: жылы халаттар, материал, түсі, тігісі.

Аң терісінен жасалған тон мен ішіктер, шүберекпен қапталуы, тақыр тондар.

Камзол немесе жеңсіз көйлектер. Олардың шығу кезеңі, қай жастан бастап киеді.

Белдіктер. Әрлеуі. Белдіктерге ілінетін заттар: пышақ, шақпақ. Оларды кім киеді.

Бас киімдер: (тақия, бөрік, малақай, тымақ, далбағай т.б.).

Формасы, пішілуі, матасы, түсі, әрлеу сипаты. Кию үлгісі. Қырғыз қалпақ. Алтын түспен немесе басқа да түстермен безендіріліп кестеленуі.

Аяқ-киім түрлері (саптама, байпақ, шәрке т.б.).

Ерлердің шашын сәндеуі: ер балалар, ер адамдар. Мұрт, сақалдың түрлері.

Күйеу жігіттің үйлену тойындағы киімі.

II. Әйелдер киімі:

1. Көйлек: пішілуі, жағасы; қимасы.

Шалбарлар.

2. Сыртқы киімі: Халаттар: жеңіл, жадағай немесе астары бар. Матасы, түсі, пішілуі.

Камзол: мата, түсі, пішілу түрлері, әрлеу.

Жеңсіз камзол: қысқа немесе ұзын.

Белдемше, белдік, тізеқап: қай жас шамасында және қандай жағдайда киді.

Белдік. Материал және безендірілуі.

Бас киім (кимешек, бөрік, тақия, желек, т.б.), бас орамалдар;

Қыздардың бас киімі. Тақия: олардың формасы, безендірілуі.

5. Аяқ киім түрлері (кебіс, мәсі, етік, жартылай етік т.б.);

6. Әйелдердің және қыздардың шашын сәндеуі.

7. Әшекейлер: құлаққа тағатын, мойынға және кеудеге тағатын, қолға, киімге тағатын, тұмарлар және көзтиместер.

8. Косметика.

9. Келіннің және жас келіннің костюмдері. Келінді киіндіру салты.

III. Балалар киімі.

1. Жас баланың киімі. Киім түрлері.

2. Балалардың киіміне тағатын тілтимес, көзтиместер.

3. Баланың алғаш рет шашын алуы. Шаш алуға байланысты алғашқы салт-дәстүрлер.

IV. Мерекелік, демалыстық киімдер.

V. Табынушылық киімдер.

VI. Азалы киімдер.

Ас-су

Әрбір халық тағамдарының сипаты мен құрамы көптеген себептерге байланысты. Олардың ең маңыздылары: географиялық жағдай, жергілікті жердің даму дәрежесі, тарихи-мәдени дәстүрлер және әдеттер.

Қолданылатын тағамдардың дайындау әдістері және құрамы көбінесе рухани дүниелермен, діни тиымдармен тығыз байланысты. Сондықтан да адамзат аспаздық дағдыларға үлкен көңіл аударып, ғылыми қызығушылық білдіреді.

I. Сүт өнімдерінен жасалған тағамдар, олардың жасалу жолдары, сусын түрлері: қымыз, айран, қатық, шұбат (пісіру, іріту, ашыту, ұйыту).

– сақтау амалдары (сүзбе, құрт, ірімшік);

– ақ тағамға байланысты ырым-тыйымдар.

Ет тағамдары

I. Тағамға ең көп пайдаланатын мал еті. Ет тағамдарын дайындау әдістері.

– етті сақтау амалдары (кептіру, сүрлеу, ыстау);

– ішек қарыннан жасалған тағамдар (үлпершек, жөргем т.с.с);

– сый-қонақ, кәде мүшелері, қоспа мүшелері;

– ет тағамына байланысты ырым-тыйымдар.

III. Өсімдік тағамы. Бидай ұнын қолдану. Бауырсақ, жайманан, таба нан дайындау түрлері.

IV. Балық тағамы, аулау және дайындау әдістері.

V. Мерекелік және салт-жоралық тағамдар.

VI. Ас ішіп-жеу түрлері: жерде, жер үстел, биік үстел.

VII. Тағамдану мерзімі.

VIII. Тағамдық тыйымдар, кейбір тағамдардан уақытша ауыз тыю.

IX. Жабайы өсімдіктерді, дәрілерді қолдану.

X. Белгілі бір тағам түрлеріне немесе тағамдану мерзімдеріне байланысты салт, ырымдар.

XI. Қазан-ошаққа жататын ыдыс түрлері (шәйнек, қазан, саба, күбі, ожау, шөміш, тегене, шара, саптыаяқ, астау, шелек, көнек, аяққап, шынықап).

Ыдыс-аяқ жасау шеберлері: заттың аты, оның тұрмыста атқаратын қызметі; түрлері; жасалған жылы.

Ыдыс-аяқ жасау әдістері, технологиясы, өрнектелуі.

Ыдыс-аяқтарға байланысты әдет, ғұрыптар, салт-дәстүрлер, ырым-жоралғылар.

Ыдыс-аяқтардағы ою-өрнектердің мағынасы, маңызы қандай?

Қоғамдық өмір мен тұрмыс

Этнографтар үшін қоғамдық өмір екі жағынан да қызықты.

Біріншіден, сақталынып келген ертедегі қоғамдық қатынас алғашқы формациялардың қоғамдық қатынасын білуге мүмкіндік береді. Екіншіден, жеке халықтар мен этникалық топтардың қоғамдық тұрмыстың нормасы үлкен өзіндік типтерімен ерекшеленді және оларды сол халықтардың этникалық мәдениеті мен этникалық тарихының көзі ретінде пайдалануға болады. Қоғамдық тұрмысты зерттеу қазіргі күні де қажет.

I. Өндірістік іс-әрекетпен байланысты қоғамдық тұрмыстың дәстүрлері мен нормалары. Егіншілік алқап, жайылым, су көздерін қолданудың қоғамдық ережелері. Меншік құқығы немесе иелену (мысал; жерге, малға). Шүлен тарту институты, оның таралуы. Асар ғұрпы, асар формалары.

II. Қоғамдық өмірдің дәстүрлері мен нормалары: қоғамдық пікір, қоғамдық міндеттерді бөлу.

III. Адамдар арасындағы қатынас және қоғамдағы мінез-құлық нормалары: көршілік дәстүр және көршілік көмек. Қонақты қарсы алу дәстүрлері. Үлкендермен және кішілермен қарым-қатынас. Әйелдермен қоғамдағы қарым-қатынас. Әдеп. Көңіл аудару формалары.

IV. Қоғамдық мерекелер мен жиналыстар. Халықтық мерекелерді, шығындарды ұйымдастыру. Көңіл көтеруді ұйымдастыру (күрес, ат жарыс т.б.).

V. Жат жұрттықтарға немесе белгілі бір тұлғаларға деген көзқарас (арнайы қонақ, жолаушы, сыпайы, құдайы қонақ,).

VI. Жаңадан көшіп келгендерге деген қатынас. Ерулік.

VII. Қоғамдық тәртіпті бұзушыларға деген қатынас.

VIII. Құрметті адамдарға деген қарым-қатынас.

Бағдарламадан көріп отырғандарыңыздай мұнда жеке бақылау әдісі басым, көптеген адамдардың мінез-құлықтарын қоғамдық қатынастардан сұрақ-жауап арқылы немесе далалық жұмыстың басқа да түрлері арқылы біле алмайсыз. Бұл ерекшеліктері күнделікті өмірде байқалып, тұрғындардың өздері де білмей қалады.

Отбасы және неке

Ерекше бұл қоғамдық институттың сипаты мен формалары қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуымен байланысты. Этнограф отбасылық өмірді бақылай отырып, туысқандар арасындағы қатынасты, отбасындағы тұрмыстық моральдық, этикалық нормаларды жинауына жақсы мүмкіндік алады.

I. Отбасы және некенің тарихи формалары.

1. Отбасы түрлері: патронимия, үлкен патриархалдық отбасы, тұтас үлкен отбасы, кіші жеке отбасылар т.б.

2. Неке түрлері: қалыңмалмен алынған неке, алып қашу арқылы құрылған неке, левират, сорарат.

II. Туысқандық жүйесі және терминологиясы.

1. Тұтастай туысқандық жақтың туыстық атауын бір терминмен белгілеу (өз жұрты, қайын жұрты).

2. Туысқандық терминдерінің жас шамасына қарай және жынысына қарай дифференциациясы.

3. Әкелік және шешелік жақтағы туысқандықтың шектелуі мен терминологиясы.

Туысқандық жүйені белгілеу үшін сандар қойылады:

Әке – 1. Күйеуі – 5.

Шеше – 2. Әйелі – 6.

Ұлы – 3. Ағасы – 7.

Қызы – 4. Апасы – 8.

Бұл жүйені қолдана отырып, туысқандықтың кез келген желісін, қатынасын жазу оңайға түседі. Еске сақтайтыны бұл жерде сандар әрқашан терминдердің үлкендігіне қарай қойылады: ата (әкенің әкесі) -1 – 1, әйелінің енесі (күйенің анасы) -2 – 5.

III. Қатынас құрамы.

1. Тікелей туысқандық қатынастар (күйеу бала мен ене, келін және оның енесі).

2. Шартты туысқандық қатынастар (құдалар, өкіл әке, кіндік шеше, аталық, аванкулат).

IV. Мұраға қалдыру жүйесі және мүлікке деген құқық.

V. Отбасы мүшелерін бағындыру, күйеуінің, әйелінің, балаларының орны.

VI. Үйленбегендер: бойдақтар, кәрі қыздар. Қандас туысқандар арасындағы неке. Жыныстар арасындағы қарым-қатынас: махаббат, азаматтық неке.

VII. Қазіргі кезеңдегі отбасы мен неке: отбасының саны және құрамы, дәстүрлері және жаңашылдары.

Халықтық білім

Халықтық білім – этнографияның маңызды, бірақ әзірге аз зерттелінген саласы. Бұл сала көптеген ұрпақтардың тәжірибесі арқылы жинақталып, табиғат заңдылықтарын зерттеу және көпғасырлық еңбектің арқасында келеді. Этнографтардың аға ұрпақтардан жинап алған мәліметтері тек қана ғылыми қызығушылық емес, үлкен тәжірибелік маңызға ие.

I. Халық медицинасы:

Ел ішінен шыққан атақты тәуіптер мен емшілер, оларға халықтың көзқарасы:

- сынықшылар;
- бақсылық;
- ел ішінде болған атақты бақсылар, олардың, емдеу тәсілдері;
- бақсылық құралдары (қобыз, қамшы);
- қазіргі кезде бақсылықпен айналысып жүрген адамдар.

II. Халық ветеринариясы.

17.1. Мал емдеудің дәстүрлері, рәсімдері: мал пішу, мал ауруларының түрлері, оларды емдеу жолдары.

III. Халық астрономиясы.

18.1. Ел ішіндегі ауа райын болжаушылар мен жұлдызшылар;

қазақша жұлдыз атаулары, ай, жыл, мүшелге бөлу т.с.с.

қазақша жыл санау.

IV. Дәстүрлі күнтізбе. 12 жастық мүшел. Мұсылман күнтізбесін қолдану.

V. Уақытты өлшеу бірліктері: (ет пісірім, бие сауым, жыл, ай т.б.)

VI. Қашықтықты өлшеу бірлігі: ит өлген жер, ат шаптырым жер, бір көш т.б.

VII. Өсімдіктердің, жануарлардың, аңдардың халықтық атауы.

VIII. Ономастика – антропонимдер, топонимдер, гидронимдер, этнонимдер.

IX. Көшенің, қыстаудың, ферманың, қоныстың, бейіттің атауы.

Дәстүрлер

Дәстүрлерді зерттеуге қолайлы болу үшін оларды арнайы топтарға бөлуіміз керек: шаруашылық, күнтізбелік сипаттағы, өмірлік.

I. Өмірлік циклдің дәстүрлері өткен тарихымыздың сырларын терең түсінуге мол мүмкіндік береді.

1. Баланың өмірге келуі (туғандағы дәстүрлер, ат қою, бесікке салу, қырқынан шығару).

2. Инициациялар (тұсау кесер, сүндет, атқа мінгізу т.б.).

3. Жастық кластар (терминология, мүшел жас).

4. Үйлену тойы (некеге отыру, неке, ұрын келу).

5. Балаларды тәрбиелеумен байланысты дәстүрлер (ойындар, дене шынықтыру, шаруашылықтың тәжірибелік дағдылары, аңға баулу, өнерге баулу, үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу).

6. Қайтыс болғанда орындалатын және жерлеу дәстүрлері (жуындыру, өлікті киіндіру, қайғының белгілері, құрбан шалу, жерлеу, көңіл айту).

II. Шаруашылық циклдағы дәстүрлер көбінесе ауылшаруашылық жұмыстарына қатысты ұнататын істерімен айналысу. Наным, сенімге байланысты ертедегі еңбек дәстүрлері мен дағдылары.

1. Мал шаруашылығына байланысты дәстүрлері.

2. Жер өңдеуге байланысты дәстүрлер.

3. Кәсіптік дәстүрлер (үй кәсібі, колөнер, балық аулау, аңшылық).

Шаруашылық дәстүрлерді сол саламен жұмыс істейтін адамдардан сұрап зерттеу тиімді.

III. Күнтізбелік дәстүрлер көбінесе көшпелі шаруашылыққа байланысты келіп отырады.

IV. Діни дәстүрлерге сол халықтың наным-сеніміне байланысты оқып білуіміз керек.

V. «Төтенше дәстүрлер». Тасаттық беру, құдайы, ақсарбас т.б.

Этнограф үшін дәстүрлердің өту процесін бақылап, қағазға жазып, суретке түсіріп, түсініксіз жерлерін информаторлардан сұрап алу керек. Дәстүрді орындау барысында фольклорды, адамдардың киімдерін, заттарын анықтап біліп алу қажет.

Наным-сенімі

Бұрын бұл жерде мешіт болды ма, қай жылдары салынды? Ол мешіттің басында кім болды, имам, молда, олардың ата-тегі;

Мешіт қай жылы қиратылды? Қазан төңкерісі кезінде, 1930 жылдары мешіт иесінің тағдыры не болды?

Қазіргі дінге деген көзқарас? Елде мешіт бар ма? Қай жылы кімнің айтуымен, кімнің қаржысымен салынды?

Мешітке елдің келуі қалай, қазіргі молда кім, бұрын не кәсіп істеген?

Кезбе, дүмше, жалған молдалар бар ма, қайдан шыққан, қайдан келген?

Жастардың дінге көзқарасы, ораза тұтып, намаз оқи ма?

Діни мейрамдар: айт, құрбан айт қалай өтеді?

Жергілікті халықтың басқа дінге өтуі бар ма? Кімдер, неліктен, не себептен?

Басқа елден, көрші республикадан келген басқа дінді насихаттаушылар, миссионерлер бар ма? Оларға жергілікті халықтың көзқарасы?

Халықтың ауыз екі шығармашылығы

Халықтың ауыз екі шығармашылығы бұл тек қана халық фольклорларын жинау үлгілері емес, сонымен қатар этнографиялық мәліметтердің құнды көзі болып табылады. Тарихи аңыздар жекелеген этностар жөнінде мәліметтер беріп қоймай, олардың көшіп-қонған жерлерінен мәліметтер береді. Ертегілерде ежелгі наным-сенімдердің болғанын аңғарамыз. Әндер болса көптеген дәстүрлердің айшықты айғағы болып табылады. Халықтың ауыз екі шығармашылығына тарихи дерек көзі ретінде жақындай отырып, этнограф мұнда құнды мәліметтерді қалдырады. Халықтың ауыз екі шығармашылығын біліп зерттеудің келесі тәсілдерін ұсынамыз:

1. Шежіре – этногенез және этникалық тарих жөнінде мәліметтер.
2. Батырлар жөнінде тарихи аңыздар.
3. Мифологиялық аңыздар.
4. Халықтық эпос.
5. Ертегілер.
6. Мақал-мәтелдер, жұмбақтар, нақыл сөздер.
7. Дәстүрлік әндер (шілдеhana, сыңсу, қоштасу, жоқтау т.б.).
8. Халықтық әндер (отан, табиғат, махаббат, жолдастық т.б.).
9. Күнгізбелік поэзия (наурыз жыры т.б.).
10. Бақсы әндері.
11. Айтыс.
12. Балалар фольклоры.

Әндерді екі кісі кезек-кезек бір сөзден жазып отыру тиіс. Соңғы кезде этнографиялық-фольклорлық материалдарды жинақтауда, музыка мен әндерді жазғанда аудио және бейне жазбалар өте тиімді.

Жер-су аттары туралы мәлімет жинауға арналған сұрақтар

1. Жер-су аттары туралы мәлімет жинау тәсілдері *Жер-су аттары (топонимия) туралы мәлімет жинауға арналған сұрақтар*

1. Бұл жердегі елді мекеннің аты қазақша қалай аталады? Ол бұрын қалай аталған және не себептен өзгерген? Осы жер атының қойылуы туралы қандай тарихи деректер, ел аузында аңыз-әңгімелер бар? Егер жер аты кісі немесе ру атына байланысты қойылған болса, қашан және неліктен олай аталғанын жазыңыз.

2. Қазіргі елді мекен ежелгі атымен аталған ба, әлде кейінгі кезде қаулы-қарар бойынша өзгертілген бе? Соңғы жылдары тартылған аудандар, олардың құрамындағы ауыл, селолар қайсы ауданға қосылған?

3. Осы маңдағы жер, су, тау, көл, сор, жайлау, құдық, сай, төбе, тоғай, т.б. аттары қандай? Олар неге байланысты қойылған? Солардың атауларына байланысты қандай аңыз-әңгімелер бар?

4. Жер, су аттарының айтылуында жергілікті ерекшеліктер байқала ма? (Мысалы, Жаңақала деудің орнына Янақала деген сияқты).

5. Бұл жердің қаулы-қарар бойынша қойылған ресми аты қандай? Оның ресми атынан басқа бұрынғы немесе қосалқы аты бар ма?

6. Бұл жерде өзен, не өзеннің тармағы бар ма? Ол қалай аталады? Қай жерден немесе қайсы өзеннен, көлден, таудан басталады, олар қалай аталады?

7. Бұл маңда қорған, үңгір бар ма? Бар болса, олар қалай аталады, неге олай қойылған?

8. Бұл жерде қазір қандай халықтар тұрады? Қазақтың қандай тайпалары, рулары мекендеген? Бұл маңда бұрын басқа

халықтар немесе тайпалар болған ба? Олар туралы аңыз-әңгімелер бар ма?

9. Өзіңіз тұрған аудан, ауыл, селомен шектес, көршілес аумақта ұқсас жер-су аттары қалай аталады, ол туралы аңыз-әңгімелер бар ма?

10. Бұл маңда түсініксіз жер-су аттары бар ма? Олар туралы ел ішінде қандай әңгімелер бар? Түсініксіз атауларды жергілікті адамдар қай тілдің қандай мағынадағы сөзі деп ойлайды?

11. Бұл маңда шөп, аң, жәндік атауларына байланысты қойылған жер-су аттары бар ма? Сол шөп, жан-жануарлар қазір бар ма, жоқ әлде құрып кеткен бе?

12. Өзіңіз тұрған, көрген жердегі жер-су аттары мен естіп білген жер-су аттары туралы қандай аңыз-әңгімелерді білесіз?

13. Сіз тұрған өлкеде араб, моңғол, парсы, орыс, т.б. халықтардың атаулары бар ма?

14. Қазіргі қала, село, ауылдың бұрынғы ескі, қазақша атаулары қандай еді?

15. Жер-су аттарының этимологиясы туралы облыстық, аудандық, газеттерде мақалалар жарияланған ба және қай жылы, қай күні шыққан?

16. Жер-су аты туралы мәлімет бергенде олар орыс тілінде қалай жазылып жүргенін қоса айтыңыз.

2. Жер-су аттары туралы мәлімет жинау тәсілдері

1. Өзіңіз барған немесе тұратын жердегі жер-су аттарын түгел қамтыңыз. Жер-су аттары туралы мәліметті ежелгі тұрғындардан, қариялардан, аңшылардан, білгір адамдардан көбірек сұраңыз.

2. Қазір қолданудан шыққан кейбір жер-су аттары болса, оны да жазып алыңыз.

3. Жер-су аттары туралы мәліметті бір адамнан ғана емес, мүмкіндігінше бір топ адамнан сұраңыз. Тегінде, мұндай әңгімеге неғұрлым көп адам қатысса, соғұрлым жиналған мәлімет те толық болады.

4. Қандай жер-су атын жазып алсаңыз да, оның ауданын, облысын дұрыс көрсетіңіз. Кейбір объектінің орнын анық көрсету үшін белгілі бір пункттің батысында, шығысында, оңтүстігінде, солтүстігінде деген сөздерді пайдаланыңыз. Кейбір атау өзенге

байланысты болса, оның ағысына қарап, оң жағасында, сол жағасында деген сөздерді қолданыңыз.

5. Жер-су аттарына байланысты мәліметтер, аңыз-әңгімелер басқа кісіден алынса, кімнен алынғанын, ол адамның атын, фамилиясын, мекен-жайын, жасын, мамандығын көрсетіңіз.

6. Жалпы есімге ауысқан жер-су аттары да толық жиналады. Мәселен, Жерұйық, Жиделібайсын, Барсакелмес, т.б.

7. Географиялық карталар мен әрбір облыс, аудан, елді мекендерде кездесетін орысша жер-су аттары да жиналады.

8. Қазақстанды мекендейтін украин, өзбек, ұйғыр, дүнген, корей, неміс, т.б. халықтар тіліндегі жер-су аттары болса, сол тілдердің айтылу әрі жазылу нұсқасында жазылып алынады.

9. Мәлімет беруші адамның жас шамасы, ол сол жердің тұрғыны ма, әлде қызмет бабымен басқа облыстан келген бе?

10. Материалды жазып алған жердің – ауыл, село, қыстау, жайлау, аудан, облыс атын көрсетіңіз.

11. Мәліметтердің ең соңында өз атыңызды, тегіңізді, жасыңызды, осы жердің тұрғыны екеніңізді немесе басқа жерден қай жылы келгеніңізді, мамандығыңызды және мекен-жайыңызды жазыңыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Этнологияның зерттеу әдістері» пәні кез келген халықтың қоғамдық құрылысын, олардың генеологиясын, өзара қарым-қатынастарын, материалдық және рухани мәдениеттерін зерттейді. Ол арнайы сауалнама, сырттай бақылау т.б әдістер арқылы халықтарының шығу тегі, қоныстануы, шаруашылығы, салт-дәстүрі, мәдениеті жайлы мәлімет береді. Мұндағы негізгі және маңызды дереккөз – бұл далалық жұмыстар барысында жиналатын және далалық күнделіктерге жазылатын материалдар, олар сызбалармен, суреттермен, кино көріністерімен, фонографиялық және таспалық жазбалармен толықтырылады. Сондықтан арнайы этнограф мамандарға қазақ тілінде оқу құралы аса қажет.

Жоғарыда атап өткендей, халықтың пайда болуы мен этникалық шығу тегі, кәсібі, тілі, діні, материалдық және рухани мәдениеті маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Жоғары оқу орындары мен жалпыға білім беру мекемелерінде аталған мәселелерді зерттеу және одан әрі жүйелі оқыту арнайы жолға қойылған. Көбінесе этнографиялық зерттеу әдістерін арнайы пән ретінде оқыту жоғары білім беру орындарында арнайы мамандандырылған курстарда жүзеге асырылады. Болашақ тарихшы, археолог, этнограф мамандар үшін мұндай пәндердің рөлі ерекше. Біздің тарапымыздан азды-кемді жүйеленген әрі ұсынылып отырған оқу құралының негізгі міндеттері этнологияны зерттеудің теориялық мәселелерін қарастыру, кез келген халықтың пайда болуының тарихи алғышарттарын зерттеу, әдіс-тәсілдерді түсіну, зерделеу, кез келген халықтың этнографиялық зерттеу пайымдарды ғылыми тұрғыдан қарастыру болып табылады.

Осы тұрғыдан келгенде, «Этнологияның зерттеу әдістері» пәні болашақ археология және этнология мамандықтары бойынша терең кәсіптік білім алуына септігін тигізеді. Аталған пән болашақ мамандарды халықтардың шығу тегі, орналасу заңдылықтарының теорияларын талдай білуге үйретеді. Оқу құралында этнология ғылымында орын алған барлық әдістерге қыс-

каша шолу жасалып, негізгі әдістер келтіріледі. Оларда сипатталатын жазба деректерге, аңыз-әңгімелерге де, көпті көрген респонденттерге де шолу жасалады. Сонымен қатар этнология саласындағы негізгі терминдерге де түсініктеме берілген.

Қорыта келгенде, қазақ халқы қазіргі этномәдени біртұтастығымен жаңа дәуірге аяқ басуда. Бүгінгі таңда халықтың өткен тарихи жолына, белесті кезеңдеріне ерекше мән берілу үстінде. Бұл тұрғыдан келгенде, халықтың этногенезін т.б. мәселелерде қолданылатын іргелі тақырыптар да одан арғы ауқымды зерттеулерді, мұқият ізденістерді талап етеді. Біздің тарапымыздан түзілген осы оқу құралы болашақ мамандар даярлауда олардың этнологияның зеттеу әдістерін тереңдете түсінуіне, ғылымдардың пайымдауына кеңінен жол ашса, негізгі мақсат орындалды деген сенімдеміз. Келешекте этнология ғылымын зерттеуге арналған іргелі басылымдар, қызықты еңбектер жарық көреді деп сеніміз.

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Этнология пәні оның міндеті мен мақсаты, зерттеу объектісі.
2. Этнология ғылымының өзге ғылымдармен байланысы.
3. Этнология ғылымының даму тарихы.
4. Қазақстанның Ресейге қосылуы қарсаңындағы этнографиялық зерттеулердің дамуы (XVIII ғ. екінші ширегі – XIX ғ. басы).
5. Қазақ этнографиясы мәселелерінің XVIII ғасырдың екінші ширегіндегі ерекшеліктері.
6. Қазақтың алғашқы этнограф зерттеушілеріне сипаттама.
7. Ш.Ш. Уәлихановтың этнографиялық зерттеулері.
8. Қазақ этнографы С.Қ. Бабажанов.
9. Ы. Алтынсариннің еңбектеріндегі этнографиялық мәліметтер.
10. Орыс қоғамының Орынбор бөлімінің көрнекті қайраткерлері Т.А. Сейдалин, С.А. Жантөрин, Б. Дауылбаевтың зерттеулері.
11. XVIII ғасырдың аяғы XIX ғасырдың басындағы этнографиялық зерттеулер.
12. XX ғ. Қазақстанның этнография мектебінің қалыптасуы.
13. Әбубәкір Ахметжанұлы Диваев.
14. Әлихан Бөкейханов.
15. Санжар Асфендияров.
16. Әлкей Хақанұлы Марғұланның этнологияға қосқан үлесі.
17. С.Е. Әжғалидің көшпенділер архитектурасын зерттеуі.
18. Этнографиялық ғылыми әдістер жүйесіндегі далалық этнография.
19. Далалық этнография нысаны.
20. Далалық этнография және этнографиялық дерек.
21. Этнографиялық деректер ұғымын сыныптау тәсілі.
22. Далалық этнографияны ұйымдастыру негіздері.
23. Далалық зерттеу тәсілдері.
24. Аумақты зерттеу тәсілі.
25. Далалық этнографиялық зерттеу бірліктері.
26. Далалық жұмыстарды ғылыми жабдықтау.
27. Ұйымдастыру негіздерін жасау. Далалық бағдарлама.
28. Этнографиялық сауалнама және оның міндеті.
29. Этнографиялық экспедицияның материалдық жабдықталуы.
30. Этнографтың күнделігі. Сызу, сурет салу және көшіру құралдары.

31. Этнографтың қажетті өлшеу және техникалық құралдары, фототехника және фотоматериалдар.
32. Тікелей бақылау әдісін қолдану.
33. Бақылау және оның түрлері. Аппарат берушімен жұмыс.
34. Қағазға түсіру әдістері.
35. Этнографиялық топты жинақтау.
36. Құжаттамалық деректермен жұмыс істеу.
37. Далалық деректерді өңдеу және оларды сақтауға беру.
38. Далалық есеп және оның құрылымы.
39. Материалдарды мазмұндау ұстанымдары (маршруттық, тақырыптық, монографиялық)
40. Этногенезді зерттеудің қайнар көздері.
41. Қазақ этногенезіндегі археологиялық, этнографиялық, антропологиялық деректер.
42. Этнологиядағы компетентті талдау әдісі.
43. Ауыз әдебиетінің қазақ этногенезін зерттеудегі маңызы.

ЭТНОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ МЕН ТАПСЫРМАЛАР

I тапсырма

Тест сұрақтары бір жауабы дұрыс нұсқасы.

1. Этнография терминінің тура мағынасы:

- 1. Халықты сипаттау**
2. Өміртану
3. Адамзаттың даму эволюциясы
4. Халықтар арасындағы қарама-қайшылық
5. Халықтардың қоныстары

2. Этнографияның басқа тарихи пәндерден айырмашылығы:

- 1. Шынайы өмірді бақылау арқылы**
2. Тарихи деректер арқылы
3. Өз бетінше ақпарат жинау
4. Қазба жұмысын жүргізу арқылы
5. Архитектуралық реставрация арқылы

3. Далалық этнографиялық зерттеулер үдерісінің негізгі объектісі:

- 1. Халықтың мәдениеті мен тұрмысы**
2. Халықтардың демографиясы
3. Отбасылық әдебі
4. Баспаналарды зерттеу
5. Архив құжаттары

4. Тұрақты түрде этнографиялық экспедицияның негізін салған кеңес ғалымдары:

- 1. В.Г. Богораз, Л.Я. Штернберг**
2. И.В. Захарова, Р.Д. Ходжаева
3. А.Х. Марғұлан, М. Шорманов
4. С. Қалиев, А. Жұбанов
5. Ш. Уалиханов, Ә. Диваев

5. Қай жылдары Н.Н. Миклухо-Маклай Жаңа Гвинеядағы папуастар арасында өмір сүрді?

- 1. 1871-1872**
2. 1850-1851

3. 1888-1881
4. 1875-1876
5. 1890-1897

6. Жаңа Гвинеядағы қай бұғазды Маклай жағалауы деп атаған?

1. *Австралия*
2. Керор
3. Сулависи
4. Палакир
5. Маджур

7. Бірлесіп зерттеу әдісінде негізгі зерттеу аймағына неше күн болуы керек?

1. *5-7 күн*
2. 10-15 күн
3. 13-18 күн
4. 20 күн
5. 30 күн

8. Бірлесіп зерттеу әдісінде қосымша көрші пунктке неше күн тоқтаған жөн?

1. *1-3 күн*
2. 5-6 күн
3. 7-8 күн
4. 10-15 күн
5. 30 күн

9. Тұрақты экспедиция арқылы зерттеу қандай әдіске негізделеді?

1. *Халықтың мәдениетін тұрмысын ұзақ және тұрақты түрде зерттеуге дағдыланған*

2. Халықтардың этносаралық байланысын зерттеуге арналған
3. Қала тарихын зерттеуге негізделеді
4. Урбанизация мәселесін зерттеуге арналған
5. Заманауи тәсілдермен зерттеу әдісі

10. Жиналған мәліметтердің тиімділігін арттыру үшін қолданылатын қос әдіс:

1. *Таңдап тексеру және жалпылама тексеру*
2. Арнайы еңбектер және мемуарлар арқылы зерттеу
3. Анкета арқылы зерттеу

4. Археологиялық қазба жұмыстары арқылы зерттеу
5. Антропологиялық зерттеулер жүргізу

11. Ең алғашқы этнографиялық сауалнама жүргізу әдісі қай жылы қолданылды?

1. 1845
2. 1850
3. 1890
4. 1900
5. 1910

12. Ең алғашқы этнографиялық сауалнаманы қолданған ғалым?

1. *Н.И. Надеждин*
2. Г.Н. Грибоедов
3. Г. Громов
4. Н. Козлов
5. Н. Богораз

13. Ең көп қолданылатын екі этнографиялық анкетаның түрі:

1. *Жергілікті халықтың өз бетінше жауап беретіні*
2. Отбасылық және жеке адам анкетасы
3. Қосымша ақпарат алу және түбегейлі зерттеу анкетасы
4. Психологиялық зерттеу түрі және педагогикалық анкеталар
5. Мемуарлық және архив құжаттарының анкетасы

14. Сауалнамаға қойылатын негізгі талаптар

1. *Анық және нақты сұрақтар құрастыру*
2. Қосымша және жанама сауалдар қою
3. Көп адамдар қамту
4. Адамдар есімі жиі қолданылуы
5. Аймақтық және қалалық жерді қамтуы

15. Тақырыптық сауалнаманың сұрақтары қандай болады?

1. *Сұрақ саны шектелмейді және мазмұны ықшам*
2. Сұрақта көп жауаптың болуы
3. Жас ерекшелігін ескеру
4. Еңбек жасындағы адамдарды көбірек сұру
5. Қысқа жауаптардың болуы

16. Сауалнамадағы топпен жұмыс жасау әдісін алғаш қолданған кім?

1. *М.В. Витов*

2. Г. Громов
3. Н.К. Костолецкий
4. Н. Долженко
5. К. Костомаров

17. Анкеталық бланкалардың ерекшелігі неде?

1. Белгілі бір тақырыптағы сұрақтары аз, кең ауқымды зерттеуге тиімді

2. Жас ерекшелігін айқындайды
3. Өз көзімен көргенді ғана жазуында
4. Көп тақырыпты қамтуымен
5. Өмір туындысын зерттеуге арналған

18. Уақытша анкета дегеніміз не?

1. Экспедиция кезінде тез және сенімді ақпарат алу

2. Көпшіліктің пікірімен санау
3. Жеке адамды зерттеуге арналған анкета
4. Сөздік арқылы зерттеу
5. Өз бетінше объектілерді зерттеу

19. Сауалнама жүргізудегі ең маңызды жағдай

1. Мәліметтің тарихилығын қамтуында

2. Өз бетінше зерттелуінде
3. Мемуарлық шығармада
4. Мұрагерлік ерекшелігі
5. Талдау әдісін қолдануда

20. Халықтардың киімін зерттеуде қолданылатын негізгі принцип

1. Әр кездегі адамдардың киім кию ерекшелігін ескеру

2. Әр түрлі халықтардың антропологиялық типіне мән беру
3. Белгілі бір этностық биі арқылы
4. Белгілі бір этностық әндері арқылы
5. Тұрғын үйін зерттеу арқылы

21. Анкетаның сипатына қарай қандай ерекшелігін білесіз?

1. Ашық және жабық

2. Өзінен өзі сұрау және халықтан сұрау
3. Архив құжатын ашу
4. Материалдық құндылықтар арқылы
5. Математикалық әдіс

22. Анкетаның түрлеріне жатады

1. Тура

2. Жанама
3. Жеке
4. Жеке емес
5. Барлығы дұрыс

II тапсырма

Бос орынды толтыр:

1-сұрақ. Өзінің тұрақты зерттеу әдісін қолдану арқылы папуас халықтарының арасында 18 ай тұрған ғалым?

2-сұрақ. Этнологияның экспедицияға барып белгісіз этносты, яғни Сібір чукчаларын зерттеген ғалым?

3-сұрақ. Жаңа Гвинеядағы халықтарды зерттеген ағылшын этнографы және социолог кім?

4-сұрақ. Қандай білім арқылы белгілі бір халықты терең әрі толық зерттеуге болады?

5-сұрақ. Қай әдіс арқылы аз ғана топты зерттеуге болады?

6-сұрақ. Белгілі бір бағытпен ғана экспедиция жүргізуді қалай атаймыз?

7-сұрақ. Жиналған мәліметтерді репрезентативтілігіне бағытталған зерттеулерді атаңыз.

8-сұрақ. Сауалнаманы этнографиялық жұмыстар кезінде кімдер толтыру керек?

9-сұрақ. Далалық этнографиялық зерттеулер ішінде жеке әдіске нені жатқызуға болады?

10-сұрақ. Сұхбат арқылы зерттеулер жүргізудің екі тәсілі?

11-сұрақ. Халықтардың шығу тегін этнос және этнография еңбегінде 1973 жылы зерттеген ғалым кім?

12-сұрақ. «Әлеуметтанулық зерттеулердегі ақпарат жинау әдісі» атты еңбекті 1974 жылы жазған кім?

13-сұрақ. Этнопсихологиялық, терминологиялық т.б жан-жақты зерттеу мақсатында қолданылатын әдіс.

14-сұрақ. Далалық этнографиялық мәдениеттің кейбір бөліктерін және сандық сипаттама жасауда қолданылатын әдіс.

15-сұрақ. Сандық және құрылымдық талдау формализация әдісін этнографиялық жағынан нені анықтауда пайдаланады?

16-сұрақ. Дәстүрлі-тұрмысық мәдениетін сипаттайтын мәлімет жинақтау түрін атаңыз?

17-сұрақ. ТМД елдері бойынша қай Ғылым Ордасы жыл сайын кешенді түрде «Далалық этнография» жинағын шығарып тұрады:

18-сұрақ. Далалық этнографиялық экспедицияға дайындық ретінде бірінші кезекте жасалатын қадам.

19-сұрақ. Екінші кезекте дайын жұмысы ретінде қандай жұмыс жүргізіледі?

20-сұрақ. Этнографиялық есепте қолданылатын негізгі принциптер.

21-сұрақ. Санкт-Петербургте жарық көрген «Далалық этнография» еңбегінің авторы кім?

22. «Ақ нәсілді папуас» деген атқа ие болған этнограф?

23. Қай күн этнографтардың кәсіби мейрамы болып саналады?

III тапсырма

Тест сұрағының екі нұсқасы дұрыс, соны белгілеңіз:

1. Қазақстан мен Орта Азиядағы этнографиялық зерттеулер жүргізуде алғашқы сұрақтар мен нұсқаулықтарды дайындаған ғалымдарды таңдаңыз?

1. Г.И. Потанин

2. М.К. Крюков

3. А. Диваев
4. И. Зельнов
5. А. Байтұрсынов
6. С.А. Токарев

2. Этнографиялық экспедицияға дайындық кезінде қажетті қағидалар.

1. *Экспедицияға ғылыми түрдегі дайындық*
2. *Экспедициялық жұмыстарды материалдық қамту*
3. Архив құжаттарын дайындау
4. Субъективтік әдістерге сүйену
5. Арнайы терминдер жаттау
6. Анкета

3. Экспедицияның ғылыми дайындығына төмендегілерден не-лер жатады?

1. *Тақырып таңдау*
2. Адамдар тізімін жасау
3. *Сұрақ көлемі мен негізгі міндетті айқындау*
4. Мемуарлар қарау
5. Экспедициялық материалды көбейту
6. Ат тергеу

4. Экспедиция бағдарламасын құрастыруға нені жатқызамыз:

1. *Экспедицияның келелі мәселелер жиынтығы*
2. *Экспедициялық маршруты, мерзімі, құрамы, олардың негізгі міндеттері*
3. Шаруашылық заттарды жинау
4. Видеоқұрылғы ашу
5. Фотоқұрылғымен қамту

5. Экспедицияны материалдық қамтуға не жатады?

1. *Шығын сметасын айқындау*
2. *Экспедицияға қажетті канцеляриялық құрал, видео, фото құрылғылармен қамту*
3. Адам тізімін білу
4. Этникалық құрамды анықтау
5. Отбасылық мәлімет жинау
6. Мал санын шектеу

6. Ең алғашқы этнографиялық ақпарат алу әдісі

1. *Сұрақ-жауап*

2. Социологиялық әдіс

3. Контент-талдау
4. Тарихи салыстыру
5. Жеке адам өмірбаянын білу әдісі
6. Шаруашылықты жүргізі әдісі

7. Алғашқы ақпарат сапасына нелер жатады?

1. Сенімділік пен қолжетімділік

2. Объективтілік

3. Субъективтілік
4. Таңдау әдісі
5. Белгілі бір адаммен жұмыс
6. Көппен атқарылатын әдіс

8. Сұрақ-жауаптың қандай түрлері маңызды?

1. Әңгімелесу

2. Интервью алу

3. Уақыт анықтау
4. Материалды қамту
5. Контент-талдау
6. Кітап материалын пайдалану

9. Ақпарат жинаудың әлеуметтік әдісі?

1. Сыртынан бақылау

2. Іштей бақылау

3. Арнайы жалдамалы адам арқылы бақылау
4. Есептерді тексеру әдісі
5. Маусымдық ерекшелік әдісі
6. Ономастикалық әдісті пайдалану

10. Бақылау әдісінің ерекшелігі:

1. Объектіні таңдау

2. Қолжетімділікті қамтамасыз ету

3. Топографиялық әдіс
4. Ат тергеу арқылы
5. Сауалнама жүргізу арқылы
6. Кіріс және шығыс сметасы арқылы

11. Әлеуметтік ақпарат жинау әдісіне не жатады?

1. Дәстүрлі психологиялық және заңнамалық талдау

2. Ішкі және сыртқы талдау

3. Мемуарлық талдау

4. Салт-дәстүрді талдау
5. Әдет-ғұрыптық талдау
6. Археологиялық талдау

12. Библиографиялық әдіспен мәлімет жинау әдістемесіне не жатады?

1. *Диалог және көрген куәлар арқылы*
2. *Нарративтік және жсай интервью арқылы*
3. Қоғамдағы орнын айқындау
4. Жерлеу орнына байланысты
5. Қасиеттеріне орай
6. Этностың ерекшелігін ескеру арқылы

13. Жеке құжатты талдау дегеніміз не?

1. *Күнделігі мен хаттарына талдау*
2. *Суреттері мен видеозаңбаларын талдау*
3. Көршілермен әңгімелесу арқылы
4. Жұмыс орнына саяхат
5. Ұрпағынан сұрақ-жауап алу
6. Әдістемелік талдау жасау

14. Библиографиялық әдістегі эксперимент деген не?

1. *Этнографтың барлық жағдайға өзі қатысуы арқылы зерттеу*
2. Мұрағат құжаты арқылы зерттеу
3. Көршілерінен сұрастыру
4. *Сұрақ-жауап арқылы*
5. Сауалнама арқылы
6. Сыртқы бақылау

15. Этносоциологиялық мәліметтер жинаудағы таңдауға не-лер жатады?

1. *Негізгі жиынтық*
2. *Таңдау жиынтығы*
3. Гипотезалық таңдау
4. Фактілік таңдау
5. Жеке тілдесу
6. Халықпен бірлесу

16. Таңдау жиынтығының түрлері:

1. *Моноэтникалық*
2. *Полиэтникалық*

3. Эндогамиялық
4. Экзогамиялық
5. Мемлекеттік талдау
6. Мұрағат мәліметі негізінде

17. Таңдау негізіне қандай құжаттарды жатқызамыз?

1. *Статистикалық*
2. *Үй кітаптары және құжат картотекалары арқылы*
3. Мемуарлар арқылы
4. Күнделік арқылы
5. Көршілер арқылы
6. Компьютерлік диагностика

18. Этникалық стереотипті зерттеудің негізгі әдістері:

1. *Жеке қасиеттерін айқындау*
2. *Еркін сипаттау әдісі арқылы*
3. Арадағы туыскандық арқылы
4. Адамгершілік қасиеттерімен
5. Бет бейнесіне қарау
6. Мемуарлық еңбектерін оқу әдісі

19. Нақты әлеуметтанулық зерттеулерге не жатады?

1. *Диахронды және интервью арқылы*
2. *Пилотаждық*
3. Өмірбаянға байланысты зерттеу
4. Блиц-сауал
5. Теледидар арқылы зерттеу
6. Барлық жауап дұрыс

20. Жалпылама деректер арқылы зерттеу:

1. *Мемлекеттің статистикасын пайдалану*
2. *Халық санағын жүргізу арқылы зерттеу*
3. Анкета әдісі
4. Филологиялық әдісті пайдалану
5. Этнологиялық әдісті пайдалану
6. Қарама-қайшылық әдісі

21. Этнодемографиялық әдіске төмендегілердің қайсысы жатады?

1. *АХАЖ бөлімі мұрағатының мәліметтері*
2. *Туу, өлу, неке және миграция мәліметтері*
3. Мемуарлар

4. Ғылыми еңбектер
5. Газет-журнал мәліметтері
6. Теледидар ақпараттары

22. Этнография ғылымында қандай математикалық әдісті қолдануға болады?

1. *Сандық*
2. *Саналық*
4. Мемуарлық
5. Әлеуметтік
6. Бейімдік
7. Көбейтулік

23. Этнопроблемалық-бағдарлық база құру әдісіне нелер жатады?

1. *Анализатор (талдау) ақпараты*
2. *Архивист ақпараттары*
3. Сот құжаттары
4. Экономикалық құжаттар
5. Ресми мәлідемелер
6. Аналитикалық интервьюлер

24. Материалдық мәдениеттің негізгі түріне не жатады?

1. *Киімдер*
2. *Әшекей бұйымдар*
3. Кітаптар
4. Рухани құндылықтар
5. Дін
6. Діл

25. Этнографиялық экспедицияларда киімнің қандай түрлері зерттеулері жатады?

1. *Ер адам, әйел, бала киімдері*
2. *Мерекелік киімдер*
3. Тамақтану
4. Қонақ күту салты
5. Амандасу әдебі

26. Информатор жайлы ақпараттың маңыздысы?

1. *Аты-жөні, туған жылы*
2. *Тұрғылықты жері мен руы*
3. Ол жайлы шыққан кітаптар
4. Малының саны

5. Телефон нөмірі
6. Жұмыс орны

27. Экспедиция кезіндегі далалық жұмыс түріне не жатады?

1. *Зерттеушінің жеке және халық арасындағы бақылаулары*
2. *Нақты заттарды тіркеу және этнографиялық жәдігерлерді*

жинау

3. Архив қарау
4. Видеомонтаж
5. Аудиомонтаж
6. Теледидар мәліметтері

28. Маршруттық қолданылатын әдісте қандай тақырып төңірегінде жұмыс жасаған тиімді?

1. *Сол аймақты сипаттайтын тақырып бойынша*
2. *Белгілі бір аймаққа байланысты сан алуандығын зерттеу.*

3. Барлық ауылдарды қамту
4. Көненің көзін зерттеу әдісін қолданудың озық үлгілері
5. Әдебиеттер тізімін жасау
6. Маусымдық шаруашылық әдісі

29. Сырттай бақылау әдісінде қолданылатын тиімді әдіс?

1. *Кешендегі мәдениет пен тұрмысты тіркеп отыру*
2. *Өзіне тән ерекшеліктерін терең зерттеу.*

3. Барлық ауылдарды қамту
4. Көненің көзін зерттеу әдісін қолданудың озық үлгілері
5. Әдебиеттер тізімін жасау
6. Маусымдық шаруашылық әдісі

30. Этнографиялық экспедиция кезіндегі ең маңызды құжатқа не жатады?

1. *Ғалымның күнделігі*
2. *Ақпарат кезінде түсірілген фото құжат*

3. Көршілерден сұрау әдісі
4. Этносаралық байланыс
5. Салт-дәстүрлік құжаттар
6. Мемуарлар

IV тапсырма

Төмендегі сөздерді сәйкестендіру керек?

1. Алғаш «ру» сөзінің тұжырымдамасын жасаған ғалым	Л.Г. Морган
	З. Фрейз
	Ю.В. Бромлей
	Г. Штробах
2. «Кеңестік этнографиялық мектеп» ұғымын 1946 жылы еңгізген этнолог?	С.П. Толстов
	С.А. Арутюнов
	В.Н. Басилов
3. «Volkerkunde» деген термин неміс этнографиялық дәстүрінде қандай мағына береді	өзге мемлекеттердің халқын зерттеу
	өз халқын зерттеу
	босқындарға этногенездік талдау жасау
4. 1988 жылы этнос ұғымы мен терминологиялық жинақ жасауға ат салысқан этнограф?	Малиновский
	Бромлей
	Ратклиф-Браун
	Н. Винкельман
5. С.М. Широкогоров ғылыми айналымға енгізген теориялық термин-ұғым қандай?	нәсілдік ерекшелік
	этникалық нәсілшілдік
	этникалық тұтастық
	рассалық теория
6. Л. Морганның алғашқы этнографиялық мәлімет жинау әдісі?	сауалнама (анкета) әдісі
	материалдық әдісті қолдану
	рухани мәдениетті зерттеу әдісі
	би өнерін зерттеген
7. XIX ғасырдың аяғында У. Риверс туыстық жүйесін зерттеу үшін қандай әдісті қолданды?	рассалық бөліністі
	эволюционизмнен диффузионизмге өту
	арнайы этностық зерттеу
	анкета жасау әдісі

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ

1. Аверьянов Л. Я. Контент-анализ: учеб. пособие. – М.: КноРус, 2009.
2. Аверьянов Л.Я. Искусство задавать вопросы. Заметки социолога. – М.: Московский рабочий, 1987.
3. Алимбай Н. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории / Н. Алимбай, М.С. Муқанов, Х. Арғынбаев – Алматы: Ғылым, 1998.
4. Андреева Г.М. Социальная психология сегодня: поиски и размышления. – М.: НОУ ВПО МПСИ, 2009. – 160 с.
5. Антипина Г.С. Теоретико-методологические проблемы исследования малых социальных групп. – Л.: Изд-во ЛГУ, 1982. – 112 с.
6. Арғынбаев Х.А. Қазақ отбасы: (қазақ отбасының кешегісі мен бүгінгісі жайындағы ғылыми-зерттеу еңбек). – Алматы: Қайнар, 1996. – 326 б.
7. Афанасьев В.Г. Системность и общество. – М.: Политиздат, 1980. – 236 с.
8. Әжіғали С.Е. Монғолия қазақтары этникалық тобын зерттеудің бағдарлама-сұрақнамасы. / Әжіғали С.Е.[т.б.] – Алматы: Ғылым, 2004.
9. Артықбаев Ж.О. Этнология. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 118 с.
10. Артановский С.Н. О сравнительно-историческом и структурном методах в этнографии // Методологические вопросы общественных наук. – Л., 1968. – Вып. I.
11. Атватер И. Я Вас слушаю (Советы руководителю как правильно слушать собеседника). – М.: Экономика, 1984.
12. Белановский С. А. Метод фокус-групп: учеб. пособие. – М.: Магистраль, 1996.
13. Белановский С.А. Глубокое интервью: учеб. пособие. – М.: Никколо-Медиа, 2001.
14. Бромлей Ю. В. Этнос и этнография. – М.: Наука, 1973.
15. Бромлей Ю.В. Современные проблемы этнографии. – М.: Наука, 1981.
16. Бромлей Ю.В. Этносоциальные проблемы: теория, история, современность. – М.: Наука, 1987. – 334 с.

17. Богораз В.Г. Стационарный метод в этнографии // Этнография. – 1929. – Вып. 2. – С. 123-125.
18. Блауберг И.В. Проблема целостности и системный подход. – М.: Эдиториал УРСС, 1997. – 450 с.
19. Бондарчик В.К. Памятники народной архитектуры и быта Белоруссии: методическое пособие по выявлению и собиранию. – Минск: Полымя, 1979.
20. Васильев В.Л. О сборе имен собственных в полевых условиях: методические рекомендации. – Великий Новгород: Изд-во НовГУ, 2000.
21. Васильев Н.В. Произведения народной словесности и их собирание в России. – М.: Типография Г. Лисснера и Д. Собко, 1914.
22. Вайнштейн С.И. Актуальные вопросы полевого исследования традиционно-бытовых культур народов СССР // Советская этнография. – 1985. – №3. – С. 51-59.
23. Вопросы и программы по этноархеологии и этнографии для участников археологических экспедиции и студенческих практик: учеб-метод. пособие. – Омск, 2002.
24. Бутенко И.А. Анкетный опрос как общение социолога с респондентом: учеб. пособие для ун-тов. – 2-е изд. – М.: Высш. шк., 2005. – 186 с.
25. Выдающиеся отечественные этнологи и антропологи XX века. – М., 2004.
26. Гаврилюк Н.К. Картографирование явлений духовной культуры. – Киев: Науково думка, 1981.
27. Гиртц К. Насыщенное описание: о природе понимания в культурной антропологии // Антология исследований культуры. – Т.1. – СПб., 1997.
28. Громов Г.Г. Методика этнографических экспедиций: учеб. пособие. – М.: Изд-во Московского университета, 1966.
29. Громов Г.Г. Сельскохозяйственная техника и этнические традиции // Советская этнография. – 1976. – № 3. – С. 98-113.
30. Губогло М.Н. Идентификация идентичности. Этносоциологические очерки. – М., 2003.
31. Губогло М.Н. Некоторые вопросы методики при социологическом анализе функционального развития языков (о социально-лингвистическом исследовании Сибири) // Советская этнография. – 1973. – № 2. – С. 113-121.
32. Герчиков В.И. Функции и структура службы управления человеческими ресурсами: учеб. пособие –8-е изд., доп. и перераб. – М.: ГУ ВШЭ, 2006. – 163 с.

33. Девятко И.Ф. Методы социологического исследования. – Екатеринбург: Изд-во Уральского ун-та, 1998. – 208 с.
34. Жанибеков У. Культура казахского ремесла. – Алма-Ата, 1982. – 144 с.
35. Жаназарова З.Ж. Современная семья в Казахстане и ее проблемы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 257 с.
36. Жданко Т.А., Васильева Г.П. Новое и традиционное в быту сельской семьи народов Средней Азии и Казахстана. Программа этнографического исследования современных этнокультурных процессов. – М.: ИЭ АН СССР, 1980.
37. Жуковская Н.Л. Пища кочевников Центральной Азии (к вопросу об экономических основах формирования модели питания) // Советская этнография. – 1979. – № 5. – С. 64-75.
38. Журавлева П.С. К истории публикации «Программы» В.Н. Тенищева // Советская этнография. – 1979. – №1. – С.122-123.
39. Жлобин С.П., Чернякевич И.С. Полевая этнография. – Брест: БрГУ, 2015. – 232 с.
40. Ибраева К. Казахский орнамент. Алма-Ата: Онер, 1994. 128 с. + 56 с. вклейка.
41. Ильин В.И. Драматургия качественного полевого исследования. – СПб.: Интерсоцис, 2006.
42. Исследования прикладной и неотложной этнологии. – М., 1996.
43. Исследователь и объект исследования // Антропологический форум. – 2005. – № 2. – С.13-136.
44. Итс Р.Ф. Введение в этнографию: учеб. пособие. – Л.: Изд-во ЛГУ, 1991.
45. Левин Ю.И. Об описании системы терминов родства // Советская этнография. – 1970.– № 4. – С. 18-30.
46. Казахи / Историко-этнографическое исследование. – Алматы: Казахстан, 1995.
47. Камалашұлы Б. Монғолиядағы қазақтардың салт-дәстүрлері. – Баян-Өлгий. – 341 б.
48. Қалиев С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері / С.Қалиев, М. Оразалиев, М. Смайлова. – Алматы, 1994. – 224 с.
49. Калыш А.Б. Семья и брак в современном Казахстане. – Алматы: Арыс, 2013. – 464 с.
50. Калыш А.Б. Внутрисемейные конфликты и разводы в современном Казахстане. – Алматы: Арыс, 2013. – 160 с.
51. Каплан М.А., Максимов П.П. Принципы и методы экспедиционно-собирательской работы (Опыт Государственного музея этнографии народов СССР). – М., 1964.

52. Квале С. Исследовательское интервью. – М.: Смысл, 2003.
53. Кейкін Ж. Қазақтың ұлттық киімдері // Қазақ сарбазы. – 1997. 14 ақпан. – №2.
54. Кистова А.В. Этнографический метод в социально-гуманитарных исследованиях // Современные проблемы науки и образования. – 2013. – № 6
55. Козьмин В. Полевая этнография. – СПб, 2004.
56. Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория и практика. – Алматы, 1998.
57. Кондыбай С. Казахская мифология. Краткий словарь. – Алматы: Арыс, 2005.
58. Краткий этнологический словарь. – М.: Наука, 1995.
59. Куббель Л.Е. Очерки потестарно-политической этнографии. – М.: Наука, 1988.
60. Кулишер М.И. Очерки сравнительной этнографии и культуры. – М., 2010.
61. Қалыш А.Б. Этнологияның негізгі мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 120 б.
62. Қамиева Г. Қазақ халқының этнографиялық зерттелуі тарихы (XVIII-XIX ғ.). – Ақтау 2010.
63. Козьмин В.А., Бузин В.С. Этнология (этнография): учебник. – М.: Юрайт, 2016. – 438 с.
64. Коропчевский Д.А. Первые уроки этнографии. – 3-е изд. – М.: Ленанд, 2015. – 205 с.
65. Малярова Н.В. Функции семьи по отношению к обществу и индивиду и их значение для стабилизации семьи. – М.: ИСИ АН СССР, 1987. – 224 с.
66. Макарьев С.А. Полевая этнография. – Л.: АН СССР, 1928.
67. Марков Г.Е. История хозяйства и материальной культуры: учеб. пособие. – М., 1979.
68. Мартынов А.И. Методы археологического исследования: учеб. для вузов. – М.: Высшая школа, 2002.
69. Масанов Н.Э. Казахи XX столетия: этническое развитие и исторические судьбы // Рассы и народы. – М., 1993.
70. Маслова Г.З. К методике полевого исследования орнамента // Полевые исследования Института этнографии в 1977 г. – М., 1979. – С. 235-243.
71. Материалы и исследования по этнографии русского населения Европейской части СССР. – М.: АН СССР, 1960.
72. Материалы по свадьбе и семейно-родовому строю. – М.: АН СССР, 1926.

73. Методы социальной психологии. – Л.: Наука, 1977.
74. Мұқанова Г. Этнология. – Алматы, 2005.
75. Пименов В. В. Основы этнологии: учеб. пособие. – М.: Изд-во МГУ, 2007.
76. Полевая кухня: как провести исследование / под ред. Н. Гончаровой. – Ульяновск: Симбирская книга, 2004.
77. Полевая этнография / под ред. В.А. Козьмина, Н.В. Юхневой, И.И. Верняева. – СПб.: Изд. Левша «Санкт-Петербург», 2007.
78. Проблемы методологии системного исследования / Блауберг И.В., Садовский В.Н., Юдин Э.Г. – М.: Наука, 1970. – 456 с.
79. Работа этнографического музея с корреспондентами и школьниками. – Таллин, 1973.
80. Риверс У.Х. Психология и этнология. – М.: Сцэкгиз, 1926.
81. Русский народный свадебный обряд: исследования и материалы. – Л.: Наука, 1978.
82. Рэдклифф-Браун А.Р. Метод в социальной антропологии. – М., 2001.
83. Садохин А.П. Этнология. – М.: Гардарика, 2000.
84. Свод этнографических понятий и терминов / под общ. ред. Ю.В. Бромлея и С.И. Вайнштейна. Вып. 6. Этнические и этносоциальные категории / отв. ред. В.И. Козлов. – М., 1985.
85. Сподина В.И. Предмет, источники и методы в этнологии: учеб.-метод. пособие. – Ханты-Мансийск: Печатное дело, 2010. – 80 с.
86. Сравнительно-историческое изучение языков разных семей. Современное состояние и проблемы. – М., 1981.
87. Статистика в этнографии / отв. ред. В.В. Пименов. – М.: Наука, 1985.
88. Страусс А., Корбин Дж. Основы качественного исследования: обоснованная теория, процедуры и техники / пер. с англ. – М., 2001.
89. Типология основных элементов традиционной культуры. – М.: Наука, 1984.
90. Типы сельского жилища в странах зарубежной Европы. – М.: Наука, 1968.
91. Ткаченко Т.С. Народный танец. – М.: АН СССР, 1954.
92. Тишков В. А. Реквием по этносу: исследования по социально-культурной антропологии. – М.: Наука, 2003.
93. Токарев С. А. История русской этнографии. – М.: Наука, 1966.
94. Токарев С. А. История зарубежной этнографии. М.: Высшая школа, 1978.
95. Токарев С.А. К вопросу о методике изучения терминологии родства // Вестник МГУ. Историко-филологическая серия. – 1958. – № 4. – С. 189-194.

96. Тохтабаева Ш.Ж. Серебрянный путь казахских мастеров. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 744 с.
97. Төлеубаев Ә.Т. Қазақ халқы этнографиясының мәселелері. Таңдамалы еңбектер мен мақалалар. 2-т. – Алматы: Service Press, 2013. – 496 б.
98. Тюхтин В.С. Диалектика познания сложных систем. – М.: Мысль, 1988. – 320 с.
99. Хакимов Р.С. Историческая этнология: парадигма и инструментарий. – Казань: Институт истории им. Ш. Марджани, 2012. – 440 с.
100. Харчев А.Г., Мацковский М.С. Современная семья и ее проблемы. – М.: Статистика, 1978. – 224 с.
101. Чебоксаров Н. Н., Чебоксарова И. А.. Народы, рассы, культуры. – М.: Наука 1971.
102. Чекановска А. Музыкальная этнография. Методология и методика. – М.: Наука, 1983.
103. Шкляр М.Ф. Основы научных исследований: учеб. пособие. 4-е изд. – М.: Дашков и К, 2013. – 240 с.
104. Чеснов Я.В. Лекции по исторической этнологии. – М.: Наука, 1998.
105. Чешко С.В. Этнология и социальная антропология: учеб. пособие. – М.: Академия, 2014.
106. Чистов К.В. О принципах классификации жанра устной прозы. – М.: АН СССР, 1964.
107. Широкогоров С.М. Этнографические исследования: избранные работы и материалы. – Владивосток, 2001.
108. Шмелова Т.В. Ономастика: учеб пособие. – Славянск на-Кубани: КубГУ, 2013.
109. Штейнберг И. Качественные методы. Полевые этнологические исследования / И. Штейнберг, Т. Шанин, Е. Ковалев. – СПб.: Алетей, 2014. – 352 с.
110. Ушаков Н.В. Система учета и описания современных цифровых полевых этнографических материалов // Известия Уральского федерального университета. Сер. 2. Гуманитарные науки. – 2014. – №2 (127). – С.108-116.
111. Ушаков Н.В. К вопросу об архивации и публикации полевого этнографического источника // Вестник Санкт-Петербургского университета. Сер. 2. Гуманитарные науки. – 2015. – Вып. 4. – С. 113-118.
112. Этнические группы и этнические границы. Социальная организация культурных различий / под ред. Ф. Барта. – М., 2006.

113. Этнографические субдисциплины. Школы и направления. Методы. Свод этнографических понятий и терминов / под общей редакцией Ю.В. Бромлея и профессора Г. Штробахы. – М., 1988.
114. Этнографическое изучение знаковых средств культуры. – Л., 1989.
115. Этнография восточных славян. Очерки традиционной культуры / отв. ред. К.В. Чистов. – М.: Наука, 1987.
116. Этнография и смежные дисциплины этнографические субдисциплины школы и направления. Методы. – М.: Наука, 1988.
117. Этнознаковые функции культуры. – М.: Наука, 1991.
118. Этнологическая наука за рубежом: проблемы, поиски и решения. – М.: Наука, 1991.
119. Этнометодологические проблемы, подходы, концепции. – М.: Наука, 1995.
120. Этнометодология. Вып. 1-2. – М.: Наука, 1995.
121. Bates F. Social Institution / F. Bates, R. Harvy. – NY.: Cambridge University Press, 1973. – 232 p.

ГЛОССАРИЙ

– А –

Абориген – байырғы тұрақты тұрғын.

Адам – жер бетіндегі материалдық және рухани мәдениеттің тарихи үдерісінің, дамуының субъектісі, анық сөйлей алатын, ойлай алатын, санасы бар биологиялық-элеуметтік тірлік иесі.

Адаптация (бейімделу) – адамдардың жаңа этникалық ортада өмірге бейімделуі немесе осы ортаның экономикалық және элеуметтік салаларында солармен өзара қатар өмір сүру.

Аkkультурация – мәдениеттердің бір-біріне сіңісу үдерісі.

Ақсақал – жасы шамамен аспыстан асқан құрметті адам. Әрдайым өнегелі сөз айтып, туысты, бірлікті, елдікті сақтап отыратын қария. Ол тек отбасының емес, барша ауылдың тұрмыс-тіршілігіне, шаруашылығына басшылық жасап, ізгі ықпалын тигізеді.

Ақсақалдар кеңесі – қоғамдық-элеуметтік өмірдегі маңызы жоғары саяси-қоғамдық институционалдық мазмұндағы, басында ел ағалары тұратын халықтық жиын, кеңес.

Авеста – ертедегі парсылардың діни кітабы.

Ағайын-туыс – бір ауыл, қауым болып, шаруашылық қаракеттерін бірлесе жүргізетін, бір-біріне қолдау жасайтын, қандастық жағынан жақын туыс, аталас адамдар.

Адал – көшпелі ортадағы этикалық мәнді қатынастар жүйесінің ұйымдастыратын және реттейтін категориялардың бірі.

Ақсүйек – хандық дәуірдегі қазақ қоғамындағы айрықша құқықтар мен ерекше артықшылықтарға ие болған тандаулы әулет өкілдері, элеуметтік жік, төрелер, қожалар мен сейіттер.

Анимизм – адамдардың, жануарлардың өміріне, заттар мен қоршаған дүниенің құбылыстарына ықпал ететін-міс аруақтарға және рухтарға сену.

Антропогенез (грекше *anthropos* – адам, *genesis* – пайда болу, қалыптасу) – қоғамдық жан иесі ретінде адамның пайда болып, жетілу үдерісі.

Антропоморфты (грекше *anthropos* – адам, *morphe* – форма, пішін) – әлдебір тіршілік иесінің немесе жануарлардың суреті, онда адам кейпі, жан-жануарлардың келбеті, сұлбасы қосыла бейнеленеді.

Анықтама (дефиниция) – белгілі бір объектіні айыруға, табуға, құрастыруға, ғылымға жаңадан енгізілген сөз атауы мағынасын тұжырымдауға мүмкіндік беретін қисындық тәсіл.

Аң стилі – ерте темір дәуіріндегі жан-жануарлар, хайуанаттар бейнелерін әр түрлі бұйымдарға салу және түсіру.

Аңыз – халықтың наным-сенімімен, қиял-арманынан туатын ауызша айтылатын шежіре, ауыз әдебиетінің жанры.

Аргиппей – сақ бірлестігіне енген тайпа.

Ареал (латынша *area* – жер, кеңістік) – жер бетінің жануарлар мен өсімдіктердің белгілі бір түрлері тіршілік ететін аймағы.

Аридтік климат (латынша *aridus* – құрғақ) – атмосфера ылғалдылығы жеткіліксіз жағдайда қалыптасқан климат.

Ассимиляция (латынша *assimilatio* – ұқсасу, сіңісу, сіңу) – бір этностың өзге этнос тілін, мәдениетін, әдет-ғұрпын меңгеріп, құрамына сіңісіп кетуі.

Арыс – бірнеше рудың бірлестігі.

Аруақ – дәстүрлі қазақы наным-сенім бойынша, о дүниелік болғандарының тіршіліктегі жақын адамдарды желеп-жебеп жүретін рухы, жаны.

Ата-баба – туыстық-рулық қатынастардың іргелі принциптері мен нормалары бойынша белгілі бір тайпалық құрылымға кіретін жеті аталық рулардың ортақ ата тектерінің атауы.

Атабек – хандық басқару жүйесіне негізделген билік құрылымындағы лауазымды тұлға, сонымен қатар хан, сұлтандардың ұлдарына әскери өнерді үйретуші.

Атамекен – жетіаталық рулық-қауымдық территория.

Ауыл – көшпелілердің қоныстану жүйесі.

– Ә –

Әдет-ғұрып – адамдардың белгілі бір жағдайларға байланысты қайталанып отыратын үйреншікті мінез-құлықтық іс-қимылдары. Оларға көпшілікке ортақ еңбек ету әдістері, тұрмысқа және отбасыға байланысты адамдар арақатысының сол қоғамда кең тараған түрлері және діни салттар, тайпа, тап, халық өмірінің ерекшеліктерін бейнелейтін және қайталанып отыратын әрекеттер жатады.

Әкімшілік – іске нақты басшылықтың орнына бұйрықшыл-жарлықшыл әдісті қолданушылық.

Әлем – материалды дүние, материалды объектілер, сапалық жағынан әр түрлі болып келетін материя формаларының толық жиынтығы.

Әлеуметтік құрылым – қоғамдық еңбек бөлінісіне, өндіріс күштерінің және өндірістік қатынастардың деңгейіне байланысты қалыптасқан қауымдардың тұтастығы және олардың өзара тұрақты қатынастары.

Әмір – шығыс елдеріндегі әскербасылық атақ.

Әулет – бір атадан тараған ұрпақтар, үрім-бұтақ, тұқым. Әулие – ерекше дін жолына кіршіксіз берілгендігімен халық сеніміне ие болған қасиетті тұлға.

– Б –

Баб – ислам дінінің уағыздаушы сақабалардың атағы.

Баба – арғы ата, ұлы ата.

Бай – дәстүрлі қазақ қоғамындағы дәулетті – әлеуметтік топ.

Баксы – «аруақ қону» арқылы адамдар әлемін рухтар мен жындар әлемімен байланыстырушы, науқастарды емдеуші тұлғамен байланысты қолданылатын ұғым.

Бақташылық – малшылық кәсіптің жалпы атауы, малды бағу, қарау деген сөзден шыққан.

Балбал – бабалар құрметіне қабір басына қойылатын мүсін тас.

Батыр – әскери өнерді жақсы меңгерген, жаужүрек ерлігімен аты шыққан, қаһарман адамға берілетін құрметті атақ.

Бәдіз – Орхон-Енисей жазулары бойынша мүсін тас атауы.

Бедел – адамның жалпы жұрт таныған қадір-қасиеті, ықпалы, көзқарастар жүйесі немесе белгілі бір қасиеттеріне, сіңірген еңбегіне көрсетілген лайықты құрмет.

Би – дәстүрлі қазақ қоғамындағы саяси-әлеуметтік жүйесіндегі демократиялық биліктің иесі.

Босқын – аштықтан, қуғын-сүргіннен қашып көшу, қашқан ел.

Бөрі – ежелгі түркі қағандарының дербес жасағына берілетін атақ.

Бөрінің қаншығы алғашқы түркілердің анасы болған, сондықтан да олар оның бейнесін байрағына рәміз еткен.

Буддизм – Будда дінін жақтаушы, қолдаушы.

– В –

Вақф – мешіттер мен медреселердің жер иелігі.

Вассал – ортағасырлардағы өзінен гөрі ірі феодалға тәуелді жер иеленуші феодал.

– Г –

Генезис (грекше genesis – пайда болу, қалыптасу) – дамушы құбылыстың, нәрсенің, болмыс-бітімдерінің бастапқы кезеңі, шығу тарихы, қалыптасу сатылары.

Генеология – туысқандық қатынастарға негізделген, шыққан арғы тектен бастау алатын ұрпақтар сабақтастығын білдіретін ұғым.

Генофонд – нақтылы бір этностық немесе өркениеттің, адамзаттың жалпы мәдени қазыналар қорына қосқан құндылықтарының жиынтығы.

Гипотеза – ой қорыту жүйесі, сол арқылы бірқатар фактілер негізінде объектінің, байланыстың немесе құбылыс себептерінің болуы туралы тұжырым жасайды.

Глоссарий – терминдермен айтылған ойлардың түсіндірме сөздігі.

– F –

Ғарыш – аспан әлемі, біртұтас әлем.

Ғылым – табиғат, қоғам және ой жүйесі туралы жаңа білімдер жасауға бағытталған және оның барлық шарттары мен сәттерін түгел қамтитын зерттеу қызметінің саласы.

Ғылыми болжам – теориялық және тәжірибелік деректерді тұжырымдауға және дамудың объективті заңдылықтарына сүйене отырып, табиғат пен қоғамның, зерттелмеген немесе тәжірибеде әлі де болса анықталмаған құбылыстарын болжау.

– D –

Дағды – ұзақ уақыт қайталаудың нәтижесінде машықтанатын іс-қимылдар.

Дала өркениеті – түркі тектес халықтардың, соның ішінде қазақтардың материалдық және рухани құндылықтарының даму сатысы.

Даму – мәңгі, қажетті қозғалыс, уақыттағы өзгеріс.

Даруғ – ханның қаладағы мирасқор әкімі.

Дәріс – белгілі бір тақырып бойынша материалдарды баяндау. Жоғары оқу орындарында жаңа білімді хабарлаудың алдыңғы қатарлы әдісі.

Дәстүр – тарих барысында қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отыратын әдет-ғұрыптар, салт-сана, қоғамдық тәртіп, заң, мұрат пен игілік, мінез-құлық қалыптары және т.б., қоғамда, ұлтта немесе жекелеген әлеуметтік топтарда ұзақ уақыт бойы сақталатын әлеуметтік-мәдени мұра элементтері.

Дешті Қыпшақ – Қыпшақ даласы, XI-XVI ғасырларда қолданылған географиялық ұғым.

Диаспора (грекше *diaspora* – таралу) – күштеп көшіру арқылы, түрлі саяси-әлеуметтік жағдайға душар болған, басқа елдердің ортасына барып паналаған этностардың шашыранды топтары.

Дуана (парсыша диуанә – ақылсыз, есалаң) – пәни дүниеден баз кешкен, Құдайға құлшылық жасап, ел кезіп, ешқандай дүние-мүлік иеленбей өмір сүруге бекінген тақуа адам.

Дін (арабша – сенім, наным, илану) – дүниетаным, дүниені қабылдау, сондай-ақ Аллаға немесе Жаратушыға сену.

– Е –

Ел – көне түркі тілінде халық сөзінің синонимі ретінде қолданылған атау.

Елбөрлі – қыпшақ бірлестігіндегі тайпа.

Елтебер – Түркі қағанаты тұсындағы дәрежелі әскери-әкімшілік шеннің ең төменгі лауазымы.

Ер – жаужүрек батыр, қаһарман.

Ереже – белгілі бір заңдылыққа негізделген жазбаша тәртіп, қағида.

– Ж –

Жабғу – Түркі қағанаты тұсындағы дәрежелі әскери-әкімшілік қызмет сатысы жүйесіндегі қаған мен ұлықтан кейінгі лауазым.

Жазба – ертедегі бір елдің не көне дәуірдің графикалық (тас не қағазға жазылған) жазулары.

Жайлау – жазда жайылатын, биік таудағы не шүйгін шөпті жазықтағы мал жайылымы.

Жәдігер – ертеден қалған мұра, ескерткіш.

Жеке адамға табыну – белгілі бір қайраткердің беделіне көзсіз басу, оның сіңірген еңбегін әсірелеп көрсету, тарихи тұлғаны әулиеге теңеу.

Жүз – бірнеше ұлыстың тайпалар одағы негізінде бірігуі.

Жүйе – өзара қатынастар мен байланыстарда болатын, белгілі бір тұтастықты, бірлікті құрайтын элементтер жиынтығы.

Жылнама – халықтың, мемлекеттің, қаланың т.б. жылма-жыл жазылған тарихи шежіресі.

– З –

Заң – құбылыстардың жүйелі түрде өзгеруіне себепші болатын оның ішкі, мәнді және тұрақты байланысы.

Зат – материалдық дүниенің біршама дербес тіршілік ететін бөлігі.

Зекет – ғаріп жандарға тарату үшін арнайы жиналатын салық.

Зооморфтық үлгі – жануар сұлбасының бейнеленуі.
Зороастризм – ертедегі парсы және шығыс халықтарының дуалистік діні.

– И –

Идол (грекше eidolon – бейне) – әр түрлі материалдардан жасалған мифологиялық немесе эпикалық кейіпкер.

Иерархия (грекше hierarchia – қасиетті және билік) – тігінен алғанда жеке деңгейлер араларындағы тәртіптілікпен, жүйелілікпен және өзара іс-қимылмен, байланыстармен сипатталатын көп қатпарлы күрделі системалардың құрылымдық қатынастар типі.

Иқта – мұсылмандық құқықтағы тиісті салықтарды мемлекетке төлеу шартымен жатқан жерлерді пайдалануға беру тәртібі.

Имам – мешітті басқаратын және намаз оқығанда алда тұратын дін басшысы.

Ислам (арабша – момындық, бағыныштылық) – құдайға құлшылық ету – дүниежүзіне кең тараған діни сенімдердің бір түрі. Исламның діни ілімі мұсылмандардың қасиетті кітабы «Құранда» бяндалған.

– К –

Кешіктен – ханның жеке басын қорғайтын жасауыл.

Классификация – бөлудің әлдебір жиынтығы болып табылатын ұғым аумағын бөлудің логикалық операциясы, қолданудың ерекше көрінісі.

Көктеу – көктемде қоныстайтын аймақ, көктемгі жайылым.

Көк бөрі – ежелгі түрік тайпасының тотемі.

Көші-қон – адамдардың тұрғылықты мекенінен әр түрлі себептермен басқа жерге қоныс аударуы, көшіп-қонуы.

Көшпелілік – көшпелі халықтардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық даму жүйесі, шараушылық-мәдени типі.

Кредит (ағылшынша credit, credit-hour – кредит, өлшем) – тыңдаушының, оқытушының оқу жұмысы көлемінің өлшем бірлігі. Бір кредит академиялық кезең жұмысындағы тыңдаушының апталық аудиторлық жұмысының академиялық сағатына тән.

Кундар, командар – венгр тіліндегі қыпшақ атауы.

Күнби – үйсіндер мемлекеті билеушісінің лауазымы.

– Қ –

Қабілет – адам психикасының өмір сүруінің ішкі шарттары мен тәсілдері.

Қаған – ерте түркі мемлекеттерінің басшысы.

Қарақытай – моңғол тектес қидандардың атауы.

Қара бодандар – Түркі қағанатындағы қарапайым халық.

Қарама-қарсылық – қайшылықтың даму сатыларының бірін білдіретін категория.

Қауым – алғашқы қауымдық құрылыстың негізгі экономикалық ұясы.

Қоғам – адамдар арасында тарихи қалыптасқан саяси-әлеуметтік байланыстар мен қатынастардың тұрақты жүйесі.

Қоғамдық қатынастар – адамдардың бірлескен практикалық және рухани қызметі үдерісінде олардың арасында қалыптасатын қатынастар.

Қонтайшы – Жоңғар хандығындағы ең жоғарғы билеуші, хан.

Қорқыт – қазақ топырағында дүниеге келген, барлық түркі халықтарына ортақ ойшыл, жырау.

Құдай – діни ілімдер мен түсініктерде аса құдіретті, табиғаттан тыс, бүкіл әлемді жаратушы және басқарушы күш.

Құран – мұсылмандардың негізгі қасиетті кітабы.

Құрылтай – Шыңғысхан әулетінің басшылығымен өтіп тұрған моңғол аксүйектерінің кеңесі.

– М –

Магистрантқа арналған пәннің бағдарламасы (Syllabus) – әрбір сабақтың тақырыбы және ұзақтылығы көрсетілген әр пәннің оқыту бағдарламасы. Магистранттардың оқу жетістіктерін бақылау – әр түрлі бақылау тапсырмаларының (жазбаша жұмыстар, тестілер, практикалық жұмыстар, ауызша сауал және т.б.) негізінде нақты пән бойынша магистранттың білім жетістіктерін тексеру; ол өз кезеңінде ағымдық, аралық және қорытынды бақылауға бөлінеді.

Магистранттардың өзіндік жұмысы (МӨЖ) – оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етілген, тест, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар мен есептер түрінде бақыланатын өзіндік жұмысқа берілген белгілі бір тақырыптар тізімі бойынша жұмыс.

Магия, сиқыр (грекше *mageia* – сиқыршылық) – алғашқы дін формаларының бірі, ол көптеген түсініксіз сиқыршылық құбылыстарды жұмбақ күштердің әсеріне жатқызуға негізделген және адамдарға, жануарларға, қиялдағы рухтарға және т.б. әсер ету мақсатын көздейтін салт-жоралардың жиынтығы.

Мақсат – белгілі бір межеге қол жеткізуге бағытталған әрекеттің ой-санадағы көрінісі.

Материалдық мәдениет – біртұтас адамзаттық мәдениеттің бір бөлігі, адам қызметінің нәтижесі болып табылатын материалдық құндылықтардың барлық түрі.

Мауереннахр – Әмудария өзенінің оң жақ жағалауындағы жердің аты.

Мәдениет – адамзаттың болмыс пен сананың барлық салаларындағы әлеуметтік-прогрестік шығармашылық қызметі; бұл қызмет заттандыру (белгі жүйелерін және т.б. жасау) және затсыздандыру (мәдени мұраны меңгеру) үдерістерінің диалектикалық бірлігі болып табылады, өмір шындығын өзгертуге, адамзат тарихының байлығын жеке адамның ішкі байлығына айналдыруға, адамның мәндік күшін барынша айқындап, дамытуға бағытталады.

Мемлекет – қоғамды басқарудың, оның экономикалық және әлеуметтік құрылымын қорғауды іс жүзіне асырушы қоғамның саяси жүйесінің негізгі институты.

Миграция – бір жерден екінші жерге қоныс аудару.

Миф – тарихтың ертедегі кезеңдерінде туған хикаялар: олардағы қияли бейнелер (аңызға айналған батырлар, оқиғалар және с.с.) табиғат пен қоғамның түрліше құбылыстарын жалпылай түсіндіруге әрекет жасаудан келіп туған.

Міндетті компонент (Core Subjects) – оқу бағдарламасы бойынша магистранттардың міндетті түрде оқитын пәндері.

Монотеизм – бір құдай: бір құдайға құлшылық ету.

– Н –

Нақтылық – көпжақтылық, күрделілік, дамығандық, тұтастық.

Наным – субъектінің жағдайы, ол жеке адамның рухани дүниесімен тығыз байланысты болады, идеяларда бейнеленетін, объект туралы белгілі бір ақпарат хабарының негізінде пайда болады, басқа да сезімдермен қатар наным сезімімен қосарласып, адам қызметінің мотиві, стимулы, мақсаты және бағдары болып табылады.

Негіз – белгілі бір құбылыстың, нәтиженің өмір сүруіне және оны айқындауға алғышарт жасайтын қажетті жағдай.

Несториандық – христиан дінінің ағымы.

– О –

Оба – тастан қалаған, топырақтан үйіп жасалған төбешік, қорым, меже, белгі.

Оқытудың кредиттік жүйесі – оқу үдерісін регламенттеу және білім көлемін кредит түрінде есепке алу шегінде білім траекториясын таңдау, жекелендіру негізінде өз бетінше білім алуды жоғарылату және білімді шығармашылық түрде игеруге бағытталған білім беру жүйесі.

Оқытушының жетекшілігімен жүзеге асырылатын магистранттың өзіндік жұмысы (ОМӨЖ) (Office Hours) – оқу кестесінде көрсетілген және оқытушының педагогикалық жүктемесіне кіретін оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін магистранттың аудиториядан тыс жұмысы.

Орхон-Енисей жазбалары – VI-VII ғасырларда түркі тайпалары қолданған руналық жазбалар. Скандинавия халықтарының тілінде «рунь» сөзі «сыры ашылмаған», «құпия» деген мағына білдіреді.

Отан – туған ел, атамекен.

Отбасы – әлеуметтік қауымдастықтың түрі, ерлі-зайыпты одаққа және туыстық байланыстарға, яғни ері мен әйелінің, ата-аналар мен балалардың, аға-інілер мен апа-қарындастардың және бірге тұрып, ортақ шаруашылық жүргізетін туыстардың арасындағы сан алуан қатынастарға негізделген жеке тұрмысты ұйымдастырудың маңызды формасы.

– Ө –

Өмір – материя қозғалысының формасы.

Өнер – қоғамдық сана мен қызметінің өзгеше формасы, көркем тұлға арқылы берілетін шындықтың бейнесі, дүниені эстетикалық игерудің аса маңызды тәсілі.

Өркениет (латынша *civiles* – азаматтық) – қоғамның материалдық және рухани жетістіктерінің жиынтығы.

Оту балы (Grade Point Average – GPA) – таңдап алынған бағдарлама бойынша магистранттың оқу жетістіктері деңгейінің орташа бағасы (кредиттердің қорытынды бақылау балдарының сандық эквивалентіне көбейтінділері жиынтығының ағымдағы оқу кезеңіндегі жалпы кредит санына қатынасы).

– П –

Парадрайа – теңіздің арғы жағын мекендейтін сақтар.

Патриархат – алғашқы қауымдық құрылыстың рулық ұйымының формасы; ол қоғамдық өндірісте басқару істері мен оның мүшелері арасындағы қатынастарды реттеуде ерлердің маңызды рөл атқаруымен сипатталады.

Патронимия – ата баласы.

Петроглифтер – жартастарға қашалып салынған суреттер.

Полиитеизм (грекше poly – көп, theos – құдай) – көп құдайшылық: бірнеше құдайға құлшылық ету.

Пререквизиттер, постреквизитте (Prerequisite, Postrequisite) – берілген пәнге дейін және пәннен кейін игерілуге міндетті пәндер.

– P –

Рабад – ортағасырлық қаланың қарапайым халық тұратын шетіндегі абатты мекенжай.

Реализм (латынша realis – нағыз, заттай) – өнердің объективті және танымдық, эстетикалық табиғатын жүзеге асыра алатын көркемдік әдістердің бірі.

Резиденция – мемлекет басшысының, үкіметтің, оның басшысының немесе жоғары лауазым иесінің тұрақты орны.

Ритуал – әлеуметтік реттелген, рәмізделген жүріс-тұрыстың тарихи қалыптасқан бітімі.

Ру – қаны бір, туыстық байланыстармен топтасқан алғашқы қауым – алғашқы қауымның экономикалық қатынасының барысында қалыптасқан адамдар бірлестігінің түрі.

Ру-тайпалар одағы – биліктің потестарлық қызметіне және мемлекеттіліктің алғашқы формасына негізделген генеалогиялық түбі бір тайпалар бірлестігі.

Рубасы – ру билігін жүргізетін адам.

Руна жазуы – түркілердің көне жазуы.

Рух – табиғи материалдық бастамадан өзгеше, затсыз, идеалды бастаманы білдіретін ұғым.

– C –

Сабақтастық – жалпылық байланыс пен дамудың арақатынасын бейнелейтін материалистік ұғым.

Салт – тұрақтылық қасиетіне ие болған мәдени іс-әрекеттер дәстүрі.

Сана-сезім (латынша cum scientia – санамен бірге) – объективті шындықты бейнелеудің адамға ғана тән жоғарғы формасы, оның дүниеге және өзіне адамдардың қоғамдық-тарихи қызметінің жалпыға бірдей формаларының жанама түрдегі қатынасының тәсілі.

Семантика (грекше semanticos – белгілеуші, білдіруші) – семиотиканың түрлі белгілік формалардың мәні мен мағынасын зерттеуге арналған бөлігі.

Семиотика (грекше semeion – белгі) – белгімен хабарлаудың ең қарапайым жүйесінен тілдерге және ғылымның формалданған тілдеріне дейінгі белгілік жүйелерді салыстырып зерттеумен айналысатын пән. Белгілік жүйелердің негізгі қызметтері: а) хабарларды жеткізу және мәнді білдіру қызметі; б) тілдік қатынас қызметі, яғни тыңдаушының берілген хабарды түсінуін қамтамасыз ету, сонымен бірге іске даярлау, оған эмоциялық әсер ету және т.б.

Сенім – білімге негізделмесе де белгілі бір құбылыстың ақиқаттығына илану.

Синкретизм (грекше synkretismos – біріктіру) – қандай да болсын құбылыстың жетілмеген, дамымаған, өзара жіктеле қоймаған бастапқы күйін білдіретін ұғым.

Сұлтан – билеуші, әмірші.

– Т –

Табиғат – адам санасынан тыс өмір сүретін бізді қоршаған материалды дүние.

Табу – діни негіздегі белгілі бір сөз, іс, зат атын атауға салынған тыйым.

Тағдыр – адам ғұмырындағы барлық жағдайларды алдын ала пешенесіне жазып қоятын табиғаттан тыс күш туралы діни мистикалық түсінікті білдіретін ұғым.

Тайпа – алғашқы қауымдық құрылысқа тән адамдар бірлігінің формасы. Ол рулық қатынастарға негізделді, яғни оның мүшелері қандас туыстардан тұрды, рулар мен аталарға бөлінді.

Талас жазуы – VIII ғасырда Талас өзені бойынан табылған түркі тайпаларының көне жазба мұрасы.

Талисман (грекше telesma – арнаулы, арбаулы) – көне сенім бойынша иесіне бақ-дәулет әкеліп, жамандықтан қорғайды деп сенетін зат, бұйым.

Таным – іс-әрекетінің адам мақсаттары мен ұмтылыстарының негізі болатын білімін қалыптастырушы, шығармашылық қызметінің қоғамдық-тарихи үдерісі.

Таптар – адамдардың қоғамдық өндірістің тарихи белгілі бір жүйесіне алатын орнына қарай, өндіріс құрал-жабдықтарының қатынасына қарай, еңбекті қоғамдық жолмен ұйымдастырудағы рөліне қарай, демек, қоғамдық байлықтан алып отырған үлесінің мөлшеріне және ол үлесті бөлу әдістеріне қарай жіктелетін үлкен топтары.

Тарихтың объективті факторы – адамдардан тәуелсіз және олардың қызметінің бағыты мен ауқымын көрсететін шарттар.

Тарихтың субъективті факторы – бұқараның, топтардың, мемлекеттің, жеке адамдардың белгілі бір мақсатқа бағытталған іс-әрекеттері, олардың санасы, еркі, іс-қимылға бейімділігі және т.с.с. жатады.

Тәңірі (көне түркі – мықты, ер, күдіретті) – көне түркілердің діни наным-сеніміндегі тұлғаланбаған, шексіздік күйі есебіндегі аспанмен теңдестірілген басты Жаратушы бейнесі.

Тегін – хан ұрпағы.

Теле – көптеген түркі тілдес тайпалардың ортақ атауы.

Теория – өзінің объектісін құрастырып отырған белгілі бір жиынтықтың қызметін сипаттайтын, түсіндіретін және болжайтын, шындықтың қандай да болмасын «фрагменті» жөніндегі нақты білімді жинақтап қорытындылайтын жүйе.

Тепе-тең ақиқат пікірлер – ақиқаттың кез келген мәндерінде ақиқат болатын қисындама пікірлер, өрнектер немесе формулалар.

Тепе-теңдік – заттың, құбылыстың өзара біркелкі, тең дәрежелі болуын немесе бірнеше заттың деңгейлес екендігін өрнектейтін категория.

Тонькөк тас жазуы – Орхон-Енисей жазба ескерткіштері құрамына енетін VIII ғасырдағы түркі тайпаларының көне жазба мұрасы.

Тоталитаризм – зорлық-зомбылық пен қоқан-лоққыны негізіне алған саяси үстемдік жүйесі.

Тотемизм – алғашқы қауымдық қоғам дінінің ерте кезгі формаларының бірі. Оның негізі – қандайда болсын адамдар тобының белгілі бір жануарлар, өсімдіктер, заттар немесе құбылыстардың ерекше қасиетіне нану.

Тұрмыс – қоғам өмірінің адам өзін ұлғаймалы өндіруімен тікелей байланысты негізгі аяларының бірі, оның тамақ, киім, тұрғын үй, демалу, көңіл көтеру, денсаулығын сақтау сияқты жақтарын қанағаттандыратын материалдық және мәдени орта.

Тіршілік – өзгермелі заттардың өзара байланыстары мен әрекеттерінің алуан түрлілігі.

– У –

Уәлаят – аймақтық-әкімшілік бөлік.

Уәзір – хан кеңесшісі.

– Ұ –

Ұғым – дүниені танып-білу сатысындағы белгілі бір тұтастықта құрастырылып отырған заттың мәнін оның қалыптасу тәсілін анықтау арқылы олардың теориялық танымның формасы.

Ұлық – жоғары мәртебелі әкім, төре.

Ұлыс – тайпалық қатынастардың ыдырау барысында тарихи қалыптасқан рулық бірлестік, әулет.

Ұмай ана – ежелгі түркі тайпасының діни сеніміндегі Құдай бейнесіндегі әйел.

– Y –

Үлгерімді аралық бақылау (Midterm Examination) – бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес өткізілетін магистранттың оқу жетістіктерін мерзімдік тексеру.

Үлгерімділікті ағымдағы бақылау – оқу пәнінің әрбір тақырыбы немесе әрбір тарауы бойынша оқу пәнінің оқытушысы жүзеге асыратын тыңдаушының оқу жетістіктерін жүйелі тексеру.

– Ф –

Фетишизм (французша *fetiche* – тұмар, қасиетті күш бар зат) – әр затқа тән ерекше әлеуметтік сипат беретін, ал мәдени даму барысында пайда болатын қасиеттерді табиғи нәрселер болып табылатын қоғамдық қатынас және соған сәйкес келетін көзқарастар.

Фольклор (латынша *folk* – халық, *lore* – ілім) – халық арасында кең таралған ауызша шығармашылығы үлгілерінің жалпы атауы; ауыз әдебиеті (аңыз-ертегілер, мақал-мәтелдер, өлең-жырлар, әдет-ғұрыптар және т.б.).

– X –

Халық – белгілі бір елді, мемлекетті мекендейтін адамдардың жалпы жиыны; ел-жұрт, көпшілік, бұқара.

Хан – феодалдық дәуірдегі кейбір түркі және моңғол мемлекеттері билеушісінің лауазымы.

Хандық – белгілі бір аумақты билеген ханның қол астындағы мемлекеттік бірлестік.

Харадж – феодалдық рента, өңделетін жерге салынатын салық.

Хаумаварга – хаома сусынын дайындаушы сақтар.

Хижра – мұсылман дінін ұстанатын елдердегі жыл санау жүйесінің басталар күні.

– Ц –

Цитадель – ортағасырлық қалалардың бекініс құрылыстарымен қоршалған орталық әкімшілік бөлігі.

– Ш –

Шад – Түркі қағанаты ақсүйектеріне берілетін лауазым.

Шаманизм – бақсылық, бақсыға табыну.

Шаньюй – ғұн тайпаларының билеушісі.

Шахристан – ортағасырлық қалалардағы қолөнершілер, саудагерлер мен жасақшылар мекені.

Шерби – ұлыстардың ішкі мәселесін шешетін адамның лауазымы.

– Э –

Эмиграция – саяси не экономикалық тағы басқа себептермен өз отанынан басқа мемлекетке ерікті түрде немесе шарасыздан қоныс аудару ісі.

Эпос – көркем әдебиеттің байырғы, негізгі тектерінің бірі, дәлірек айтқанда, өмір шындығын мейлінше мол қамтып, кең суреттейтін, адам мінезін мүмкіндігінше терең ашып, жан-жақты танытатын іргелі еңбек.

Этнография – дүниежүзіндегі халықтардың пайда болу мәселесін, мекен-жайын, тұрмыстық және мәдени ерекшеліктерін зерттейтін ғылым.

Этникалық азшылдық – мемлекеттік құрылымдары жоқ, демографиялық потенциялы нашар, саны аз халық. 50 мыңға дейінгі саны бар аз этнос.

Этникалық сепарация – негізгі этностан, әдетте, оның шағын бөлігі бөлініп шығады, ол бөлік уақыт өте жеке тәуелсіз этносқа айналады.

Этникалық парпарация этнос азды-көпті бірнеше бөлімдерге бөлінеді, сонымен бірге жаңа этностардың бірде-бірі өзін бұрынғы этноспен бірдей деп санамайды.

ЭӘҰ – этноәлеуметтік ұжым.

Этнос – белгілі аумақта тарихи қалыптасқан, тілінде, мәдениетінде, психикасында, сана-сезімінде тұрақты ерекшеліктері бар адамдар жиынтығы.

Этногенез – этностың пайда болуымен дамуы, құлдырауы.

Этнографиялық дерек және тікелей бақылау әдісі

			Далалық күнделік		
			Далалық дәптер		
			Құжаттық деректермен жұмыс дәптері		
	Бақылау		Фототоптама және фотокүнделіктер		
Далалық этнография нысаны	Информантпен жұмыс	Қағазға түсіру	Кино/видео фильмдер	«Этнографиялық мәтін»	Этнографиялық дерек
	Құжаттық деректермен жұмыс		Фонотека		
			Суреттер, жоспарлар, сызбалар, көшірмелер, кестелер		
			Этнографиялықтоптама және далалық топтамалық тізім		


Энографияның этнологиядан айырмашылығы

	Термин	
	Этнография	Этнология
Нені оқытады?	Халықтар, этностық қауымдастықтардың пайда болуы (этногенез) құрамы, орналасу аймағы, материалдық және рухани мәдениеті. Сонымен қатар жүріс-тұрысындағы ерекшелігі мен психологиясын зерттейді.	Этикалық жүйенің қарым-қатынасын, атқаратын қызметінің заңдылықтарын. Этностың материалдық және рухани мәдениетін этникалық үрдістерді.
Атқаратын міндеті:	Халықтар мен этностардың топтасуы мен арақашықтық сақтауын; – халықтардың салыстырмалы сипаттамасын; – этникалық үрдістерге талдау жасау; – сақталып қалған архаикалық құбылыстарды тіркеумен айналысады.	Практикалық маңызы бар нақты ғылыми міндеттерді шешумен, қоғамның эмоционалдық саласы жайлы білімен ұлғайту.
Объекті	ХАЛЫҚ ПЕН ЭТНОС	ХАЛЫҚ ПЕН ЭТНОС
Оқу пәні:	Халықтар арасындағы ұқсастықтар; Олардың этникалық бет-пішіні; Өзіне тән ерекшелікті Қазіргі заманғы этникалық үрдісті зерттеу Әлем халықтарына тән мінезін айқындау.	Этностың пайда болуы, негізгі ерекшелік пен қасиетін айқындау; Халықтардың әлеуметтік және саяси құрылымы; Әр түрлі халықтарға тән, мінез-құлық жүйесі; Әр түрлі халықтардың өзіне тән психологиялық ерекшелігі.

ҒАЛЫМДАР



**Иоганн Якоб Бахофен
(1815-1887)**




**Льюис Генри Морган
(1818-1881)**



**Мұса Шорманов
(1818-1883)**



**Герберт Спенсер
(1820-1903)**



**Адольф Бастиан
(1826-1905)**



**Джон Фергюсон Мак-Леннан
(1827-1881)**



**Эдуард Бернетт Тайлор
(1832-1917)**



**Мұхаммед-Салық Бабажанов
(1834-1871)**



**Джон Лаббок
(1834-1913)**



**Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов
(1835-1865)**




Ыбырай Алтынсарин
(1841-1889)




Фридрих Ратцель
(1844-1904)



Әбубәкір Ахметжанұлы Диваев
(1856-1932)



Эмиль Дюркгейм
(1858-1917)



Шәкәрім Құдайбердиев
(1858-1931)



Әлихан Бөкейханов
(1866-1937)




Вильгельм Шмидт
(1868-1954)



Жақып Ақбаев
(1876-1934)



Ахмет Байтұрсынов
(1873-1937)



Роберт Фриц Гребнер
(1877-1934)



Бронислав Малиновский
(1884-1942)



Мыржақып Дулатов
(1885-1935)



**Санжар Асфендияров
(1889-1938)**



**Әлімхан Ермеков
(1891-1970)**



**Мағжан Жұмабаев
(1893-1938)**



**Қошмұхамбет Кеменгіров
(1896-1937)**



**Әлкей Хақанұлы Марғұлан
(1904-1985)**



**Халел Арғынбаев
(1824-1998)**

Этнологиялық экспедиция кезіндегі Қызылорда қаласындағы Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің фото жәдігерлері



1-сурет. Әйкел



2-сурет. Үкіаяқ



3-сурет. Алқа



4-сурет. Маңдайша



5-сурет. Тұмарша



6-сурет. Мойын әшекейі



7-сурет. Гигиеналық жинақ



8-сурет. Алқаның бір бөлігі



9-сурет. Сақина



10-сурет. Зергерлік жинақ. Сақина мен алқа

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	3
I бөлім. ЭТНОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ	6
1.1. Этнологияның зерттеу әдістері пәні, оның міндеті мен мақсаты, зерттеу объектісі.....	6
1.2. Этнологиялық пәнаралық зерттеу әдістері.....	9
1.3. Эмпирикалық мәліметтерді сараптау әдісі.....	11
1.4. Теориялық және қолданбалы этнологиялық зерттеулердің әдістері.....	16
1.5. Этнологияда әлеуметтік зерттеу әдістерінің қолданылуы.....	25
II бөлім. ҚАЗАҚТАН ШЫҚҚАН АЛҒАШҚЫ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ	35
2.1. Қазақтың алғашқы этнографтарының зерттеулері.....	35
2.2. XX ғасырдағы Қазақстан жерінде этнография мектебінің қалыптасуы және олардың этнографиялық зерттеу әдістерін қолдануы.....	42
III бөлім. ЭТНОЛОГИЯНЫҢ ҒЫЛЫМИ ӘДІСТЕР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ДАЛАЛЫҚ ЭТНОГРАФИЯСЫ	54
3.1. Далалық этнография нысаны.....	54
3.2. Далалық этнография және этнографиялық дерек.....	56
3.3. Далалық этнографиялық экспедицияны ұйымдастыру негіздері.....	57
3.4. Далалық этнографиялық зерттеудегі таңдау тәсілі.....	58
IV бөлім. ДАЛАЛЫҚ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯЛАРДЫ ҒЫЛЫМИ ЖАБДЫҚТАУ	62
4.1. Ұйымдастыру негіздерін жасау. Экспедициялық бағдарлама.....	62
4.2. Этнографиялық экспедицияның материалдық жабдықталуы.....	64

4.3. Тікелей бақылау әдісі	69
4.4. Далалық этнографияның жергілікті ұлт өкілдерімен қарым-қатынасты зерттеудің әдістемелік нұсқауы	73
4.5. Этнографиялық зерттеудің әдістемелік негіздері	77

V бөлім. ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДІ ӨНДЕУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ САҚТАУ ӘДІСТЕРІ.....	82
5.1. Этнографиялық есеп және оның құрылымы	82
5.2. Жиналған мәліметтерді мазмұндау ұстанымдары (маршруттық, тақырыптық, монографиялық)	84
5.3. Түрлі деректерге анализ жасау тәжірибесі	86
5.4. Әшекей бұйымдар бойынша деректерді жинау әдістері	89
5.5. Қолданбалы-сәндік өнер материалдарын жинаудың тәсілдері	91
5.6. Киім мен зергерлік бұйымдар этнографиялық дерек ретінде	94
5.7. Отбасын зерттеудегі этнографиялық әдістер	100

VI бөлім. ЭТНОЛОГИЯНЫҢ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ БОЙЫНША БАҒДАРЛАМА.....	110
6.1. Этнологиялық зерттеулердің міндеттері мен мақсаттары	110
6.2. Негізгі әдістемелік ережелер.....	111
6.3. Далалық зерттеулер жүргізудің техникасы.....	111
6.4. Этнологиялық зерттеулерде материалдарды тіркеу	112
6.5. Этнологиялық материалдарды жинақтау	113

ҚОРЫТЫНДЫ.....	129
-----------------------	------------

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР	131
--	------------

ЭТНОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ МЕН ТАПСЫРМАЛАР.....	133
--	------------

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ	147
------------------------------------	------------

ГЛОССАРИЙ	154
------------------------	------------

ҚОСЫМШАЛАР	168
-------------------------	------------

Оқу басылымы

*Мейрманова Гулжан Асановна
Исаева Алия Исаевна*

ЭТНОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Оқу құралы

Редакторы *К. Мухадиева*
Компьютерде терген *Мұхаммед-Әли Боранбай*
Компьютерде беттеген және
мұқабасын безендірген *Ұ. Әбдіқайымова*

Мұқабаны безендіруде сурет
www.e.historu.kz сайтынан алынды

ИБ№10033

Басуға 22.09.2016 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84^{1/16}.
Көлемі 11,25 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс №4062
Таралымы 120 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.